

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ИМ. И. АЛТЫНСАРИНА

12 жылдық білім беру -летнее образование

Республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-талдамалық журнал
Республиканский научно-методический и информационно-аналитический журнал

3/2021

Нұр-Сұлтан
2021

**ҚР БҒМ Ұ.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ
АҚПАРАТТЫҚ-ТАЛДАМАЛЫҚ ЖУРНАЛЫ**

Басылымның кезеңділігі - жылына 4 рет шығады

Ұ.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының
президенті – **Бейсембаев Ғани Бектайұлы**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ

А.К. Мұхамедханова – т.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
редакция алқасының төрағасы;
Ж.А. Қараев – п.ғ.д., профессор;
М.А. Алпысбес – т.ғ.д., профессор;
К.Н. Булатбаева – п.ғ.д., профессор;
Ә.Т. Дүйсебек – х.ғ.к., доцент;
Б.Қ. Игенбаева – п.ғ.д., доцент;
З.Ә. Жумагулова – п.ғ.к.
Н.В. Чекалева – п.ғ.д., профессор (Ресей);
О.А. Мельник – п.ғ.к., профессор (Белоруссия);
Н.П. Балкунова – ф.ғ.к., жауапты редактор;
А.Н. Мукушева – ф.ғ.к., корректор

Материалдардың анықтығына авторлар жауапты болады.
Редакция материалдарды қабылдамауға құқылы.

**РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ И
ИНФОРМАЦИОННО-АНАЛИТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
Национальной академии образования
имени И. АЛТЫНСАРИНА МОН РК**

Периодичность издания – 4 номера в год

Президент Национальной академии образования
имени И. Алтынсарина – **Бейсембаев Гани Бектаевич**

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Мухамедханова А.К. – к.т.н., доцент, председатель редколлегии;

Караев Ж.А. – д.п.н., профессор;

Алпысбес М.А. – д.т.н., профессор;

Булатбаева К.Н. – д.п.н., профессор;

Дуйсебек А.Т. – к.х.н., доцент;

Игенбаева Б.К. – д.п.н., доцент;

Жумагулова З.А. – к.п.н.

Чекалева Н.В. – д.п.н., профессор (Россия);

Мельник О.А. – к.п.н., профессор (Беларусь);

Балкунова Н.П. – к.п.н., ответственный редактор;

Мукушева А.Н. – к.ф.н., корректор

Ответственность за достоверность материалов несут авторы.
Редакция оставляет за собой право отклонять материалы.

REPUBLICAN NEWS, ANALISYS, THEORY
AND METHODOLOGY JOURNAL
National Academy of Education named after Y.Altynsarin, MES RK

Frequency of publication – 4 issues per year

President of the National Academy of Education
named after Y. Altynsarin – **Gani Beissembaev**

EDITORIAL BOARD

- A. Mukhamedkhanova** - PhD., Associate Professor,
Chairman of the Editorial Board;
Zh. Karayev - Doctor of Pedagogical Sciences, Professor;
M. Alpysbes - Doctor of Technical Sciences, Professor;
K. Bulatbaeva - Doctor of Pedagogical Sciences, Professor;
A. Duysebek - Candidate of Chemical Sciences, Professor;
B. Igenbayeva - Doctor of Pedagogical Sciences, Professor;
Z. Zhumagulova - PhD.
N. Chekaleva - Doctor of Pedagogical Sciences, Professor (Russia);
O. Melnik - Ph.D., professor (Belarus);
N. Balkunova - Ph.D., executive editor;
A. Mukusheva - corrector

The authors are responsible for the accuracy of the materials.
The editorial board reserves the right to reject the materials.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

БІЛІМ БЕРУ САЯСАТЫ – ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПОЛИТИКА

Б.Ж. Жиентаева, Н.М. Иргезбаева Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық көзқарастары	8
---	---

ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ – ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ОБУЧЕНИЯ

А.Т. Қайыпбаева, А.Ж. Архыматаева Ыбырай Алтынсарин тағлымының тарихи білім берудегі маңыздылығы	12
Ғ.Ә. Мұқашева, А.Ж. Ракижанова А.К. Әубәкірова Қазіргі білім беру процесінде қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану	16
Р. Бағланова, Ж.К. Сағалиева Білім алушылардың экологиялық мәдениеті мен құзыреттілігін қалыптастыру	21
А.Демеуов, О.Мазбаев Обучающие познавательные возможности туристско-краеведческой деятельности	27
Г.И. Ауқенова, А.А. Бекмадиева География сабағында Блум таксономиясы мүмкіндіктерін қолдану	31
В.К. Сатпаева Программа развития школы	35

ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІС – НАУЧНЫЙ ПОИСК

С.К. Тарджибаева, З.Д. Баубекова, Э.К. Мухамеджанов Мектепте тамақтандыруды ұйымдастырудың халықаралық тәжірибесі және Қазақстанда жетілдіру жолдары	38
Э.К. Мухамеджанов, А.К. Кульназаров, С.К. Садықов Продукт Top energy для повышения работоспособности спортсменов	43

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІНЕН – ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ

Ж.Ш. Базарғалиева Белсенді оқыту әдістері арқылы оқушылардың сөйлеу әрекетін дамыту	50
Г.О. Камзинова Повышение эффективности учебного процесса, через активные и интерактивные методы обучения	54
Н.В. Хуснудинова Дидактическая роль музыкального фольклора	58
К.А. Резаева Аспекты спортивного бального танца	62
А.П. Зубкова Занятия по актерскому мастерству в театральной студии «Лимпопо»	65
Н.Т. Шаханова Бастауыш сыныпта жаңа технологияларды қолдану тиімділігі	69

ТӘРБИЕНІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ – ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ВОСПИТАНИЯ

Г.Д. Баубекова, Г. Елубаева Нравственное воспитание школьников на основе фольклорно-дидактической среды в педагогическом наследии И. Алтынсарина	73
---	----

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТАРИХЫНАН –
ИЗ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

Мектеп им Ы.Алтынсарина с.Аксу-Аюлы тарихы	78
--	----

PERSONALIA

И.П. Сергеева	97
Ф.М. Нұрбаева	98
БІЗДІҢ АВТОРЛАР – НАШИ АВТОРЫ	99
АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕ – ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ	100

«ОҚУСЫЗ БІЛІМ ЖОҚ, БІЛІМСІЗ КҮНІҢ ЖОҚ»

2021 жылы 2 қарашада қазақ халқының ұлы ғалымы Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толады. Ыбырай Алтынсариннің есімі ұлт мақтанышы болған тарихи тұлғалардың арасында құрметті орын алады. Ыбырай Алтынсариннің көп қырлы шығармашылық және әлеуметтік қызметі қазақ халқын прогрессивті әлемдік мәдениетпен таныстыруға, халықтар арасындағы достықты нығайтуға бағытталған.

Ыбырай Алтынсарин – этнограф, фольклортанушы, прозаик, ақын, қазақ жазба әдебиеті мен әдеби тілінің негізін қалаушы, орыс графикасына негізделген қазақ әліпбиін жасаушы, жас ұрпақты қалыптастыру мен тәрбиелеуде педагогика ғылымына, білім беру саласына зор үлес қосқан жан-жақты тұлға.

Ы.Алтынсарин бүкіл өмірін туған халқын ағартуға арнады, педагогикада жарқын із қалдырды. Ол: «Мектеп – қазақтардың білім алуының негізгі қайнар бұлағы, қазақ халқының болашағы», - деп жазды.

Ыбырай Алтынсаринді қазақ халқының «зайырлы білімінің» негізін қалаушы деуге болады. Ол тек бірінші орыс-қазақ зайырлы мемлекеттік мектептерінің ғана емес, сонымен қатар арнайы салалық кәсіптік мектептердің, кітапханалар мен басқа да мәдени-ағарту мекемелерінің негізін қалаушы және ұйымдастырушысы болды.

Ы.Алтынсарин жалпы білім беретін мектептерді ашты, ол мектептерге арнап балаларды оқыту мен тәрбиелеудің дидактикалық принциптерін жасады, оқу-әдістемелік құралдарын жасады, инспекторлық қадағалау жүргізді, жыл сайын әр мектепке барып, онда кітапхана құру туралы бастама көтерді.

1879 жылы «Қырғыз оқырманы» және «Орыс тілін қырғыздарға үйрету бойынша алғашқы нұсқаулық» атты екі оқулығы жарық көрді. Ы.Алтынсариннің екі кітабы да Қазақстан мәдениетінің тарихында жазба әдеби ескерткіштер, сондай-ақ ғылыми принципке негізделген оқу-әдістемелік құралдар ретінде ерекше орын алады.

Ыбырай Алтынсарин қазақ мектебіне озық тәжірибені енгізді, білім сапасын арттыруға бағытталған батыл идеяларды жүзеге асырды, мұғалімдер өз тәжірибесінде әдістемелік әдебиеттер мен педагогикалық журналдарды қолдануға міндетті деп санады.

Журналдың үшінші санында Ы.Алтынсариннің педагогикалық қызметіне, оның білім беру жүйесін дамытудағы бастамаларына арналған, көрнекті ағартушы, педагог, жазушы және қоғам қайраткерінің педагогтік жолы туралы мақалалар жарық көрді.

Нөмірде Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА қызметкерлерінің мақалалары мен Ы.Алтынсарин медалімен марапатталған мұғалімдердің мақалалары жарияланды.

Редактор



А.К. Мухамедханова

«ОҚУСЫЗ БІЛІМ ЖОҚ, БІЛІМСІЗ КҮНІҢ ЖОҚ»

2 ноября 2021 года исполняется 180 лет великому ученому казахского народа Ыбраю Алтынсарину. Имя Ыбрая Алтынсарина занимает почетное место в ряду имен исторических деятелей, составляющих национальную гордость казахского народа. Многогранная творческая и общественная деятельность Ыбрая Алтынсарина была направлена на приобщение казахского народа к прогрессивной мировой культуре, укреплению дружбы между народами.

Ыбрай Алтынсарин, многогранная личность, ученый-этнограф, фольклорист, прозаик, поэт, основоположник казахской письменной литературы и литературного языка, создатель казахского алфавита на основе русской графики, внес огромный вклад в педагогическую науку, развитие системы образования, в становление и воспитание молодого поколения.

Всю свою жизнь Ы.Алтынсарин посвятил просвещению родного народа, оставив яркий след в педагогике. Ибрай Алтынсарин приложил много усилий для просвещения казахов. «Школы – главные пружины образования казахов, в них же будущее казахского народа» – писал он.

По праву Ыбрая Алтынсарина можно назвать основоположником «светского образования» казахского народа. Он стал создателем и организатором не только первых русско-казахских светских народных школ, но и специальных отраслевых ремесленных училищ, библиотек и других культурно-просветительских учреждений.

Ы.Алтынсарин открывал народные школы, разрабатывал для них дидактические принципы обучения и воспитания детей, разработал учебно-методические пособия, регулярно осуществлял инспекторский надзор, ежегодно посещал каждую школу, инициировал создание библиотеки при каждой школе.

В 1879 году вышли в свет два учебных пособия «Киргизская хрестоматия», «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку». Обе книги Ы.Алтынсарина занимают особое место в истории культуры Казахстана как памятники письменной литературы, а также как учебные пособия, построенные по научному принципу.

Ыбрай Алтынсарин внедрял в казахскую школу лучшие практики, реализовывал смелые идеи, направленные на повышение качества образования, считал обязательным использование учителями в своей практике методической литературы и педагогических журналов.

Третий номер журнала включает статьи, посвященные Ы.Алтынсарину: педагогическая деятельность, его инициативы по развитию системы образования, путь выдающегося просветителя, педагога, писателя и общественного деятеля.

В выпуске опубликованы статьи работников НАО им. Алтынсарина, статьи учителей, награжденных медалью Ы.Алтынсарина.

Редактор

 А.К. Мухамедханова

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Б.Ж. Жиентаева¹, Н.М. Иргебаева²

¹п.ғ.к., доцент Тұран-Астана университеті, Нұр-Сұлтан қ-сы

²п.ғ.к., доцент Тұран-Астана университеті, Нұр-Сұлтан қ-сы

Аңдатпа. Мақалада И.Алтынсариннің педагогикалық мұрасының негізгі идеялары туралы айтылады. Алтынсариннің қазақстандық балаларға арналған оқулығындағы енгізілген материалдарды талдау «Қазақ антологиясына» енгізілген мәтіндердің танымдық, моральдық, этикалық сипаты туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Оқулықтағы кез келген шығарма адамгершілік, танымдық, дидактикалық бағытқа ие. Ыбырай Алтынсарин жастардың ұлттық тәрбиесінің қалыптасуы мен жетілдірілуі қазақ халқының білім саласындағы көп ғасырлық бай тәжірибесіне негізделуі керек деп есептейді.

Аннотация. В статье говорится о основных идеях педагогического наследия И.Алтынсарина. Анализ материалов, включенных в учебник Алтынсарина для казахстанских детей, позволяет сделать вывод о познавательном, нравственном, этическом характере включенным в «Казакскую антологию» текстов. Любое произведение, включенное в учебник, имеет моральную, познавательную, дидактическую направленность. Ибрай Алтынсарин утверждает, что формирование и совершенствование национального воспитания молодежи должно основываться на богатейшем многовековом опыте казахского народа в области образования.

Abstract. The article discusses the main ideas of Y.Altynsarin's pedagogical heritage. The "Kazakh Anthology" by Y.Altynsarin was carefully analyzed, the conclusion made is that the texts for children in the book are cognitive, moral, ethical in nature and didactical in focus. Ybyrai Altynsarin argued that the national education of youth should be based on the richest centuries-old experience of the Kazakh people.

Түйінді сөздер: И.Алтынсариннің педагогикалық мұрасы, жастарға ұлттық тәрбие.

Ключевые слова: педагогическое наследие И.Алтынсарина, национальное воспитание молодежи.

Key words: Y. Altynsarin's pedagogical heritage, national education of youth.

Біз келешекте қуатты мемлекет, зиялы қоғам құрамыз десек, дәл бүгін бесікте жатқан бөбектерді, балабақшада жүрген балдырғандарды, мектеп шәкірттерін тектілікке, инабаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеуді қазіргі уақыттың міндеті, талабы деп қарауымыз қажет. Осы талап пен міндеттерді орындаудағы ең бір пәрменді құрал – оқу, тәлім-тәрбие жұмыстарында халықтық құндылықтардың алтын мұрасын пайдалану. Өйткені оны қанша уақыт өтсе де тат баспайтын адалдығы айнадай ұлттық қазына деп білеміз. Өкінішке

орай осы жолда ұлт ерекшелігіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына сәйкес келетін құнды оқулықтарымыз да, әдістемелік құралдарымыз да халықтың тәрбиелік тәжірибесінен жеткілікті орын алмай келеді.

Қазіргі таңда білімнің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыреттілігі жоғары, жаңаша ойлайтын шығармашылықты мамандар даярлау және жасампаз іс-әрекетті қалыптастыру. Олай болса, тарих көшінде өзіндік орны бар айрықша зиялы қауым өкілдерінің ұрпақ тәрбиесі туралы мәселелер ауқымындағы ой-пікірлерін



зерделеу, сараптау, таразылау, жинақтау, оларды қоғамдық іс-тәжірибе шеңберіне енгізу жаңа оқыту парадигмасына негізделген құндылықты бағдар іспеттес.

Дегенмен жаңа оқыту парадигмасы арнайы білім, іскерлік, дағдылардың басымдылығына назар аударады. Бұл парадигма кәсіптік жоғары білім сапасының басты көрсеткіші ретінде түлектердің білім, іскерлік, дағдыларының белгілі бір көлемінің болуын көздейді және гуманизм парадигмасына сүйенуін талап етеді, сондықтан да гуманизм – білімнің құндылықты негізі ретінде қарастырылады.

Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының тағдырына ерекше мән берген ұлы ағартушы-педагог. Ыбырай Алтынсарин педагогикасының мұраларының негізгі идеяларының бірі – адамның өзара қарым – қатынасы, жастарды еңбекке баулу. Өзінің барлық педагогикалық теориясында жас жеткіншектердің ұлттық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жиған бай тәжірибесін негізге алу қажет деген пікірді ұстанғандардың бірі – Ыбырай Алтынсарин. Оның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына әсіресе, қазақтың мәдениетін, өнерін терең білетін, ақыл-парасаты жоғары, сөзге шешен, елге сыйлы атасы Балқожаның ықпалы ерекше болды. Ыбырай бала жастан халықтық педагогикадан алған тәлім-тәрбиесін, үлгі-өнегесін, көңіліне түйгендерін оқу-ағарту істері арқылы қазақ балаларының бойына сіңісті ете білді. Ы.Алтынсариннің ұлттық-эстетикалық тәрбие проблемаларын қозғайтын арнайы еңбектер жазып қалдырмағаны белгілі, бірақ Ы. Алтынсариннің ұлтық-эстетикалық тәрбиеге көзқарастары оның педагогикалық қызметінен көрініс тапты. Ы.Алтынсарин шығармалары халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптарын сипаттайтын этнографиялық мәнде келеді.

Ы. Алтынсариннің қазақ балаларына арнап жазған хрестоматиясына енген материалдарға зер сала қарасақ, оны балалардың жас ерекшеліктері мен қабылдау мүмкіндіктеріне сәйкес құрылғанын көреміз.

«Қазақ хрестоматиясына» енгізілген ауыз әдебиетінен жинаған материалдардың мазмұны тек қана танымдық, адамгершілік, өнегелік сипатқа ғана емес, сондай-ақ, жоғары эстетикалық талғамның жан-жақты қалыптасып, дамуына, біліктілік-білімділікке тәрбиелейтін ықпалымен де құнды. Хрестоматияда Ыбырай шешендік сөздерге аса мән берген. Ағартушының мұндағы мақсаты – ата-бабалардың ежелден тіл, сөз сөйлеу мәдениетіне ерекше көңіл бөлгенін көрсету, балаларды осы өнерді қадірлеуге түсіне білуге үйрету, нақты көркем сөйлеуге машықтандыру.

Хрестоматияға енген қайсібір шығарманы алсақ та адамгершіліктік, танымдық, дидактикалық бағытты ұстайды. Шығармаларының тілі нақты, қарапайым, түсінікті, балаға жақын Ыбырай да орыстың педагогі К.Д. Ушинский сияқты «балаларды халық тіліне енгізе отырып, оны халықтың ой-пікірі халық сезімі, халық өмірі әлеміне, халық рухы саласына енгіземіз» – деп санады. Сол сияқты, И.А. Крыловтың мысал өлеңдерін аударды, алғаш рет Л.Н. Толстойдың, И.И. Паульсонның, К.Д. Ушинскийдің әңгімелері мен табиғат лирикасын енгізді.

А.А. Каменскийдің, Л.Н. Толстойдың, К.Д. Ушинскийдің педагогикалық идеялары мен дидактикасын тұңғыш таратушы да – Ы. Алтынсарин болды.

Ы.Алтынсарин жастарды оқу-білім, өнерге үндегенде құрғақ насихатқа ұрынбайды, айтпақ пікірін оқушы зердесіне сіңіру үшін әртүрлі ұстаздық амал-тәсілдерді қолданады.

Кел балалар оқылық,

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық! – деген жолдарды әдейі қайталап оқу-білімнің тек ізденіс, еңбекпен табылатынын, пайдасын көрсетіп отыр.

Өнерді үйрен, үйрен де жирен деп санаған халқымыз ұл-қыздарының он сау-сағынан өнері тамған шебер болуына да мән берген.

Ы.Алтынсарин өзінің төл туындыларында тәрбиелік, нақыл-насихаттық мәніне ерекше көңіл аударып отырды. Сол арқылы жас буынды адамгершілік пен ізгілікке, еңбек пен зейінділікке, өнер-білімге

баулуды көздейді. Ол ел-жұртқа қажет білім мен өнерді игерудің төте жолы тұрақты мектептер арқылы жүзеге асады деп санады. Ы.Алтынсарин қызметінде балаларды оқыту мен тәрбиелеу жұмысы ерекше орын алады. Мектептегі оқыту мен тәрбие процесін жүргізуші мұғалім деп таниды.

Ы.Алтынсарин надандықтың зиянын, ғылымның қоғамдық маңызын түсіндіреді. Бұл әсіресе «Талаптың пайдасы» т.б. әңгімелерімен көрінеді.

Шығармаларында оның өнерге деген ықылас-ілтипаты анық байқалады. өзінің өлеңдері мен әңгімелері арқылы жастарды табиғаттың әсемдігін, адам сезімін қабылдап, түсіне білуге тәрбиелейді, оның өлеңдері мен ғибрат әңгімелері жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуда күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ. Ол аймақта мектептер мен кәсіптік училищелер ашу арқылы жалпы және кәсіптік білім беру ісінің негізін қалады.

«Сыйса көйлек үстінде

Тоқуменен табылған

Сауысқанның тамағы

Шоқуменен табылған», – деп педагогтік тәсілмен балаға еңбек атаулыдан хабар аңғартады.

Мектеп – білім берудің басты орны. Елдің барлық үміті, қазақ халқының келешегі, мектептерде ғана деп жазған болатын. Ұлы педагог ғалымның бұдан жүзден аса жыл бұрын жазған бұл сөздері осы уақытқа дейін өзінің маңызын, өзектілігін жоғалтпай келеді.

Ы.Алтынсариннің: «Бай баласы мен кедей баласы», «Киіз үй мен ағаш үй», «Бір уыс мақта», «Өнер-білім бар жұрттар», «Қыпшақ Сейітқұл». шығармаларында еңбекті сүю, білімдіден үйрену, талпыну, адамды сыйылау насихатталады.

1860-1862 жж. хаттарында Алтынсарин қазақ халқының ұлттық ерекшелігі мен мәдениетке талпынуы туралы былай деп жазды: «Қазақ халқы қарапайым, қулық-сұмдығы жоқ, бірақ сол қарапайымдылықтың өзінен көп жақсылық табамыз». Ол қазақ халқының ұлттық ерекшелігін тани білудің нәтижесінде, оның қоғамдық дамуға қабілеттілігі туралы да лайықты қо-

рытынды жасай алды. (Ы.Алтынсариннің психологиялық көзқарастары. Қ.Жарықбаев, 184 б.)

Ы.Алтынсарин – қазақтың салт-дәстүрін зерттеумен айналысқан ғалым-этнограф. Еңбек тақырыбы – Ыбырай әңгімелерінің арқауы. Ол техниканы меңгерген адам зор игілікке ие болады, жаратылыстың тілін біледі, оны өзінің айтқанына көндіреді, халықтың жалпы мәдениетін көтерумен қатар, негізінен олардың тұрмысын жақсартартады дейді. XX ғасырдың басында бір кезде Шоқан, Ыбырай, Абай көтерген ағартушылық қозғалыстың туын Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытұлы, Міржақып Дулатұлылар жалғастырды.

Балаға жастай дұрыс тәрбие беру бүкіл дүние жүзіндегі педагог-ғалымдардың ертеден бері үлкен көңіл аударып, айрықша көтерген мәселесінің бірі десек, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласынан бірінші үн қосушы қазақ педагогі Ы.Алтынсарин. Ол ұлы педагог-ғалымдар К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой, Булгаковтармен пікірлес болды.

1987 жылы Ы.Алтынсарин бастамасымен Ырғызда 20 орындық қазақ қыздарына арналған мектеп, Торғайда қолөнер училищесі шаңырақ көтерді. Ұлдар қолөнерге үйретілді. Қолөнер мектептері жақсы жабдықталған шеберханалармен, іскер жетекшілермен қамтамасыз етілді. Мектепте ағаш өңдеу темірден түйін түйетін ұсталық жұмыстарына үйретілді. Ы.Алтынсарин қазақ қыздарын өнер-білімге, қоғамдық өмірге тартуға көңіл бөліп отырды. Қыздар мектебіндегі негізгі пән қол еңбегі (қолмен тігу, машинамен тігу, кесте, тоқыма, зерлеп тігу, т.б.) болды.

Ы.Алтынсарин еңбек процесінің бала тәрбиесіндегі ерекше маңызын көре білді. Сондықтан оның көптеген әңгімелерінің идеясы Абай айтқандай «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», – деген қағиданың төңірегіне топтасқан. Мәселен, «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесінде Үсенді тапқырлыққа, табандылыққа үйреткен тұрмыс тауқыметі – еңбек екендігін, сол себепті оның болашағы жарқын, өмір сүруі адал болатындығын



көрсете келіп, жастайынан еңбексіз өскен бай баласы бос белбеу бобыр Асанды барынша келемеждейді. Ы.Алтынсарин осы іспеттес әңгімелерінде еңбек процесінің адамның сана-сезімін, психологиясын қалыптастыруда ерекше орын алатынын жақсы түсінген.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің», – дегендей жасөспірімдердің басында кездесетін түрлі жаман мінездерді (семьядағы) отбасындағы тәрбиемен терең астастырады (Ы.Алтынсарин. Таңдамалы шығармалар. Алматы, 1955, 139-бет).

Ыбырай «Қазақ халқы азбаған халық, оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр», – деп көрсетті (Бұл да сонда. 70-бет).

Ы.Алтынсарин педагогика теориясы мен тарихы салаларында арнайы зерттеу еңбек жазбағанымен, жоғарыда айтқанымыздай, оқу және оқыту, тәлім-тәрбие әдістемесіне айрықша мән берген ғалым ұстаз.

Қазіргі қазақ орта мектебінің ұлы мақсаты – Қазақ Республикасының көсегесін көгертетін және қазақи талантты ұл-қыздарды тәрбиелеп шығару десек, осы жерде мектеп деген сөзге емес, «қазақ» деген сөзге ерекше көңіл бөлу қажет. Себебі, қазақи ұлттық тәлім-тәрбиенің теориялық негіздері әлі күнге дейін жөнді айқындала қоймауынан біздің осы саладағы ұғым-түсініктеріміз әлі де бұлыңғыр да, дүдәмәл болып жүргені хақ. Сондықтан да, өткен ғасырда қазақ аспанында жарқырап жанған шоқ жұлдыздарымыз – Ыбырай, Абай, Шоқан тәлімі – ұрпақтан ұрпаққа жалғасар мәңгі тәрбие мектебі.

Елімізде болып жатқан елеулі өзгерістерді болашақ ел азаматтарын тәрбиелеуде ұтымды пайдаланып, жас ұрпақтың бойына ұмытылып бара жатқан ұлттық асыл қасиеттерімізді қайта сіңіріп өсірсек деген мақсат – білім беру саласындағы аға буындар мен педагогтердің, ата-ана-

лардың алдындағы үлкен міндет болып отыр. Халқымыздың бойындағы мінез, көңіл байлығы сарқылып жоқ болып бара жатқандығы ащы да болса айтылуы керек шындық емес пе? Сондықтан қазіргі елдігімізді біліп, еңсемізді көтерумен бірге ұлттық тәрбиені жаңартып, жаңғырта отырып ұрпақ тәрбиесін халықтық құндылықтармен астастырып дамытуымыз тиіс.

Адамның жеке басының мінез-құлқын қалыптастыру, оның бойына жойылып бара жатқан адамгершілік қасиеттерді сіңіру, иманжүзді етіп тәрбиелеу ата-ананың тікелей әсерімен отбасынан басталып, мектепте жүзеге асатындығын ескерген жөн. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген мақал біздің ойымыздың айғағы іспеттес.

Қазақстанның әлемдегі барынша бәсекеге қабілеті елдің қатарына қосылу Стратегиясы аясында білім мен ғылым, мәдениет пен өнер, білімдік технологиялар саласындағы жаңа ұмтылыстарға Ы.Алтынсариннің еңбектеріндегі педагогикалық мәселелер мен ұстанымы жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру заңдылықтарын жан-жақты ашуға толық мүмкіндік береді, жаңа ғылыми ізденістерге жол ашады.

Қоғамның заңды тіршілік етуі тек қана халықтың ағартушылық деңгейі, қоғамдық және дара сананың дамуы арқылы мүмкін болатынын тарихи іс-тәжірибе көрсетіп отыр. Әлемдік деңгейдегі барлық құқықтық мемлекеттерде азаматтық қоғам ғасырлар бойы жинақталған құндылықтар негізінде қалыптасқаны белгілі. Сондықтан да, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының: «Тарихты танып зерделеу керек, тарихты таразылау керек, сонда тағдырыңды, бүгінгі тұрпатыңды танысың, келешегіңді бағдарлайсың, алдағы жүрер жолыңның сілемін табасың», – деген сөздерінде тарихтың шексіз тағылымы да, ақиқаттың құдыреті мейлінше айқындала түседі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ы.Алтынсарин тағылымы. Алматы, 1991, 385 б.
2. Ы.Алтынсарин. Таңдамалы шығармалар. Алматы, 1955.
3. Қалиев С.К. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. Алматы: Ғылым, 1989.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ТАҒЛЫМЫНЫҢ ТАРИХИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

А.Т. Қайыпбаева¹, А.Ж. Архыматаева²

¹Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясының ғылыми қызметкері

²Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясының аға ғылыми қызметкері,
философия докторы PhD

Аңдатпа. Мақала көрнекті қазақ педагогі – Ыбырай Алтынсариннің азаматтық-тұлғалық ғұмырын, ағартушылық жолындағы атқарған жарқын істері мен білім берудегі тағлымдарын зерделеуге бағытталған. Ыбырай Алтынсариннің тұлғалық қасиеттері мен игілікті істері туралы қайраткерлердің жазбалары, сондай-ақ ағартушының өз қаламымен жазғандарын дерек материалдарын Қазақстан тарихы пән сабақтарында қолдану жолдары жазылған.

Аннотация. Статья направлена на изучение общественной жизни выдающегося казахского учителя - Ибрая Алтынсарина, его выдающейся деятельности в области образования и воспитательных занятий. Приведены заметки о личных качествах и добрых делах Ибрая Алтынсарина, а также способы использования материалов собственных сочинений педагога на уроках истории Казахстана.

Abstract. The article is aimed at studying the civic life of the prominent Kazakh teacher - Ybyrai Altynsarin, his outstanding work in the field of education and his lessons. There are notes about the personal qualities and good deeds of Ybyrai Altynsarin, as well as ways to use the materials of the educator's own writings in the lessons of history of Kazakhstan. The article describes Altynsarin's biography, reveals his personality and shares his way of teaching History of Kazakhstan.

Түйінді сөздер: И.Алтынсарин, тарих сабақтары, Алтынсарин мұрасы.

Ключевые слова: Алтынсарин уроки истории, наследие Алтынсарина.

Key words: I. Altynsarin, history lessons, heritage of Altynsarin.

Әр халықтың болашаққа бет алған тарихи даму жолында жарық жұлдыздай болып бағыт-бағдар сілтеген, сөйтіп, сол ұлттың, халықтың тарихында есімдері ерекше аталатын зор тұлғалар болатыны айқын. Есімдері мен еңбегі баршаға қымбатты, халқымыздың тұңғыш энциклопедист ғалымы Шоқан Уәлиханов, ұлы кемеңгер ақын Абай Құнанбаев осындай жұлдызды есімдер. Аталған екі ұлы есімді өзінің халқы үшін кешкен азаматтық ғұмыры, атқарған жарқын істерімен бір-біріне жалғастырып тұрған бір данышпан перзенті бар, ол – тұңғыш ағартушы, педагог-жазушы Ыбырай Алтынсарин[1].

Ыбырай Алтынсарин жаңашыл педагог, ағартушы, жазушы, этнограф және қоғам қайраткері қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды. Оның ағартушылық қызметіндегі ұстанымдары бүгінгі күні білім алушыларға білім беруде пән мазмұнын ұлттық құндылықтар негізінде толықтыруда маңызды орын алады. Білім беру деңгейлері арасында Ы.Алтынсарин мұрасы әр пән мазмұнының ерекшелігіне орай сабақтастықпен оқытуда. Бастауыш білім беру деңгейінде Ы.Алтынсарин өлеңдері мен әңгімелері мазмұнын түсініп сипаттауға көңіл бөлін-



се, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінде ағартушы педагогтің мұраларына талдау жасалып, зерттеу жұмыстарын жүргізу қарастырылған.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек.», - деп тұлғатану мәселесіне де ерекше көңіл бөлді [2].

«Қазақстан тарихы» пәні мазмұнында ұлы тұлғалар тарихын оқыту олардың мұраларын зерделеу, талдау, бағалау арқылы меңгертуге бағытталған. Білім алушыны отансүйіштікке тәрбиелеуде тарихи тұлғалардың өнегелі өмірі мен еліне сіңірген ерекше еңбегін көрсететін тарихи деректердің маңызы зор. Пән мақсатының бірі тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін Отандық тарих контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру және дамытумен сипатталады.

Сонымен қатар, тұлғалар тарихын зерделеу туралы «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту әдістемесінің негізін салушы ғалым Т.Тұрлығұлов өз еңбегінде «Сабақты дайындауға қойылатын бір басты талап – іріктелген тарихи материалдың оқушыларға моральдық тәрбие берудегі рөлін толық түсіне білуі жастардың санасы мен жүрегіне, сезімі мен эмоциясына терең әсер ету үшін оқушылардың тарихи материалды түсіне отырып, жасаған қорытындысы – олардың ойланып-толғануының нәтижесі болуы тиіс. Мұндай нәтижеге жету үшін жеке қайраткердің өмірі мен қызметін толық көрсету керек. Сондықтан да жеке тарихи қайраткерлерді өткенде олардың өмірі мен халыққа қызметінен неғұрлым көбірек мәлімет келтірсек, соғұрлым оқушылардың түсінігі мен білімі арта түседі, олардың сезімі мен санасы соғұрлым өзгереді», - деп атап көрсеткен. [3]

Осы негізде «Қазақстан тарихы» пәні аясында тұлға тарихын оқытудың оқушының

тарихи санасын қалыптастырудағы маңызын көруге болады. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша Ы.Алтынсарин мұрасын зерделеу 8-сыныпта XIX ғасыр-XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті бөлімінде «Ы.Алтынсарин – жаңашыл педагог» тақырыбы, Ыбырай Алтынсариннің халық ағарту саласындағы жаңашылдығы неден байқалады? Зерттеу сұрағы арқылы жүзеге асырылады.

«Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді. Бұл түсініктер әр тақырыптың ерекшелігіне сәйкес анықталады. Ы.Алтынсариннің ағарту саласындағы қызметін зерделеуде «дәлел» бойынша білім алушылар тұлға туралы тарихи деректерді талдайды, талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерді талдауға мүмкіндік берілген. Сонымен қатар, «маңыздылық» концепті бойынша білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды.

Ы.Алтынсариннің халық ағарту саласындағы жаңашылдығы туралы білім алушыларға Мұхтар Әуезовтің «Ыбырай Алтынсарин Қазақ мәдениетінің зор қайраткері» атты мақаласынан ықшам-далған мәтін бойынша талдау жүргізуге бағыт беріледі.

«...Ыбырай өмірі, еңбек ортасы, әлеумет-қоғамдық қайраты, әрекеті жөнінде Шоқанға да, Абайға да ұқсамайды. Ыбырай жаңағы екеуінің де ісін өз өмірінде еңбегіне түйістіріп қоса білді. Сөйтіп, ол екеуі де істемеген тың тарихтық ұзақ өрісі бар, зор келешегі бар істердің үлгісін өз қолымен орнатты. Әрі ол – жаңа үлгідегі ақын. Әрі ол – сол кездегі Россияда батыл жаңалық жасап, «бұратана» елдер үшін тың үлгілі мектеп ашушы. Ол-мектептің өзіне бөлек ерекшелігі бар программаларын, оқу құрал-дарын жазушы. Қазақтың ең

алғашқы мәдениетті мектебін жасаумен қатар, жазушылық пен оқытушылықты ол аса шебер өнерлі түрде қабыстырушы. Бұл жөнінде ол-қазақтың халық қазынасы-ауыз әдебиетін, орыстың классикалық әдебиетін өзінше ең алғашқы үлгілерде үйлестіріп, туыстырушы болды.

«.....Абай Ыбырайды жақсы білген. Кейін Абайдың өзі қадірлегендіктен Абайдың қолжазбаларының ішіне Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларынан жасалған аудармалар қоса кірумен бірге Ыбырай өлеңдері үнемі бірге көшіріліп жазылып жүруші еді. Абайдың өзінің тапсыруы бойынша солай болса керек... Ыбырайдың әрқашан Абай атымен бірге жазылып, жатталып, таралып жүруі, бұл екеуінің үні бір, үміті бір, арман-бағыты және болашақ тағдыры бір ақын екендіктерін танытушы еді. Сол заманнан бері қарай, біздің кейінгі ұрпағымыздың бәріне де Абай қандай қадірлі болса, Ыбырай да өз орны, өз арналы мұрасымен ыстық, аса бағалы болды. Олар кейде баяғыдан бері өткен шөл ғасырлардың соңғы дәуіріндегі зор мұнарадай көрінсе, кейде еңбегі, бағыты бірлікпен айқасып аққан қос өрімдей, шөл өлкені суарып, дән бітіріп айқасып ағып келе жатқан қос өзендей танылды» [4., 6-8 беттер.].

Бұл деректі талдау негізінде білім алушылар Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметіндегі жаңашылдығы, мектеп ашудағы тың өзгерістерімен мұғалімдерге көрсеткен тәлімгерлік бағытынан тағылым алады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-сыныбына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінде «Қазақстан Ресей империясының құрамында» бөлімі бойынша Қазақстандағы жаппай отаршылдық қоныс аудару саясаты тақырыбы, Патша өкіметінің қоныстандыру саясаты қазақ қоғамының өмірін қалай өзгертті? Зерттеу сұрағын талдау барысында, Ыбырайдың «Қазақ даласындағы аштық туралы» жазба дерегін қосымша ақпарат ретінде сабақта қолдану білім алушылардың танымдық қабілеттерін арттырады.

Ұлт ұстазы ол жазбасында қазақ даласындағы мал шаруашылығын егіншілікпен ауыстыруды халық тұрмысының тұрақсыз әдісі деп бағалап, қазақтардың бақытсыздығы деп есептейді. Бұл туралы: «халықтың көшпелі тұрмысын күштеу шараларымен тезірек отырықшылыққа айналдыру мүмкін. Шынында да жасанды төңкеріске кіріспес бұрын бұл халықты, оның өмірін танып білу әлдеқайда ақылдырақ болар еді. Қатерлі қателік жасамау үшін бұл халықта аграрлық мәдени дамудың нышаны бар ма екен, отырықшы үстем халықпен арадағы тікелей қатынастан қаншалықты әсер алады екен, бұл халық қоршаған табиғаттың қандай жағдайында орналасқан және т.б. осы сияқтыларды біліп алған жөн. Өйткені, тұтас ұлттың тұрмысын ықтиярсыз өзгерту бұл ұлтты, кейде ең қабілетті ұлтты енжар ұлтқа айналдырумен парапар...» [4., 248 б.].

Аталған жазба деректі қолдану барысында білім алушылар отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсерін және Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарына талдау жүргізеді.

Сонымен қатар, Ы.Алтынсарин аталған жазбасында сол кездегі халықтың әлеуметтік әл-ауқаты мен жағдайы туралы былай дейді: «.....Біздің Торғай қаласы да қиыншылықты бастан кешіруде, үстіміздегі жылы (1870 ж.) жақын маңда ешқандай шөптің де, қамыстың да болмауы себепті Торғай тұрғындары (оның ішінде мен де бармын) пешке жағатын ештеңе таба алмайтын күйге жетті; бір байлам қамыс 3 сомға, бір арба шөп 10 сомға, бір пұт қара бидай 3 сом 50 тиынға, ал майда ақ ұн 6 сомға жетті; бұл азықтарды ешқандай ақшаға сатып ала алмайтын күндер де болды, содан кейін семьялар от жағылмаған үйде азық-түліксіз апталып отырды. Сондықтан шаруаларға қазыналық қормен күн кешуге тура келді. Үй малы қырылып жатты, тіпті қаладағы гарнизонның өзі мұқтаждық күй кешіп, отын үшін казарма шатырын сындырмаққа ниет қылған күндер де болды» [4., 249-250 б.].

Ыбырайдың өмір сүріп отырған қоға-



мындағы өзгерістерді сипаттайтын осындай жазба деректерді талдау білім алушыларда сол кездегі қоғам туралы жалпы түсінігін қалыптастырады.

Ы. Алтынсариннің ағартушылық қызметі мен тәлімгерлік тағылымдары туралы оқушыларға «Мұғалімдердің Ы.Алтынсарин туралы жазған естеліктерінен» ықшамдалған мәтін бойынша талдау жүргізуге бағыт беріледі.

«...Марқұмның мен қазақ даласында болған кезімдегі бүкіл өмірі өзінің сүйікті халқына білім беру жолындағы ағартушылық қызметіне арналды. Ол халық өмірінің қалай бет бұрып бара жатқанын мұқият бақылап отырды және оны терең түсіне білді.... Мұғалімдерге қатаң талаптар қойды, әрбір іске барынша ұқыпты қарауды талап етті, ол өз міндетіне жүрдім-бардым қарап, жұмысты шала-шарпы орындайтындарды қатаң жазалап отырды. Оқу ісін өзі қандай жанын сала жақсы көрсе, өз инспекциясына қарасты мұғалімдерден де соны талап етті. Ол өзінің шын жүректен шыққан тартымды әңгімелері арқылы мұғалімдерді оқу ісіне шын ниеттерімен құлшынып, адал еңбек етуге жұмылыдыра білетін. Жұрттың көз алдында бізді соншалықты жоғары бағалайтын, өзгелерді мұғалімдерге ең адал-ниетті азаматтар ретінде зор құрметпен әрі мақтанышпен қарауға мәжбүр етті. Ол әсіресе жас қазақ мұғалімдеріне ерекше қамқорлықпен сүйсіне қарайтын... Оны мұғалімдер де жанындай жақсы көретін.... Ол өзінің жеке өмірінде де өте сүйкімді, жомарт жүректі ақ көңіл адам болды. Оны-

мен қашан болса да, қандай мәселемен болса да емін еркін ашық сөйлесуге, ақыл-кеңес сұрауға мүмкін еді. Қашан болса да ақ көңіл адал ниетімен ақылын айтуға, тіпті нақты ісімен көмектесуге әрқашан әзір тұратын.....(Мұғалім Ф.Д. Соколовтың естелігінен) [5].

Бұл деректі талдау негізінде білім алушылар Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметіндегі ерекшелігін, мұғалімдерге көрсеткен тәлімгерлігінен тағылым алады. Ы.Алтынсариннің шығармаларында қазақтардың өмірі шыншылдықпен бейнеленді. Оларда білімге, ғылымға деген құлшыныстың қажеттігі кеңінен насихатталды.

Қорыта келгенде, Ы. Алтынсариннің тұлғалық тарихын зерделеуде тарихи материалдарды талдау нәтижесінде, оқушылар тек қана пәндік материалды ғана емес, материалдарды жинау және реттеу әдістері, сұрақтарды құрастыру және дереккөздермен жұмыс жасау процесінде проблеманы қоя білу біліктілігі, сәйкестендіру әдістері мен дереккөздерді сыни бағалауды меңгереді.

Ыбырайдың артында қалдырған рухани мұрасы аса бай және алуан жанрлы. Оның жазып қалдырған мұрасы – туындының қарапайымдылығы, тілінің таза, түсінікті әрі нақтылығы, тәрбиелік-танымдық мәннің жоғарылығы, оқиғалардың көркем әрі қызықты баяндалуы т.б. жағынан құнды болып табылады. Педагог-жазушының ізденіске, күреске толы өмірі баршамыз үшін ғұмырын халыққа арнаудың өшпес өнегесі іспеттес.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ыбырай Алтынсарин. Өнер – Білім бар жұрттар. Өлеңдер, әңгімелер, очерктер, хаттар және естеліктер. Құрастырған. С.Мақпыров. -Алматы «Жалын» 1991, 5 б.
2. Қ.Тоқаев. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» /«Егемен Қазақстан. 2021 жыл, №2, 5 қаңтар.
- 3.Тұрлығұлов Т. 7-8-класстарда Қазақ КСР тарихын оқыту. - Алматы: Мектеп. 1971.-76б.
4. Тұлғалар. Ыбырай Алтынсарин. Шәкәрім Кудайбердиев /Бас.ред. Б. Аяған. –Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007, 6-8 беттер.
5. Ситдыков А.С. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. Алматы, 1968, 147-148-беттер.

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ

Ғ.Ә. Мұқашева¹, А.Ж. Ракижанова², А.К. Әубакирова³

¹Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
g.mukasheva_uba@gmail.com

²Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
a.rakizhanova_uba@gmail.com

³Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
a.aubakirova_uba@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада «қашықтан білім беру технологиялары» туралы ұғым беріліп, республика педагогтерінің Қашықтан оқыту форматында пайдаланатын ресурстар сипатталған.

Аннотация. В статье представлено понятие «дистанционные образовательные технологии», охарактеризованы ресурсы, используемые педагогами республики при формате дистанционного обучения.

Abstract: The article presents the concept of «distance learning technologies», describes the resources employed by the teachers in Kazakhstan when teaching in the format of distance learning.

Түйін сөздер: қашықтан оқу, қашықтан оқыту технологиялары, электрондық оқыту, білім беру платформалар және ресурстар.

Ключевые слова: дистанционное обучение, дистанционные образовательные технологии, электронное обучение, образовательные платформы и ресурсы.

Key words: distance learning, distance learning technologies, e-learning, educational platforms and resources.

Қашықтан білім беру технологиялары ұғымы біреше дереккөздерде әртүрлі жолдармен тұжырымдалған. Жалпы алғанда Қашықтан білім беру технологиялары – мұғалім мен білім алушының Қашықтан өзара әрекеттесуі кезінде заманауи ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдана отырып жүзеге асырылатын бірқатар білім беру технологиялары дегенді білдіреді.

Қашықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып оқыту процесінің негізі – білім алушының мақсатты өздік жұмысы. Білім алу процесі білім беру ұйымының

әкімшілігімен және білім алушының ата-анасымен келісіліп жүзеге асырылуы мүмкін, бірақ белгілі бір жағдайларда және білім алушының кейбір физикалық және психологиялық мүмкіндіктерін ескеріп, оған ыңғайлы уақыт, оқу қарқыны, жеке оқу бағдарламасы белгіленеді. Бұдан қашықтан оқытудың мақсаты анықталады, ол – халықтың барлық топтары үшін, соның ішінде ересектер үшін сапалы білімге қол жетімділікті қамтамасыз ету.

Осыған сүйене отырып, «Қашықтан оқыту технологиясы» деген ұғымның мағынасы кеңейгенін көреміз, яғни қашықтан оқыту



технологиясы – оқытуда қолданылатын жеке тұлғаға бағытталған тәсілдердің негізгі принциптерін жүзеге асыру құралы.

Қашықтан оқыту саласындағы білім беру технологияларын Қазақстанның халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциясы ретінде қарастыруға болады. Қазақстан үшін жоғары сапалы қашықтан білім беру технологияларын енгізу және ашық білім беру маңызды әлеуметтік проблеманы шешу. Қазақстан үлкен аумағы бар, ал салыстырмалы түрде халқының саны аз, тығыздығы төмен. Халықтың едәуір бөлігі қалалардан, облыстық және аудандық орталықтардан шалғай жатқан ауылдарда және елдімекендерде тұрады. Мұндай жағдайларда халықты қашықтан оқытумен қамтамасыз ету басты міндет. Қазіргі жағдайда біз қашықтан білім беруді спутниктік теледидар, радио, компьютерлік байланыс және т.б. сияқты қашықтан ақпарат алмасу құралдарына негізделген мамандандырылған ақпараттық білім беру ортасын қолдана отырып, елдегі және шетелдегі халықтың көпшілігіне ұсынылатын білім беру қызметтерінің жиынтығы ретінде қарастырамыз. Қазіргі уақытта қашықтан оқыту өздігінен оқу принципіне негізделген білім беру процесінің жаңаша ұйымдастырлуы.

Еліміздегі зерттеушілер Қазақстанның халықаралық білім беру кеңістігіне кірігу мәселелерін қарастырды. Зерттеушілер әртүрлі тұжырымдамаларға негізделген білім беру жүйелерінің үйлесімі қазіргі халықаралық білім беру қоғамдастығына тән, яғни қашықтан оқыту жүйесі қашықтан білім алу мүмкіндігін, сонымен қатар оқытудың икемділігін қамтамасыз етуі керек деген қорытындыға келді. Бірақ қашықтан оқытуды дамытудағы проблемалар көбінесе экономикалық, саяси және әлеуметтік сипаттағы дағдарыстық құбылыстарға байланысты екенін атап өткен жөн. Сонымен қатар, аумағы орасан зор және сан жағынан халқы шашыраңқы орналасқан Қазақстан үшін қашықтан оқытудың нысаны, алға қойылған негізгі мақсаттардың бірі –

жоғары зияткерлік әлеуеті бар мемлекет болу.

Нормативтік құқықтық құжаттарда, атап айтқанда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Қашықтан білім беру технологиялары – «білім алушы мен педагог қызметкердің жанама (қашықта) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту», – делінген.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында қашықтан оқыту формасын дамыту ұлттық білім беру моделін жетілдірудің негізгі бағыттарының біріне айналды. Бұл бағыттағы белсенді іс-қимылдар Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік тұжырымдамасы, орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың, бастауыш және орта кәсіптік білім беруді ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде жасалынууда.

Қашықтан оқыту форматында мұғалімдер төмендегідей қолжетімді ресурстарды пайдаланады:

1. Кешенді ресурстар: теория және практика

2. Пәндік интеграцияланған оқыту

3. Бейнесабақтар

4. Оқыту мәтіндері, интерактивті жаттығулар

5. Анықтамалық материалдар

6. Мобильді қосымшалар

7. Электрондық оқулықтар

Қашықтан білім беру IT-технологиялар саласындағы әлемдік жетістіктер негізінде білім беруді ақпараттандыруды көздейді. Осыны ескере отырып, стратегиялық мақсат ретінде білім беруді ақпараттандырудың негізгі бағыттары бойынша дәйекті жүйелі саясат айқындалды. Бұл бағыттарға мыналар кіреді:

1. нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету;

2. компьютерлік паркті компьютерлендіру және жаңарту;

3. программалық қамтамасыз ету;
4. білім беру және басқару ұйымдарын интернеттендіру;
5. отандық цифрлық білім беру ресурстарын құру;
6. білім беру ұйымдарын мониторингілеу, талдау және басқару жүйесін автоматтандыру;
7. педагогикалық және басқару кадрларын даярлау.

Мемлекет отандық цифрлық ғылыми және білім беру ресурстарын құруды басым стратегиялық міндет ретінде қарастырды. Қазақстанда біліктілік талаптарына сай келетін және білім беру жүйесінің қажеттіліктерін қанағаттандыратын өзіміздің отандық электрондық білім беру ресурстарын әзірлеу өндіріс жолына қойылуы тиіс. Барлық ресурстар үш тілде – қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде әзірленуі қажет.

Елімізде білім беруді ақпараттандырудың стратегиялық бағыттарының бірі – білім беру ұйымдарын мониторингілеу, талдау және басқарудың жоғары технологиялық автоматтандырылған жүйесін құру. Ол білім беру ұйымдарында құжат айналымының тиімділігін және есептілігінің нысандарына сәйкес келетін стратегиялық деректердің жүйелі базасын қолдауды қамтамасыз етуге тиіс. Сондай-ақ жалпы және өндірістік-білім беру қызметінің әрбір бағыты бойынша білім беру жүйесінің объективті жай-күйінің сапалы мониторингі қамтамасыз етілуге тиіс.

Білім беруді ақпараттандыру саласында педагогикалық және басқару кадрларына басты рөл беріледі. Орта, техникалық, кәсіптік және жоғары білім беру жүйесінде педагог кадрларды даярлаудың оқу жоспарларына IT-технологиялар негізінде білім беру әдіснамасы бойынша курстар енгізу ұсынылады.

Аталған стратегиялық бағыттар білім беруді ақпараттандырудың, Қашықтан және ашық білім беруді дамытудың барлық практикалық аспектілерін қамтиды. Мұндай кешенді тәсілді қолдану мәселені шешуде тиімді болатынына сенім мол.

Қашықтан оқыту тек мұғалімдер үшін ғана емес, сонымен қатар білім алушылар үшін де – оқытудың жаңа түрі. Егер бұл жаңа, өзіндік жүйе болса, онда оның оқу процесінде тиімді жұмыс істеуі үшін оған сәйкесінше көңіл бөліп, ерекшеліктерін қарастырып, оны зерттеу қажет. Қашықтан білім беру мәселесі отандық арнайы әдебиеттерде және интернет беттерінде бірнеше жыл бойы талқыланып келеді. Тәжірибе көрсеткендей, қашықтан оқыту – университеттің де, мектептің де біліміне қатысты болашағы зор модель. Негізінде кез келген идеяға формалды түрде қараса, оны балаға зиян келтіретіндей етуге болады. Қашықтан оқыту форматында оқу процесін ұйымдастыру көп жағдайда нақты білім беру ұйымына, оның басшысына, педагогтерге және білім алушыларға байланысты болады.

Қашықтан оқытуды жүзеге асыру компьютерлерді, планшеттерді және оқытудың басқа да техникалық құралдарын тұрақты пайдалануды, сондай-ақ интернетке және цифрлық білім беру ресурстарына қолжетімділікті талап етеді. Орта білім беру ұйымдарының Қашықтан оқытуға көшуі кезінде білім алушылар мен педагогтерді техникалық құралдармен қамтамасыз ету мәселесін шешу жергілікті атқарушы органдарға жүктелсе, цифрлық білім беру ресурстарына, білім беру онлайн-платформаларына байланысты мәселелер әлі де өзекті болып қала берді. Осы мәселелерді шешу үшін Білім және ғылым министрлігі «Bilim Media Group» компаниясымен бірлесе отырып, теледидардан сабақтарды түсіру және тарату үшін «Online Mektep» жобасын іске қосты. Осы жоба аясында 2019-2020 оқу жылының 4-тоқсанының сабақтары түсірілді. 2020-2021 оқу жылында 1,2,3 және 4 тоқсан сабақтарын тарату үшін «Хабар» агенттігі TV-сабақтарын түсіруді жалғастырды.

«Bilim Media Group» – бұл Қазақстан үшін электрондық оқыту (e-learning) нарығын қалыптастыратын компания. Компания оқыту контентін, сондай-ақ онымен байланысты технологиялар мен



қызметтерді әзірлеумен, орналастырумен және таратумен айналысады.

Республиканың жеке және жалпы білім беретін мектептерінің мұғалімдері Қашықтан оқыту режимі кезінде түрлі құралдарды, білім беру платформалар мен ресурстарды пайдаланды. Мысалы: Microsoft Teams, ManageBac, G-Suite, Zoom, Moodle.

Қашықтан оқыту жүйесіне көшу кезінде Білім және ғылым министрлігі тарапынан жоғарыда аталған құралдар мен білім беру платформаларын ғана емес, сонымен қатар «Күнделік» сияқты электрондық журналдарды, электрондық пошталарды, WhatsApp және Telegram сияқты әртүрлі мессенджерлерді, сондай-ақ opik.kz, Daryn.online және т.б. қолдану ұсынылды. Осыған байланысты біз орта білім деңгейінде жоғарыда аталған білім беру платформаларынан бірнеше есе көп қолданылатын құралдар мен білім беру ресурстарын қарастырамыз.

«Күнделік (Kundelik)» – Қазақстандық IT-компания, педагогтер, білім алушылар, ата-аналар, білім беру ұйымдарының әкімшілігі, сондай-ақ білім беруді басқару органдарының өкілдеріне арналған бірыңғай электрондық білім беру ортасын әзірлеуші (<https://kundelik.kz>).

Компанияның флагмандық өнімі – білім беру ұйымдары үшін электрондық құжат айналымы мүмкіндіктерін және білім беру процесінің барлық қатысушылары: педагогтер, ата-аналар және білім алушылар арасындағы әлеуметтік желілік өзара қарым-қатынас жасау құралдарын біріктіретін «Күнделік» атты автоматтандырылған білім беру ақпараттық жүйесі.

«Күнделік» білім беру порталының көмегімен педагогтер білім алушыларға тапсырмаларды жібере алады, олардың жұмыстарына пікір білдіре алады (Кері байланыс бере алады) және БЖБ мен ТЖБ бағаларын қоя алады. Қашықтан оқыту нысанына жаппай көшу кезінде «Күнделік» білім беру платформасына «TV-сабақтар» жобасы шеңберінде түсірілген сабақтарды көру үшін бейнесабақтар бөлімі

қосылды. Дәл сол уақытта «Күнделік» компаниясы Қашықтан оқыту режимі шеңберінде сайттың мүмкіндіктерін түсіндіру мақсатында «Жалпы білім беру ұйымдарында Қашықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулықтар» әзірлеген.

Республика бойынша педагогтер мен білім алушыларды қашықтан оқыту режимінде ресурстармен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін Opiq-ке қолжетімділік берілді (<https://www.opiq.kz/#section-partners>).

Opiq – электронды кітапханадағы барлық оқу жиынтығына қол жеткізуге мүмкіндік беретін платформа. Оқу жиынтығына оқулық материалы мен жұмыс дәптері кіреді. Оқу жиынтықтарын баспа басылымдарымен бірге де, бөлек де пайдалануға болады.

Opiq-тің негізгі принципі – мұғалімдер мен білім алушыларға жетекші мамандар құрастырған жоғары сапалы оқу әдебиетін ұсыну.

Іздеудің кең мүмкіндіктері мен интеграцияланған мазмұны қажетті тақырып бойынша қарапайым және күрделі материалдарды оңай табуға, сонымен қатар оларды басқа пәндермен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік жағдайы мен қашықтығына қарамастан, білім алушы жастарды сапалы білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету мәселелерімен Daryn.online (<https://daryn.online/ru>) да айналысады.

Daryn.online білім беру платформасында әрбір оқу пәні бойынша әр сыныпқа арналған ресурстарды табуға болады. Білім алушылар үшін оқу пәнінің әрбір тақырыбы 2-10 минуттық бейнесабақпен түсіндіріледі және тақырыпты бекіту үшін бейне соңында тест сұрақтары беріледі. Дұрыс жауап үшін 1d. балл (daryn.online бағалау жүйесіне сәйкес) беріледі.

Білім алушылардың жеке кабинетінде пайдаланушының оқу пәндері бойынша жетістіктері көрсетіледі. Онда білім алушының бейіндік пәндеріне байланысты

бағыттар мен мамандықтар тізімін көруге болады. Сондай-ақ ЖОО тізімімен, мамандық кодтарымен танысып, әр университеттерге мамандық бойынша бөлінетін гранттар санын білуге болады.

Қашықтан оқыту кезінде оқулықтардың электронды форматтары үлкен сұранысқа ие болды. Оқу материалдарын өз бетінше тауып, таңдап, жаңа оқу тақырыптарына тапсырмаларды әзірлеуі керек болатын электрондық ресурстарды қолдануына қарағанда, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді пайдаланса, мұғалімнің сабаққа дайындық уақыты едәуір қысқарады.

Қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқыту – оқу процесі оқытушы мен білім алушылардың аумақтық ара қашықтықта қазіргі заманғы ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүзеге асырылатын оқытудың түрі.

Қашықтан оқыту оқу процесінде қолданылатын түпнұсқа материалдардың

санын көбейтуге, оқу пәндерінің мәдени және пәнаралық компоненттерін кеңейтуге тамаша мүмкіндік береді. Алайда, түпнұсқа материалдарды пайдаланғанда мәдени ерекшеліктер мен мақсатты аудиторияны ескеру қажет. Материалдардың мазмұны мемлекеттік стандартқа, үлгілік оқу бағдарламаларына және қазіргі заманғы ғылыми білім негіздеріне сәйкестендірілуі тиіс және білім алушылардың жынысына, ұлтына және тұрғылықты жеріне қарамастан оларға оқу материалдарын қолжетімді де, түсінікті болатындай етіп бейімдеу қажет.

Қашықтан білім беру технологияларын қолдану мектеп оқушыларына мектеп бағдарламасын игеріп қана қоймай, оған қоса білім деңгейін едәуір арттыруға, оқу пәндерінен қосымша білім алуға мүмкіндік береді. Мұның бәрі білім алушылардың оқуда қажетті биіктерге жетулеріне және беделді жоғары оқу орындарына түсуіне мүмкіндіктерін арттырады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 сәуірде № 10768 тіркелді

2. <http://e-learningcenter.ru>. Разработка электронных ресурсов. Что такое педагогический дизайн?

3. https://bilimland.kz/ru/about_us

4. <https://portal.kundelik.kz/ru/>



ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

Р. Бағланова¹, Ж.К. Сағалиева²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің магистранты
Алматы қаласы, Қазақстан

²Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының
Орта білім беру орталығының жетекші ғылыми қызметкері,
педагогика ғылымдарының кандидаты

Аңдатпа. Мақалада оқу жетістіктерін бағалаудың заманауи әдістері қарастырылған. Бағалаудың негізгі міндеті, функциялары мен түрлері толықтай ашып көрсетілген. Білім беру мекемелеріндегі бағалау жүйесінің жаңа формалары қаралтырылған.

Аннотация. В статье рассмотрены современные методы оценки учебных достижений. Подробно раскрыта основная задача, функции и виды оценки. Рассмотрены новые формы системы оценивания в образовательных учреждениях.

Abstract: The article describes modern methods of assessing academic achievements. Special focus is given to main task, functions and types of evaluation. New forms of the assessment system in educational institutions are considered.

Түйін сөздер: баға, бағалау, оқу жетістіктері, педагогикалық жүйе, рейтинг, портфолио, олимпиада, компонент, функция, тенденция.

Ключевые слова: оценка, оценивание, учебные достижения, педагогическая система, рейтинг, портфолио, олимпиада, компонент, функция, тенденция.

Keywords: assessment, evaluation, academic achievements, pedagogical system, rating, portfolio, olympiad, component, function, trend.

Білім алушылардың білімін, іскерлігін бақылау, бағалау диагностикаға қажетті құрамдас бөліктер ретінде енгізіледі. Бұл педагогикалық технологияның өте ежелгі компоненттері. Өркениеттің басында пайда болған бақылау мен бағалау мектептің ажырамас серіктері, оның дамуымен бірге жүреді. Дегенмен, бүгінгі күнге дейін бағалаудың мәні, оның технологиясы туралы қызу пікірталас жүріп жатыр. Жүздеген жыл бұрынғыдай мұғалімдер бағаны көрсету керек деп таласады: ол сапа көрсеткіші болуы керек пе – оқушының үлгерімінің категориялық анықтаушысы немесе керісінше, белгілі бір оқыту жүйесінің (әдістемесінің) артықшылықтары мен кемшіліктерінің көрсеткіші ретінде

болуы керек. Мектеп бағасының қарама-қайшылықты сипатын Я.А. Коменский атап өтті, ол мұғалімдерге өзінің бағалау құқығын ұтымды және байсалды пайдалануға шақырды. Бақылаудың объективтілігі талабы мұғалімдердің студенттерге деген адамгершілік көзқарасымен бірге барлық дидактикалық жүйелерге енеді.

Бағалаудың негізгі міндеті – білім алушыларға өздерін бағалауға мүмкіндік жасау, негізгі бағыттарының бірі - оқушының тәуелсіз болуына мүмкіндік беру. Сонымен қатар бағалаудың маңызды бөлімі баланың әсерін ескеру болып табылады. Портфолио түрінде бағалау ол білім алушының жасаған жұмыстарының жиынтығына негізделген бала икемділігін бағалау әдісі. Мұның

қаншалықты пайдалы, әрі ұтымды екендігін сынып мұғалімінің тәжірибесіне және мүмкіндігіне байланысты болады.[4]

Алғашқы бағалау жүйесі Германияның ортағасырлық мектептерінде пайда болды. Әр балл басқа білім алушылар арасында оқушының үлгерім дәрежесін көрсетті (1-ші – ең жақсы, 2-ші – орташа, 3-ші – ең нашар). Кейінірек білім алушылардың ең көп саны тиесілі орташа дәреже қосымша үш сыныпқа бөлінді, нәтижесінде отандық мұғалімдер алған бес балдық шкала пайда болды.

К.Д. Ушинский бақылаудың заманауи түрлерін қатаң сынға алды. оның кемшіліктерін сипаттай отырып, ол ең алдымен қолданыстағы тәсілдер мен әдістер оқушылардың ақыл-ой белсенділігін басытынын баса айтты. Әдетте мұғалім бір немесе бірнеше оқушыдан сұрайды, ал қалғандары осы уақытта өздерін кез келген іс-әрекеттен тыс деп санайды. Олар уақытты және күш-жігерді ысырап етеді, күтуге алаңдайды. Әрине, мұндай ортада оқушы қызығушылығын, бастамашылдығын көрсете алмайды.

Жаңа демократиялық мектепте ресми бақылау болмауы керек. Дидактикалық бақылау оқытудың өзіндік әдісі ретінде айқын оқытуға, дамуға бағытталуға, өзін-өзі бақылаумен ұштасуға, ең алдымен студенттің өзіне қажет және пайдалы болуы керек.

Бұрын қабылданған мектеп бақылау тәсілдерін өзгерту әрекеттері еш нәтиже берген жоқ, өйткені барлық дерлік ұсынғыстар мен жаңашылдықтар бір сұрақтың айналасында топтасты - мектептерде бағаларды пайдалану керек пе, жоқ па. 1918 жылы мамырда Халық Комиссариатының «Бағаларды жою туралы» қаулысымен бағалармен бірге емтихандар да жойылып, оқушылардың үлгерімін есепке алу мен бақылаудың қарапайым түрлері енгізілді. Осы мақсатта, атап айтқанда, арнайы дәптерлер қолданылды, «қызыл» және «қара» деп аталатын тақталарға үздік және нашар оқитын оқушылардың аты-жөндері жазылды, «социалистік жарыс» енгізілді

және т.б.

Нәтижесінде, сол жылдары мұғалім жүзеге асыратын үлгерімді бақылаудың орнына өзін-өзі тіркеудің әртүрлі түрлері кең тарады.

Буржуазиялық мектептен сын көтермей ауысқан (бригаданың жұмысын тұтастай алғанда) бригадалық-зертханалық әдіс бойынша білімді есепке алу жүйесі прогресті тұлғасыз есепке алуға, сайып келгенде білім сапасының төмендеуіне алып келді.

Партияның Орталық Комитеті мектептегі жұмысты ұйымдастыруды қатты сынға алып, мектептегі оқу-тәрбие жұмысын қайта құруға бағытталған нұсқаулар берді. БКП (б) ОК 1932 жылғы 25 тамыздағы «Бастауыш және орта мектептегі оқу бағдарламалары мен режимі туралы» қаулысында «мектеп жұмысын есепке алудың негізіне оқушылардың білімін ағымдағы жеке, жүйелі түрде жүргізетін есепке алу жатқызылуы тиіс» және оқытушы оқу жұмысы процесінде әрбір оқушыны мұқият зерделеуі тиіс екендігі атап өтілді.

Кейінгі жылдары оқу үлгерімін есепке алудың қатаң әрі ретке келтірілген жүйесін құру бойынша үлкен жұмыс жүргізілді, білімді, білік пен дағдыны тексеру және бағалау әдістерінің жүйесі қалыптасты.

1935 жылы - ауызша белгілер арқылы бағалаудың сараланған бес балдық жүйесі («өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «жаман», «өте нашар»). 1944 жылы ауызша бағалар сандық бес балдық жүйемен ауыстырылды.

Бағалау функциялары мен түрлері

Бағалау, білім беру процесінің барлық басқа компоненттері сияқты, белгілі бір функцияларды орындайды.

Бағалау функциялары – бұл бағалаушының қабылдаушы – салыстырмалы әрекеттері жасауға арналған жұмыс компоненттері. Осыған байланысты кейбір әдіскерлер анықтаған бағалау функцияларын талдау мағынасы бар.

Тексерудің оқыту немесе дамытушылық функциясының мәнін ғалымдар бақылау тапсырмаларын орындау кезінде оқушы-



лардың алған білімдерін жетілдіріп, жүйелеуінен көреді. Оқушылар жаңа жағдайда білім немесе білік дағдыларын қолданатын немесе физикалық құбылыстарды түсіндіретін сабақтар оқушылардың сөйлеуі мен ойлауын, зейіні мен есте сақтауын дамытуға ықпал етеді деп саналады.

Жалпы бағалаудың тәрбиелік функциясы бір-бірімен байланысты, бірақ сонымен бірге басым болуы мүмкін, мысалы, мұғалім жеке студенттерді жүйелі жұмысқа үйретуге тырысады, олардың психологиялық ерекшеліктеріне әсер етуге тырысады (ерік-жігерді, есте сақтауды және т.б. дамыту), оларды бағалаумен ынталандырады, шамадан тыс өзіне деген сенімділік пайда болған кезде бағалауға қатаң көзқарас жүзеге асырылады.

Тексерудің бағдарлау функциясы студенттер мен мұғалімді олардың жұмысының нәтижелері бойынша бағдарлау, мұғалімді жеке студенттердің және тұтас сыныптың оқу мақсаттарына жету туралы ақпаратпен қамтамасыз ету. Бақылау шараларының нәтижелері мұғалімге оқушылардың іс-әрекетін олардың біліміндегі кемшіліктер мен олқылықтарды жеңуге бағыттауға, ал студенттерге өз қателіктерін анықтауға және түзетуге көмектеседі. Сонымен қатар, тексеру нәтижелері мектеп дирекциясы мен ата-аналарға оқу процесінің сәтті өткендігі туралы хабарлайды.

Ынталандырушы функция. Бағалаудың тағы бір маңызды рөлін ұмытпау керек. Оқушылар арнайы бақылауға, сынаққа, емтиханға дайындалатыны белгілі. Оқытушының қатысуымен барлық оқушылар берілген жаттығуларды орындайды. Егер олар тексерілсе, жазбаша жұмыстарға көбірек көңіл бөлінеді. Бір сөзбен айтқанда, бақылаудың болуы немесе күтуі оқушылардың оқу іс-әрекетін ынталандырады, олардың оқу іс-әрекетінің қосымша себебі. Алайда, жоғарыда айтылғандай, бағалаудың өзі бақылау шекарасынан асып түседі және егер ол тек жазалау мақсатында емес, оқыту үшін қолданылса, күшейтуді білдіреді.

Оқушының жай-күйі туралы ақпаратсыз (кері байланыс) оқу процесін сауатты басқару мүмкін емес, ал ынталандырусыз елестету қиын, оқушылардың жүйелі жұмысы болмаса, оларда білік мен дағдыларды қалыптастыру мүмкін емес. Бағалау функциясын тек мұғалім жүзеге асырады. Оқулықтың анықтамалық материалы, сондай-ақ оқу машиналары өзін-өзі бағалау үшін қолайлы жағдай жасайды, тек мұғалім шынайы бағалауды жүзеге асыра алады.

Оқушылардың білімі мен дағдыларын бағалау формалары – бақылау тапсырмаларын орындаудағы оқушылардың көптеген, әртүрлі іс-әрекеттері. Оқытудың әртүрлі кезеңдерінде бағалаудың әртүрлі түрлері қолданылады:

- күнделікті оқу сабақтары барысында жүргізілетін білімді ағымдағы тексеру және бағалау,

- тоқсандық тексеру және әр тоқсанның соңында жүргізілетін білімді бағалау,

- жылдық білімді бағалау, яғни бір жылдағы оқушылардың үлгерімін бағалау,

- бітіру және ауыстыру емтихандары.

Бағалау жүйесінің жаңа формалары

Соңғы уақытта әртүрлі білім беру мекемелері мен педагогикалық жүйелерде бес балдық шкала шеңберінен шығатын бағалаудың жаңа формалары әзірленіп, тәжірибеге енгізілді. Көп балдық белгілер шкаласы әр балл белгілі бір деңгейге немесе тапсырмаларды орындау деңгейіне сәйкес келетіндігіне негізделген. Таксономияға негізделген он балдық шкала ең көп таралған, ол оқушының оқу деңгейінің 5-ін анықтайды, ұсынылған ақпаратты тану мен есте сақтаудан бастап, үйренген теорияны практикалық қызметке, оның ішінде жаңа, бейтаныс, стандартты емес жағдайға ауыстыруға дейін. Оқытудың бөлінген деңгейлеріне сүйене отырып, 1 балдан – «өте әлсіз», 10 балға дейін – «өте жақсы» шкаласы құрылады.

2000 жылдардың басынан бастап «оқу портфолиосының» әртүрлі нұсқалары отандық педагогикада кеңінен таралды.

Портфолио модельдері, әдетте, бір білім беру жүйесіне жататын немесе жергілікті, аймақтық немесе федералды деңгейлерде экспериментке қатысатын жеке мектеп немесе мектептер тобы деңгейінде жасалады. Бастапқы кезеңде, әдетте, білім алушы туралы өмірбаяндық ақпаратты қамтитын портфолио нұсқалары қолданылады; оның динамикадағы жетістіктерінің профилі (мысалы, төрттен); сабақтан тыс іс-шаралар туралы ақпарат, сонымен қатар әртүрлі портфолио модельдері үшін әмбебап екі бөлім: оқушы әртүрлі деңгейдегі конкурстарда, жарыстарда, олимпиадаларда алған сертификаттарын ұсынатын құжаттар бөлімі және рефераттар, шығармашылық жұмыстар (өлеңдер, шығармалар, суреттер және т.б.), пәндер бойынша қорытынды белгілерді қамтитын жұмыстар бөлімі.

Бағалаудың басқа жиі кездесетін дәстүрлі емес түрлеріне белгілі бір уақыт ішінде немесе жеке пәндік тақырыпты өту кезінде ұпай жинау принципіне негізделген рейтингтік жүйе жатады[1].

Портфолио-оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау тәсілі ретінде

Портфолио оқушылардың білімін бағалаудың балама тәсілі ғана емес, бұл әлемдік білім беру жүйесін түбегейлі жаңартудың, оқыту сапасын арттырудың нақты мүмкіндігі.

Соңғы жылдары портфолиоға қатысты сұрақтар (оқушылардың жеке жетістіктерінің папкалары) өзекті бола бастады. Көптеген қазақ-орыс мектептері оқушылардың портфолиосын іс жүзінде қолдана бастады; көптеген еуропалық елдерде оны белсенді қолданады және осы ғасырдағы негізгі білім беру тенденцияларының бірі.

Қазіргі уақытта портфолионың бірнеше түрлері (оқушылардың білім жетістіктерінің портфолиосы) жасалуда және бұл осы терминді анықтауда, сондай-ақ олармен жұмыс жасауда белгілі бір қиындықтармен байланысты. Портфолионың түрлері тек мақсаттармен ғана емес, сонымен қатар жұмыс тәсілдерімен, оларды құрумен және т.б. Портфолионы жіктеу пән бойынша да

жүзеге асырылады.

Мақсаттарына байланысты портфолио екі түрге бөлінеді:

- портфолио – студенттердің білім жетістіктерін бағалаудың баламалы тәсілі;
- курстың тақырыптық портфолиосы – оның мақсаты белгілі бір пән бойынша бүкіл оқу үдерісіне жағымды әсер ету.

Портфолионың бірінші түрі бойынша белгілі бір жолмен жасалған дайын жұмыстар жиынтығын түсіну әдетке айналған. Бұл жұмыстар оқушының жалпы білім деңгейін, сондай-ақ оның білімдік өмірбаянын бағалауға мүмкіндік береді.

Портфолионың екінші түрі оқушының белгілі бір пән саласындағы жұмыстарының жиынтығын білдіреді. Бірнеше «пәндік портфолио» жинағы оқушының оқу жетістіктерінің портфолиосын құруға мүмкіндік береді. Портфолионың бұл түрі көптеген Еуропа елдерінде бұрыннан белсенді қолданылып келеді.

Айта кету керек, «портфолио» идеясының кейбір жақтаушылары оны оқушылардың жұмысын бағалау әдісі ғана емес деп санайды. Олар үшін портфолио оқытушылар мен студенттердің өзара әрекеттесуінің жаңа тәсілдерінің бірі болып табылады, бұл оқу процесін оңтайландыруға, сонымен қатар білім сапасын едәуір жақсартуға мүмкіндік береді.

Оқушыларды бағалаудың дәстүрлі тәсілдерінің жақтаушылары болып табылатын көптеген оқытушылар портфолио түріндегі емтихандар оқушылардың нақты білім деңгейін көрсете алмайды деп санайды. Бұл ішінара шындық, тестілеу кезінде студенттер белгілі бір саладағы білімдерін курстарды аяқтағаннан кейін көрсетеді және оқу барысында жасаған жұмыстарын көрсетпейді. Шын мәнінде портфолио студенттерді белгілі бір жұмыстарды жақсы орындауға итермелеуге ғана емес, сонымен қатар өз бетінше шешім қабылдауға, оқуға деген байыпты қатынасты жасауға мүмкіндік береді.

Мұның бәрі оқушының сапалы портфолио құруға ұмтылатындығына байланысты,



сонымен қатар көптеген пәндер бойынша қажетті білім алады.

Портфолио – бұл мақсат емес, бұл оқушының жеке жетістіктерін көрнекі түрде көрсету, сонымен қатар жаңа мақсаттар мен оларға жету жолдарын белгілеу мүмкіндігі.

Портфолио құруды бірнеше кезеңге бөлуге болады:

Жаңа міндеттер мен жаңа мақсаттар қою және оларды жазбаша сипаттау;

Жаңа мақсаттар мұғаліммен бірге тұжырымдалғанын есте ұстаған жөн, өйткені бұл жағдайда олардың дәлдігі мен қол жеткізу мерзіміне кепілдік беруге болады. Әйтпесе, айқын емес мақсаттарға қол жеткізу мүмкін емес, сонымен қатар ешқандай пайда әкелмейді. Жаңа мақсаттар мен міндеттерді талқылағаннан кейін оларды құжаттандыру керек – бұл оқушының жаңа портфолиосын құрудың алғашқы қадамы.

Портфолио құру үшін қажетті жұмыстарды дайындау;

Келесі кезең (кезең) – жобалар бойынша тікелей жұмыс, бірыңғай тұтастыққа (портфолиоға) жиналатын қажетті құжаттарды дайындау. Портфолионы рәсімдеу, презентацияны дайындау және өткен курсты талдау.

Бұл кезең ең қиын, бірақ сонымен бірге ең қызықты. Ең қиыны – өткен курсқа өз іс-әрекетіңізге сауатты талдау жасау, өз қателіктеріңізді көру және оларды түзету жолдарын табу. Бұл курсты, жұмыстағы қателіктерді талдау, бұл оқытудың түбегейлі жаңа деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл кезеңде студенттер мен оқытушылар бір-бірімен өзара әрекеттеседі, әдеттегі оқу процесін оқушы тек пән бойынша ғана емес, сонымен қатар басқа салаларда да білім алатын қарым-қатынасқа айналдырады.

Портфолиоға қажет құжаттарды қалай таңдауға болады?

Портфолио үшін келесі жұмыстарды таңдау ұсынылады:

- сіздің ойыңызша өткен курс үшін ең жақсы деген үш жұмыс;

- оқу курсының басынан, оның ортасы-

нан және соңынан бірнеше жұмыс;

- 3-4 жұмыс, олар өткен оқу жылында/оқу курсына нені жақсы білгендеріңізді көрсетеді;

- курс барысында орындалатын барлық жұмыс түрлерінен бір жұмыс. Тіпті сол немесе басқа салада жеткілікті білімі жоқ адамдарға түсінікті болатын шығармаларды таңдау ұсынылады;

- Сіз өзіңіздің мақтанышыңыз деп есептейтін 2-3 жұмыс;

- достарыңызға немесе жақындарыңызға көрсеткіңіз келетін бірнеше жұмыс.

Оқу материалын меңгеру сапасын бағалаудың рейтингтік жүйесі

Рейтингті қолдану оқу процесін ұйымдастыратын және оның тиімділігіне белсенді әсер ететін жүйе болып табылады. [2]

Бағалаудың рейтингтік жүйесі білім алушылардың білім, білік және оқушылардың жеке қасиеттерін қалыптастыратын басқа да көрсеткіштерді алуға байланысты барлық белсенді қызметін ескереді. Тест арқылы алынған баға анағұрлым сараланған.

Тест нәтижелері тесттерді арнайы ұйымдастырудың арқасында бағалаудың көп градациясын қамтитын сараланған шкалаларда ұсынылуы мүмкін. Бұл ретте оқу жетістіктерін өлшеудің жоғары дәлдігі қамтамасыз етіледі. [3]

Рейтинг жетістіктердің шкаласы болғандықтан, өлшеу стандарты болуы керек. Мұндай құрал оқу пәніне сәйкес келетін дұрыс құрылған және жақсы құрастырылған тест.

Рейтингтік жүйе – бұл білімді игеру деңгейін бағалау ғана емес, сонымен қатар пәнді оқуға жүйелі тәсіл әдісі.

Бағалау білім беру процесінің негізгі кезеңдерінің бірі. Оның көмегімен келесі функциялар орындалады: диагностикалық, оқыту, ұйымдастыру және тәрбиелеу. Бағалау оқу мақсаттарымен анықталады және сонымен бірге оларды түзету жаңа мақсаттар қоюға әсер етеді. Бұл жағдайда оқушының танымдық іс-әрекетін басқарудың маңызды құралы болып табылатын жеке мақсаттарын

ескеру қажет. Егер бастапқыда мұғалім мен оқушының мақсаттары сәйкес келмесе, бұл елеулі педагогикалық қателіктерге, оқушыны бағалау процесінен алшақтатуға, мотивацияның төмендеуіне, нәтижесінде оның бағытын өзгертуге әкеледі. Сондықтан

мұғалім мен оқушының мақсаттарын жақындастыруды қамтамасыз ететін оқу процесін ұйымдастырудың формалары мен әдістерін таңдау керек, бұл оқытудың жаңа технологияларын, атап айтқанда, бағалауды іздеуге әкеледі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. О.Ю. Зябкина, В.И. Попова. Современный подход к оценке достижений учащихся на основе балльно-рейтинговой системы. // Современные научные исследования и инновации. – Сентябрь, 2011. [Электронный ресурс]. URL: <http://web.snauka.ru/issues/2011/09/2557>
2. Обсуждаем системы оценивания. Рейтинговая система оценивания знаний учащихся в современном образовательном пространстве http://pedsovet.org/component/option,com_mtree/task,viewlink/link_id,5733/Itemid,118/
3. Д.Д. Данилов. Система оценки достижения планируемых результатов освоения основной образовательной программы начального общего образования в «Школе 2100» (технология оценивания образовательных достижений учебных успехов).
4. www.school2100.ru/school2100/nashi.../tehnologiya_ocenivaniya.pd.
5. Д.Д. Данилов. Технология оценивания образовательных достижений (учебных успехов).
6. www.school2100.ru/school2100/nashi.../tehnologiya_ocenivaniya.pd.





ОБУЧАЮЩИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ТУРИСТСКО-КРАЕВЕДЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

А. Демеуов¹, О. Мазбаев²

¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая.

²Национальная академия образования им. И. Алтынсарина.

Аңдатпа. Жаңартылған білім беру жүйесінде болған өзгерістерді ескеріп мектептен тыс және оқудан тыс жұмыс тәжірибесіне негізделген туристік-өлкетану іс-әрекеті қажет. Осыған орай педагогикалық процесті оңтайландыруды талап етеді. Білім беру жүйесінің алдында тұрған міндеттер туристік-өлкетану іс-әрекеттер арқылы іске асырылуы мүмкін. Оқушының жеке басын жан-жақты дамыту, оның туристік және өлкетану іс-шараларына қатысу процесінде әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасау. Алайда, мектеп мұғалімі мектепте туристік және өлкетану қызметін ұйымдастыруға және өткізуге дайын емес. Мектепте туристік-өлкетану іс-әрекеттерін ұйымдастырушыларды даярлаудың педагогикалық міндеттерін тиімді шешуге мүмкіндік беретін ғылыми зерттеулер жоқ. Мақалада туристік іс-әрекеттерді оқу процессінде пайдаланудың мүмкіндіктері қарастырылады.

Аннотация. Учитывая изменения в модернизированной системе образования, существует потребность в туристско-краеведческих мероприятиях, основанных на опыте внеклассных и внеурочных занятий. В статье рассматривается возможность использования туристской деятельности в образовательном процессе. Создание необходимых условий для полноценного развития личности школьника, его социальной адаптации в процессе участия в туристско-краеведческой деятельности.

Абстракт. The changes in the modernized system of education led to a need for tourism and local history activities based on the experience of extracurricular activities. The article discusses the possibility of using tourism activities in the educational process. For full development of a learner's personality and for learner's social adaptation it is recommended to participate in tourism and local history activities.

Түйінді сөздер: өлкетанудың туристік қызметі, ТКД жүйесі, үйлесімді тұлғаны қалыптастыру, құзыреттілікке негізделген көзқарас, амбебап тәрбие құралы

Ключевые слова: туристско-краеведческая деятельность, система ТКД, формирование гармоничной личности, компетентностный подход универсальное средство образования.

Key words: tourism and local history activity, the TKD system, the formation of a harmonious personality, competence-based approach, a universal means of education.

Педагогически правильная организованная и выстроенная туристско-краеведческая работа позволяет учителю реализовать краеведческий принцип преподавания предмета. Сбор и накопление краеведческого материала для использования на уроках, как правило, осуществляется в походах и на экскурсиях, в процессе исследовательских-поисковых

работ. Краеведение тесно связано с освоением основ науки, с практическим применением основ истории, биологии, математики и других предметов, способствует приобретению знаний о явлениях окружающей среды и жизни на материале местного края. Оно является наиболее рациональным средством познания общих законов природы путем приобщения

учащихся к основам производства, дает возможность связать теорию с практикой, способствует выработке практических навыков. Краеведение способствует углублению межпредметных связей в учебном процессе. Впервые в Казахстане с 1987 года начата подготовка учителей географии и организаторов туристско-краеведческой работы [1].

Применение краеведческого материала в процессе восприятия и осмысления знаний способствует решению педагогических задач: его использование обогащает содержание объяснения, придает ему специфический характер и способствует формированию понятий при ответе на вопросы, для решения которых прежних знаний недостаточно. Использование местного локального материала в зависимости от планов урока изменяет взаимоотношения учителя и учащихся. Краеведческий материал способствует тому, что возрастает роль учителя в задаче организации умственной работы над фактами и явлениями, требующими определенных способов их представления учащимся. Самостоятельность и активность учащихся должным образом проявляются при работе над выводами и обобщениями, так как краеведческий материал значительно улучшает дальнейшую переработку в их сознании новых знаний.

Вовлечение краеведческого материала в процесс передачи новых знаний создает благоприятную проблемную ситуацию, когда учащиеся приходят к выводу, основанному на известных фактах, сравнивают ряд научных фактов и явлений с фактами окружающей среды, имеют возможность критического осмысления материала и выполнения самостоятельной работы.

В процессе туристско-краеведческой деятельности, педагогического направленного воздействия, в результате систематической и целенаправленной воспитательной работы накапливается положительный опыт поведения, при этом создаются благоприятные условия для

формирования нравственных качеств личности ребенка. Туризм и краеведение в их современном понимании - это физическое развитие, оздоровление и познание окружающей действительности, формирование ценных духовных качеств личности [2].

Выполнение краеведческих заданий на маршруте, постоянное пребывание в природной среде, общение с местным населением, знакомство с памятниками природы, истории и культуры способствуют воспитанию духовно-нравственных качеств, патриотизма.

Туризм и краеведческая деятельность являются важным средством укрепления здоровья и физического развития учащихся. После педагогически хорошо организованного похода подросток несколько дней чувствует себя физически хорошо и спокойно. Все это способствует повышению качества образовательного процесса [3].

В учебных заведениях Англии, Франции, Германии, Австрии и других стран при изучении отдельных предметов преподаватели используют в своей работе с учащимися прогулки и поездки на природу. Такие методы позволяют учащимся приобрести и максимизировать потребность в знаниях, творчестве и самоопределении личностно и профессионально. В Японии во время школьных каникул ученики выходят на улицу, чтобы научиться различным народным ремеслам. Такие экскурсии, с одной стороны, воспитывают уважение к труду, расширяют понимание экономического потенциала страны. С другой стороны, такие поездки могут иметь важную утилитарную цель - помочь с выбором будущей специальности [4].

В Казахстане туристско-краеведческая деятельность становится массовым движением подрастающего поколения, родителей и педагогического сообщества с целью познания окружающей среды и посредством туризма. За годы независимости в системе образования Республики Казахстан



сложилась и функционирует система туристско-краеведческой работы.

Общеизвестно, что с научно-техническим и социальным прогрессом возрастает потребность человека в усвоении большого объема разнообразной информации, быстром обновлении знаний, совершенствовании навыков. В этих условиях резко возрастает роль туристско-краеведческой деятельности, интегрирующей все основные педагогические процессы.

Исследования ученых подтверждают тот факт, что в результате достижений научно-технического прогресса, компьютеризации во всех сферах жизнедеятельности человека увеличилось количество случаев заболевания учащихся, количество стрессов и нарушений в обучении и поведении в результате переутомления, недостаточного пребывания на свежем воздухе, неправильной организации досуга и отдыха. Это общение с природой, смена обстановки, психологическая разгрузка, а главное - физическая активность.

Разработанная туристско-краеведческая деятельность - это педагогическая система, в проектировании которой использована модель системы непрерывного туристско-краеведческого образования.

Модель системы непрерывного туристско-краеведческого образования (СНТКО) представляет собой систему взаимосвязанных элементов, направленную на обеспечение главной цели непрерывного туристско-краеведческого образования - формирование гармоничной личности и здорового образа жизни.

СНТКО состоит из четырёх основных ступеней обучения: детский сад, школьное образование, дополнительное образование и ВУЗы. Для каждой ступени определены цели и задачи по трём параметрам: обучение, воспитание и развитие.

Основываясь на комплексном подходе к моделированию непрерывного туристско-краеведческого образования, можно выделить основные педагогические условия повышения его эффективности:

- реализация системного подхода в

туристско-краеведческой деятельности ТКД;

- включение учащихся в различные виды ТКД через обеспечение единства учебной и воспитательной работы;
- подготовка педагогов к решению задач и осуществлению ТКД.

В целях выявления эффективности предлагаемой модели был осуществлен поиск и отбор показателей всех видов воспитания личности. Были определены следующие показатели видов воспитания:

нравственное – любовь к Родине, уважение к государственным символам, интернационализм, толерантность, уважение к традициям и обычаям народа, гражданственность;

физическое – стартовые туристские ЗУН, укрепление опорно-двигательного аппарата, развитие лёгких, выносливость;

трудовое – добросовестность выполнения трудовых поручений, проявление личной инициативы к выполнению обязанностей;

экологическое – любовь к природе, знание правил поведения на природе, понимание необходимости природоохранной деятельности;

эстетическое – развитие эстетического вкуса, умение наблюдать природу и радоваться прекрасному, умение отображать увиденное в творческих работах.

Компетентностный подход в образовании. На сегодняшний день существует многовариантность в определении терминов «компетентность», «компетенция», которые употребляются со смежными понятиями «профессионализм», «квалификация», «образованность» и др. Большинство исследователей придерживаются той точки зрения, что компетентность – это возможность не просто обладать знаниями, но и потенциально быть готовым решать задачи со знанием дела.

К существенным признакам компетенции относят уровень, определяемый комбинацией, следующих критериев:

- уровень усвоения знаний и умений (качество знаний и умений); диапазон и широта знаний и умений;

- способность выполнять специальные задания;
- способность рационально организовывать и планировать свою работу;
- способность использовать знания в нестандартных ситуациях (функциональная грамотность).

Туристско-краеведческие компетенции – это параметр социального опыта личности, определяющий туристско-краеведческие знания, умения и навыки в соответствии со временем, местом, окружающим социумом [9]. Формирование туристско-краеведческих компетенций младшего поколения детей предусматривает приобретение навыков поведения и выживания в природе, развитие личностных качеств (коммуникабельности, лидерских, волевых качеств), мотивирует к самореализации, самопознанию, сотрудничеству, здоровому образу жизни.

ТКД в школе развивается, если в ней имеется туристский организатор из числа учителей. Учителя мало только научить разнообразным туристским технологиям, его еще надо воспитать, привить вкус к педагогике туризма - направлению воспитательной работы. В конечном итоге надо добиться выполнения трех следующих условий:

- осознания учителем полезности туризма (походов) для выполнения своих профессиональных задач;
- уверенности учителя в своей способности ходить с детьми в походы;
- чувство комфортности учителя в походах, основанное на гарантированной его обеспеченности всем необходимым для такой деятельности.

Поэтому главная задача состоит в том, чтобы пропустить через туристскую подготовку учителей, без чего невозможно совершенствование системы ТКД в школе. По результатам исследования установлено, что самым слабым звеном в подготовке учителей, как правило, является педагогика туризма - подходы учителя к содержанию походов, целям, методике. В практике туристской подготовки учителя можно

выделить следующие формы и методы. Учебный поход проводится для того, чтобы снять учительский страх перед походом, перед всем непривычным, необычным, что связано с походом и сопутствующей ему педагогической работой. Убедить в пользе похода можно только участием в нем. Поход должен быть проведен в хорошую погоду по красивому маршруту, должен быть не трудным, а в познавательном отношении очень содержательным. В его программу должны обязательно войти ориентирование на местности по компасу и карте, самые несложные (для первого раза) препятствия, ознакомление с природой и с ярким экскурсионным объектом, разбивка бивуака (выбор места, разведение костра, приготовление пищи и прочее). Важным является подготовка похода - мотивировка выбора маршрута, распределение походных обязанностей, вопросы снаряжения и экипировки.

Особенность организации обучения сегодня является принципиальным вопросом организации учебно-воспитательного процесса в образовательных учебных заведениях всех уровней: от дошкольных до высших. Это в первую очередь касается увеличения таких форм и методов обучения, которые формируют ключевые компетентности, создают условия для развития и умения самостоятельно принимать решения, учиться на протяжении всей жизни. По нашему мнению, организация непрерывного туристического-краеведческого образования даст возможность реализовать эти цели. Созданная и описанная в работе модель демонстрирует поэтапность образовательно-воспитательной работы. Определенные задачи дают возможность подобрать наиболее эффективные формы и методы работы.

Мы считаем, что туристско-краеведческая работа - универсальное средство образования и воспитания школьников. А подготовка к руководству осуществления деятельности необходима для будущих педагогов-предметников.



Использованная литература:

1. Мазбаев О. Б., Подготовка будущих учителей к организации туристско-краеведческой деятельности со школьниками, Автореферат диссертации кандидата педагогических наук, Алма-Ата, 1993.
2. Роль туристско-краеведческой деятельности в системе учебно-оздоровительного процесса студентов, <https://vuzlit.ru/342406/>
3. Рекомендации Конгресса ЮНЕСКО, <https://ru.unesco.org/events>

ӘОЖ 372.891

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫ МҮМКІНДІКТЕРІН ҚОЛДАНУ

Г.И. Аукенова¹, А.А. Бекмадиева²

¹Алматы қаласы «Мүсілім Базарбаев атындағы №138 гимназия» КММ,
география пәнінің мұғалімі

²Нур-Сұлтан қаласы 72 мектеп-лицейі, география пәнінің мұғалімі

Аңдатпа. Қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіби, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да адами қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етеді, өзін-өзі дамытуға және оқу процесін тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді. Әр мұғалімнің өзінің оқу тәжірибесіне сыни көзқарасы оқушының «негізгі функционалдық сауаттылығын» дамытуға ықпал етеді. Мақалада Блум таксономиясын география сабақтарында әдістері талқыланады. Мақала география мұғалімдері мен әдіскерлерге арналған.

Аннотация. Освоение современных педагогических технологий способствует формированию интеллектуальных, профессиональных, нравственных, духовных, гражданских и других человеческих качеств учителя, способствует саморазвитию и эффективной организации учебного процесса. Критическое отношение каждого учителя к своей учебной практике способствует развитию «основной функциональной грамотности» учащегося. В статье рассмотрены методические приемы использования таксономии Блума на уроках географии. Статья адресована учителям географии и методистам.

Abstract. Mastering modern pedagogical technologies contributes to the formation of intellectual, professional, moral, spiritual, civic and other human qualities of a teacher, to self-development and effective organization of the educational process. The critical attitude of each teacher to the teaching practice helps to develop «basic functional literacy» of a learner. The article discusses methodological techniques for using Bloom's taxonomy in geography lessons. It is addressed to the teachers of Geography and methodologists.

Түйін сөздер: Блум таксономиясы, кәсіби құзіреттілік, функционалды сауаттылық, таным.

Ключевые слова: таксономия Блума, профессиональная компетентность, функциональная грамотность, познание.

Keywords: Bloom's taxonomy, professional competence, functional literacy, cognition.

Жаңа замандағы білім беру жүйесі жаңа міндеттерді жүктейді.

Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда.

Мемлекеттік білім беру стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды ендіруді міндеттейді. Бір сөзбен айтқанда білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту болып отыр.

Қазіргі заманғы педагогикалық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Кез келген педагог қоғамның экономикалық және әлеуметтік жағынан ілгерілеуінің маңызды факторы ретінде, білім берудің ұлттық моделін дамыту, шығармашыл тұлға қалыптастыруға дағдылану, ақыл-ой қорын жинау сияқты мақсаттарды көздейді. Әр мұғалім өз тәжірибесіне сыни көзқараспен қарауы оқушының «негізгі функционалдық сауаттылығын» дамытуына ықпал етеді.

Қазіргі кезде білім беру саласындағы инновациялық бағыттың қажеттілігінен туындаған білімді меңгертудің шығармашылық деңгейіне жету үшін Блум жүйесі кең қолданыста пайдаланылады. Блум таксономиясының авторы Бенджамин Блум – америкалық оқыту әдістемесінің психологі. Пенсильванияда Ленсфорд қаласында туылған, 1935 жылы Пенсильван университетін бакалавр және магистр дәрежесінде білім алған, 1942 жылы Чикаго университетінде докторлық деңгейін қорғады. «Блум таксономиясы» атты кітабында өз теориясын дамытқан.

1956 жылы Бенджамин Блумның төрағалық етуімен білім беру комитеті әзірлеген Блум таксономиясы сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау

дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі болып табылады.

Географиялық білім беруде Блум таксономиясын қолданып оқушылардың шығармашылық ізденістерін, өздігінен жұмыс істеу белсенділіктерін арттыру арқылы теориялық білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту заман талабына сай.

Блум таксономиясына оқу материалдарын есте сақтаудан бастап бұрын алған білімді ой елегінен өткізіп жаңғыртуды, ойларды, үлгілерді, іс әрекеттер тәсілдерін алдын ала оқып үйрену негізінде оларды жаңа жағдайда қайта құрып өзекті мәселені шешкенге дейінгі танымдық мақсаттар кіреді.

Яғни, Блум таксономиясының мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру.

Бұл мақсаттарды жүзеге асыру мынадай міндеттерді көздейді:

- Жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін меңгерте отырып, өз бетімен ақпараттар іздеуге дағдыландыру;
- Жеке тұлғаны және оның шығармашылық қасиеттерін, ойлау қабілетін дамыту;
- Оқушыларды қазіргі заманғы жаңа техникаларды меңгере білуге дағдыландыру, оны оқу үрдісінде кеңінен қолдану;

Күтілетін нәтиже: қазіргі қоғам талабына сай әлеуметтік бейімділігі жоғары, мәдениетті, ұлттық тәлім-тәрбие алған, білімі мен біліктерін өмірде пайдалана алатын, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Сабақ жоспарын Блум таксономиясына салып, бағдарламада белгіленген жеті модульді ықпалдастырудың арқасында оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын, сондай-ақ қызығушылықтарын анықтап, оқушы бойында ішкі уәж тудырып, өз қабілеттеріне сенім арттырып, ол өз кезегінде жаңа материалды саналы түрде меңгеруіне әсер етеді.

Блум таксономиясы қарапайымнан күрделіге қарай 6 сатыдан тұрады.

1. Білім
2. Түсіну



3. Қолдану
4. Талдау
5. Жинақтау
6. Бағалау

I. Білу.

Бұл категория мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді. Қолданылған терминдерді біледі (есте сақтайды және қайталайды);

- жұмыстың орындалу ретін біледі;
- негізгі ұғымдарды біледі;
- жабық тест тапсырмаларын орындайды;
- анықтамалар мен атауларды қайталау.

II. Түсіну.

Таным мен ойлаудың орта деңгейі.

Ұқсастық пен айырмашылықты анықтау, салыстыру, нәтижені суреттеу.

Оқу материалын түсіну үшін мынандай төмендегідей әрекеттер жүзеге асырылады:

- Түсіндірме (интерпретация) – негізгі идеяларды анықтау және олардың өзара байланыстарын келтіру: «Қалай?» «Неліктен?» сұрақтары, «Салыстырыңыздар», «Айырмашылығын көрсетіңіздер» тапсырмалары.

- Аударма (трансформация)- мағынасын сақтай отырып, идеялады таныс белгілі бір формаға ауыстыру: графикті оқып беру, суретті түсіндіру, өз сөзімен мазмұндау, терминологияны өз сөзімен түсіндіру.

- Мысалдар- мәліметті, ойды дұрыс түсінгендікті көрсетеді.

- Анықтамалар- атау немесе түсініктің мағынасын өз сөзімен жеткізу.

Тапсырмалар түрлері:

Мысалы: Қазақстан экономикасының құрылымына талдау жасау.

1991, 2000, 2010 жылдармен салыстырғанда ауылшаруашылық өнеркәсібі, құрылыс, ЖІӨ-дегі қызметтер өндірісі айтарлықтай өзгерді. Ауылшаруашылығындағы ЖІӨ-нің үлесі 1991 жылғы 28,6%-дан 4,4%-ға дейін, тиісінше, құрылыс 9,0%-дан 5,6%-ға, білім беру 5,6%-дан 2,9%-ға, денсаулық сақтау және әлеуметтік

қызметтер бойынша 3,7%-дан 1,9%-ға дейін төмендеу процесі байқалады. Өнеркәсіп өндірісінің үлесі жалпы ішкі өнімнің 30%-ын құрайды. Республика экономикасында жұмыспен қамтылғандар 20% (шамамен 650 мың адам). Осы мәліметтер негізінде 2019, 2020 жлдардың көрсеткіштеріне талдау жасау жұмыстарын жүргізу қолға алынады.

III. Қолдану.

Таным мен ойлау деңгейі - орта деңгей. Белгілі бір проблеманы шешу үшін мәліметті қолдану. Оқушылар белгілі бір мәліметті (ереже, анықтама, формула) есте сақтайды. (Білім), оның басқалардан айырмашылығын айқындайды. (Түсіну), енді осы мәліметті нақты бір қолданыста көрсетеді. (Қалай қолдануға болады? Картадан көрсету, статистикалық мәліметтерді пайдалану, кестені құру.

Мысалы: Мәтінді пайдаланып және Қазақстанның экономикалық картасын талдау негізінде, Атырау және Алматы облыстарының даму көрсеткіштерін әртүрлі деңгейде болуын анықтаңдар.

IV. Талдау.

Таным мен ойлау деңгейі – жоғары деңгей. Дәйектер мен себептерге сәйкес ақпаратты тексеру және жіктеу. Қорытынды жасау және жалпылаудың болғанын растайтын дәлелдерді анықтайды. Нәтижесінде:

- Ойдың өрбуінен қателер мен олқылықтарды айқындайды,

- Фактілер мен олардың салдарының арасын ажыратады;

- Ұсынылған фактілердің маңыздылығын айқындайды.

Мысалы: «Халықаралық экономикалық қатынастардың негізгі формалары» сызбасын талдап, мәліметтер негізінде қорытындылар жаса және жауабыңды тұжырымда.

V. Жинақтау.

Таным мен ойлаудың жоғарғы деңгейі. Оқу материалының элементтерінен

жаңашыл сипаттан бүтінді (нәтижені) құрас-
тыру.

- Тәжірибе жасаудың өзіндік жоспарын
ұсынады;

- Қандай да болмасын проблеманы
шешу үшін өз білімдері аясында ізденушілік
шығарамшылықты қолданады.

Ұсынылатын тапсырма: Оқулықтың мәті-
нінен, басқа да ақпараттық дереккөздерден
«Мемлекеттің геосаяси перспективалары
және олардың дүниежүзілік экономикаға
әсері» деген тақырып бойынша бір елге
талдау жаса.

VI. Бағалау.

Таным мен ойлаудың жоғарғы деңгейі.
Оқу материалы туралы өзіндік пікір келтіру,
ойын білдіру арқылы маңызын анықтау:

- Ішкі немесе сыртқы критерийлерге
сүйеніп, оқу материалының маңыздылығын

айқындау;

- Жасалған шешімдер мен қорытын-
дылардың берілген фактілерге сәйкестігін
анықтау.

Мысалы: Қазақстандық халықаралық
жүк тасымалы қызметінің бәсекелестік
позицияларына SWOT-талдау жасай отырып,
интеграциялық процестердің, еркін сауда
аймақтары, туризм, т.б. перспективалық
бағыттарын анықтап, талда.

Қорыта келгенде, география пәнінде
сабақ жоспарын Блум таксономиясына
негіздеп құрудың тұлға құзыреттілігін
Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деген түсінік береді. Бұл модуль арқылы маңызды мәселелерді талқылауға болады және білім беру үшін тиімді болып табылады. Бұл оқушылардың да мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Сыни тұрғыдан ойлау көбіне қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді. Бұл жолдағы ең оңай тәсіл балалардың жеке басының тәжірибесіндегі дәлелдерге мән беруге ынталандыру.




Сын тұрғысынан ойлаудың ең жақсы тұстары балалардың жан – жақты іздену қабілеттері дамиды және нашар оқитын оқушыларда да қозғалыс, ұмтылыс, жұмыс жасау қабілеттері пайда болады. Кейбір сабақтарымда кедергілерге ұшырасам да, оны жеңу жолдарын іздестіре бастадым. Сын тұрғысынан ойлау модулін реті келсе әр сабақта қолданған ұтымды.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасында 100-ге жуық стратегиялар бар. Қазіргі кезде мен қолданып жүрген стратегиялар Венн диаграммасы, «Т» кестесі, эссе, ой қозғау, инсерт, шығу парағы, кубизм, дискуссиялық өрнек, кластер, ішіне сыртына, синквин, т. б.

Сын тұрғысынан ойлау – өз алдына сұрақтарға жауап іздеп, жан-жақты пікірлесіп, талдау жасап отыру. Бала санасын сол тақырыпқа байланысты ояту, ой шақыру, ойын тұжырымдау, қасындағы балалармен пікірлесу, топтасу. Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шыңдалған ойлау. Жас балалардың да бұл жұмысы дұрыс ұйымдастырылған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Бастауыш сыныптарда оқытуда мына төмендегі айтылып отырған оқыту қағидаларын қажет етеді.



Бастауыш сынып оқушылары үшін ең жоғарғы бедел иесі мұғалім. Оқушылар әр пәннен алатын білімдерін мұғалім арқылы қабылдайды. Оқу мен оқытушы ол үшін бөліп – жарғысыз нәрсе. Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тұрақтанған қалпы


бар сала- бастауыш мектеп. Әйтсе де соңғы уақыттарға дейін бастауыш мектеп балаларды оқу, жазуға, есептеуге ғана үйрететін, қоршаған орта, қарапайым дүниетанымға жалпы түсініктер беретін білім ошағы болып саналады. Қазіргі кезде бастауыш мектепте оқыту мазмұнын жаңарту жұмыстары бағдарламаға сай жүргізіліп, оқыту, тәрбиелеу, дамытудың жаңа мүмкіндіктері ашылды.

Бастауыш сыныптардағы оқытудың мазмұнында оқытылатын пәндер ерекше орын алады. Мұнда пәннің алдына қоятын ең негізгі мақсат, міндеттерінің бірі:



Оқушының оқу-танымдық әрекетін қалыптастыруды оқытудың жаңа технологияларын оқу үдерісіне еңгізудің маңызы ерекше.

Білім берудің сапасын жақсарту мақсатында Сын тұрғысынан ойлау технологиясын өз сабақтарымда қолданып жүрмін. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының мені қызықтырғаны баланың өзі ізденіп дәлелдеуі. Оқушы бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы.



Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы оқушының еркін сөйлеуіне, пікір талас-

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІНЕН

тыруына, достарының ойын тыңдауға, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған бағдарлама.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойыңды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз - ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Басты мақсаты оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету.

Бұл бағдарлама жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда оқушылардың білім деңгейін көтеруде,

балаларды шығармашылыққа баулуда, ойларын еркін айтуда тез арада дұрыс шешімдер табуға атсалысатын бірден-бір тиімді бағдарлама деп есептеймін.

Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шындалған ойлау. Оқушылардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді. Сыни тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылығын ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі.

Ұстаздың міндеті – жеке тұлғаның өзіне, қоғамға қажетті қабілеттерін қалыптастыру, дамыту және өз бетімен білім алуына, өзін-өзі дамытуға қолайлы жағдай жасау. Осыған байланысты әр педагог сапалы білім мен саналы тәрбие берудің тиімді жолдарын іздестіру қажет, себебі ХХІ ғасыр – білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Педагогикалық ізденіс. Алматы-Рауан. 1993.
2. Аюбаева Т «Ақпараттық технологиялар оқыту үрдісінде». «Қазақстан мектебі» 2008 № 9. 65-бет.
3. Г. Бекеева «Электронды оқулықтардың атқаратын орны» Бастауыш мектеп 2009ж № 3. 6-бет.
4. «Ақпараттық-технологиялық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі» Бастауыш мектеп 2010.10. 64-бет.
5. А. Медешева «Компьютерлік бағдарламаларды оқу-тәрбие жұмысында қолдану «Бастауыш мектеп» 2001.№4. 36-бет.
6. <http://www.google.kz> Жаңа білім беру технологиясы мен әдіс тәсілдері.



НРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ ШКОЛЬНИКОВ НА ОСНОВЕ ФОЛЬКЛОРНО-ДИДАКТИЧЕСКОЙ СРЕДЫ В ПЕДАГОГИЧЕСКОМ НАСЛЕДИИ И. АЛТЫНСАРИНА

Г.Д. Баубекова¹, Г. Елубаева²

¹профессор Университета «Туран-Астана», доктор педагогических наук

²магистрант университета «Туран-Астана»

Аңдатпа. Мақалада атақты қазақ ағартушысы И.Алтынсариннің дидактикалық идеялары қарастырылған. Авторлар Ы.Алтынсарин шығармаларында қазақ халқының фольклорының өскелең ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеуге әсерін бөліп көрсетеді. Тәрбиеші ертегілерді, аңыздарды, әңгімелерді, жұмбақтарды таңдайтынын және халық даналығының атрибуттарын педагогикалық тұрғыдан түсіндіре отырып, олардың тәрбиелік мақсатын қызықты, ойын - сауық түрінде ашатыны айтылады. И.Алтынсарин ұлттық тілдің экспрессивтілігін, оның ырғағын, дәлдігін, эпитет байлығы мен салыстыруды жоғары бағалады.

Аннотация. В статье рассматриваются дидактические идеи известного казахского просветителя И. Алтынсарина. Авторы выделяют в произведениях И.Алтынсарина влияние фольклора казахского народа на нравственное воспитание подрастающего поколения. Отмечается, что просветитель отбирает сказки, сказания, рассказы, загадки и, педагогически интерпретируя атрибуты народной мудрости, раскрывает их воспитательные цели в интересной, занимательной форме. И. Алтынсарин высоко ценил выразительность народного языка, его ритмичность, меткость, богатство эпитетов и сравнений.

Abstract. The article deals with the didactic ideas of the famous Kazakh educator Y. Altynsarin. The authors highlight the influence of the Kazakh folklore on the moral education of younger generation in the works of Y. Altynsarin. It is noted that the educator selects fairy tales, legends, stories, riddles and pedagogically interpreting the folk wisdom reveals their educational goals in an interesting and entertaining form. Y. Altynsarin highly appreciated the expressiveness of the national language, its rhythm, accuracy, richness of epithets and comparisons.

Түйінді сөздер: мұра, адамгершілік тәрбие, рухани құндылықтар, дидактикалық құралдар, фольклор.

Ключевые слова: наследие, нравственное воспитание, духовные ценности, дидактические средства, фольклор.

Key words: heritage, moral education, spiritual values, didactic means, folklore.

В Казахстане новая концепция образовательной политики направлена на социальную консолидацию и гражданское единение казахстанского общества. В ней учтены большая динамичность развития общества, быстрые темпы формирования молодежи в образовательном и личностном аспектах. Цели и задачи воспитания

молодежи определяются объективными потребностями общества, т.к. разразившаяся пандемия стала серьезным вызовом для систем образования всего мира.

Полнота педагогики, как науки, немалым без изучения педагогического наследия, созданного народом в течение длительного исторического периода.

Соединение универсальных ценностей с этнокультурными идеалами обеспечивает воспитание у индивида чувства принадлежности к своему народу, желание трудиться ради его процветания и счастья, педагогизацию образа мышления этноса, максимальное использование достижений народной педагогики.

Национальная культура и психология складываются веками, собирая по крупице духовные ценности каждого поколения, отсеивая и совершенствуя их содержание и форму. Усвоение духовных ценностей обогащает не только каждого человека в отдельности, но и целые народы и поколения.

Проблема духовно-нравственного воспитания личности всегда была одной из актуальных, а в современных условиях она приобретает особое значение. Многие проблемы современности имеют глубокие исторические корни в гуманистических идеях наших просветителей, дидактических особенностях фольклора, традициях и обычаях народа.

Психолого-педагогический анализ исторической литературы по педагогике позволил нам выявить ретроспективный генезис развития системы образования в Казахстане, в частности, исследовать и изучить педагогическое наследие известных педагогов-просветителей.

Необходимо отметить, что дидактические идеи известного казахского просветителя И. Алтынсарина, его учение представляют собой целостную и оригинальную педагогическую систему, в которую были введены важнейшие научные понятия: наглядность в преподавании, народность, природосообразность, опыт и наблюдение.

Ибрай Алтынсарин прогрессивное развитие казахского народа тесно связывал с развитием просвещения. Основой его педагогической деятельности был девиз: «долг каждого из нас – внести посильную лепту на пользу своей Родины»[1].

Педагогическая методика И. Алтынсарина, основанная на передовых достижениях

европейской педагогической мысли, представляла новое учение. Школьная система великого учителя была направлена на духовное развитие молодёжи. В 1879 году И.Алтынсарин выпустил «Киргизскую хрестоматию», которая стала не только учебным пособием для детей, но и книгой народного чтения. В этом знаменитом труде показаны достоинства оседлого образа жизни, занятия земледелием, ремеслом, промышленностью, торговлей, польза практических знаний, сведения о прошлом казахского народа и народов мира.

Ибрай Алтынсарин постоянно самосовершенствовался, стремился к знаниям, быстро овладел русским языком, был способным и одаренным учеником. Его любознательность, целеустремленность, упорство помогли изучить труды не только классиков русской и западноевропейской литературы, но и поэтов Востока – Навои, Фирдоуси, Саади, Джами и т.д. Неумоимо изучая историю родного края, народа, Ибрай Алтынсарин вникал во все социально-экономические, политические процессы страны. Несмотря на отдаленность Оренбурга от Петербурга и Москвы, местная интеллигенция, особенно учительство, была в курсе всех событий, жила теми же интересами и теми же настроениями, что и вся страна. И. Алтынсарин зачитывался такими прогрессивными журналами того времени, как «Современник», где публиковались статьи Н.Г. Чернышевского, Н.А. Добролюбова и т.д. Просветитель ввел в оборот целый пласт нравственно-публицистических категорий из жизни казахского общества, попытался осмыслить их и дать необходимую оценку. По мнению Алтынсарина, народная поэзия является прекрасной дидактической средой для воспитания ребенка, поэтому в учебно-педагогических опытах Алтынсарина фольклору отведена особая роль [2; 33].

«Казахская хрестоматия», вышедшая в 1879 году, является первым национальным букварем, первым учебником, составленным на основе русского алфавита. Эта



книга оказала неоценимую помощь казахским детям в освоении русского языка. В «Хрестоматии» в популярной форме излагались основы знаний, в небольших рассказах говорилось о важности перехода к земледелию, к оседлому образу жизни, в популярной форме преподносились детям достижения науки и техники.

Ибырай Алтынсарин написал много стихов и песен, где призывал учиться, любить свою Родину и верно служить ей. В стихотворении «Давайте, дети, учиться» он говорит:

Если будете учиться, дети,
Свет, как в светильниках, зажжется.
Все желания ваши без поисков
сбудутся...

Давайте, дети, учиться.

И выученное в памяти давайте
закрепим!

Исключительно большое значение придавал И. Алтынсарин роли женщины-матери, отмечая, что начальное воспитание детей - в ее руках.

Кто так ласкает нежно младенца,
По ночам просыпается тревожно от сна,
Прислоняясь к люльке, кормит;
Бережно качая, усыпляет его.

Кто малыша сажает осторожно на коня,
И ребенок радостно скачет на живом
скакуне.

Чтобы не беспокоил ребенка холод,
Прикрывает его мягким одеяльцем,
Бережет его в приятном тепле.

Нет ни в чем для него недостатка - все
в изобилии.

Купает его в воде, надевает на него
чистую рубашку.

Такую, чтобы она пахла свежим запахом
цветка [3; 90].

В стихотворении И. Алтынсарин высоко ценит лучшие традиции казахской семьи: он говорит о праве ребенка на родительскую любовь и ласку, трогательно рисует духовную чистоту и нежность материнской любви, её вечную заботу, преданность и искренность.

Содержание многих статей великого

педагога прививает детям любовь к родной природе, приучает к наблюдательности, развивает мышление. Стихотворения И. Алтынсарина «Жаз» («Весна»), «Река» наряду с изображением красоты природы отмечают и хозяйственное значение ее явлений, учит рациональному и бережному отношению.

К поучительным рассказам относятся следующие: «Отец и сын» (наказанная лень), «Чудесная трава» (прилежание), «Мать и дочь» (милосердие), «Лиса и коза» (ложь), «Два товарища» (плохая дружба), «Кривое дерево» (упрямство), «Кусочек ваты» (скупость и бережливость), «Чистый ручеек» (честность) и т.д.

Ибырай Алтынсарин придавал большое значение богатейшему источнику воспитания - казахскому фольклору. Просветитель мастерски и умело использует отдельные сказки, былины, пословицы и поговорки. Он отбирает дастаны, сказания, рассказы, загадки и педагогически интерпретируя атрибуты народной мудрости, раскрывает их воспитательные цели выпукло и в тоже время в интересной, занимательной форме. И. Алтынсарин высоко ценил выразительность народного языка, его ритмичность, меткость, богатство эпитетов и сравнений.

Находясь постоянно в разъездах, просветитель тщательно, скрупулезно изучал жизнь и быт казахского аула. Именно поэтому в формировании мировоззрения И. Алтынсарина большую роль сыграла самобытная культура казахского народа, складывавшаяся на основе импровизаций народных акынов, героических эпосов, преданий, из разнообразных устно бытовавших произведений фольклора.

Большое внимание И. Алтынсарин уделял нравственному воспитанию личности ребёнка, считая необходимым обращать больше внимания на духовность, укреплять воспитательную основу обучения.

В наследии великого просветителя мы ясно видим, что путь к культуре он определяют через познание, максимальное

использование прогрессивных элементов этнической культуры. Самая основная задача национального воспитания, весь смысл, его ценность он видит в том, чтобы молодежь посвятила свои силы служению Родине. Один из путей предотвращения нравственной и духовной деградации молодежи И.Алтынсарин видел в национальном воспитании, являющемся основой общей системы воспитания. Просветитель представлял в своих рассуждениях, что строить здоровое общество и сильное государство может только человек – патриот, преданный своей Родине.

Просветитель-демократ, ученый, мыслитель, общественный деятель И. Алтынсарин разработал нравственные основы школьного воспитания. Важнейшим источником нравственного воспитания он считает устное народное творчество, отражающее жизнь и быт, патриотизм, традиции, обычаи народа. Об этом свидетельствует «Киргизская хрестоматия» И. Алтынсарина, в которой представлены и нравоучительные статьи с конкретным нравственно-этическим воспитательным содержанием.

Учёный-педагог К.Т.Джумагулов, изучая и анализируя творчество И. Алтынсарина, выделил в его произведениях семь разделов. Духовно-нравственная (моральная) тематика произведений И.Алтынсарина преобладает в шести из них [4, 80].

Главным условием нравственного становления людей И. Алтынсарин считает распространение среди широких масс грамотности и научных взглядов. Основу нравственности он видит в образовании и воспитании.

Следует отметить, что И. Алтынсарин в своем произведении «Шарайтлы ислам» признает существование некоего сверхъестественного духа, способствующего гармонизации мира. Он разъясняет, что «приобретение положительных знаний позволит им разобраться, где добро и где зло...» [4, 169].

В педагогическом наследии И.Алтынсарина, созданных им учебниках и методических пособиях для казахских школ («Киргизская хрестоматия», «Начальное руководство и обучение киргизов русскому языку» и других) нашли отражение народные традиции и обычаи, детские игры и игрушки, традиции детской среды и т.д. Итогом исследовательской работы учёного по изучению традиций, быта и нравов казахов явились его работы «Очерк обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского ведомства» и «Очерк обычаев при похоронах и поминках у киргизов Оренбургского ведомства», которые представляют собой огромный научно-практический интерес не только как этнографические труды, но и являются ценным вкладом в исследование позитивных и консервативных сторон народных обычаев, выяснению их воспитательного значения.

Рекомендуя детям для чтения простые, занимательные рассказы, сказки, басни, стихотворения на родном языке, И. Алтынсарин использовал дидактические принципы – от простого к сложному (предлагая в заключении сделать свои выводы), занимательности, индивидуального подхода. Он стремился, чтобы школа по своей идейной направленности служила принципу народности и воспитывала детей в духе любви к Родине. И. Алтынсарин высоко ценил и особенности народного языка - ритмичность, меткость, богатство эпитетов и сравнений. Педагог-просветитель утверждал, что образование должно быть гуманным и народным, доступным не только для богатых, но и бедных семей. Особого внимания заслуживает его единство дидактических наставлений, в которых отмечается, что главный принцип обучения – содержательность знаний, связь с жизнью, практикой и при этом необходимо учитывать возрастные особенности детей.

С именем Ибрая Алтынсарина связано и образование женщин в Казахстане. В пяти женских училищах, открытых им в 1876 году,



обучалось 211 девушек. Решив, что надо расширить сеть народного образования, И.Алтынсарин составляет специальную записку министру Народного просвещения об открытии начальных школ в каждой волости. Заслугой великого просветителя является и то, что И.Алтынсарин создает школы для самих учителей.

В 1876 году Ибрай Алтынсарин совершает поездку в Петербург, которая оказала огромное впечатление на него. Он еще больше убеждается, что образование, просвещение - это единственный путь для развития родного народа.

Идея создания казахского учебника возникла у И. Алтынсарина, когда он работал ещё учителем в начальной школе. Однако только в 1879 году великий педагог смог осуществить свою мечту. Три года он работал над созданием первого учебника для казахских детей, куда вошли доступные для детского восприятия рассказы, расширяющие их познания о мире. Книга была издана в типографии Евфимовского-Мировицкого и сразу приобрела большую популярность. Педагогическая общественность отметила превосходный литературный казахский язык, на котором была написана хрестоматия, содержательный материал и доступную методику изложения. Книга предназначалась для школ, но ее с удовольствием читали все, т.к. в рассказе казах были отражены насущные проблемы казахского народа. «Киргизская хрестоматия» была переиздана с 1889 по 1906 годы четыре раза, в том числе трижды на арабском алфавите под названием «Мактубат».

Использованная литература:

1. ЦГА РК. Ф. 9. ОП. 1, д. 107, л.1 об.
2. Валиханов Ч. Собр. соч., т. 5. - Алмата, 1995 г.
3. Джумагулов К.Т. Ибрай Алтынсарин и развитие культуры казахского народа. - Алма-Ата: «Казахстан», 1984. - 204с.
4. Ыбырай (Ибрагим) Алтынсарин // Бекмаханов Е. Очерки истории Казахстана XIX века. - Алматы, 1996. - С. 145-151.
5. Баубекова Г.Д. Этнопедагогика: Учебно-методическое пособие. Астана, ТАУ, 2019 г.- 169 с.

В одном из своих писем великий педагог напишет: «...Я не отступлюсь от коренных своих убеждений и стремления быть полезным своему народу насколько хватит моих сил».

Владея красивым голосом, Ибрай Алтынсарин хорошо играл на домбре и был прекрасным импровизатором и исполнителем народных песен.

Основоположник науки Этнопедагогика академик Г.Н. Волков сравнивал известного педагога И.Яковлева с нашим просветителем Ибраем Алтынсариным, проводил параллели их единым взглядам на образование, воспитание. Отмечал, что просветителей объединяло обостренное чувство справедливости, их трепетное отношение к родине, к родному языку, к народным традициям и обычаям и т.д. Приводил цитаты из произведений И.Алтынсарина, удивляя своей феноменальной памятью и знанием особенностей казахского языка.

Г.Н.Волков отмечал, что произведения И.Алтынсарина отличаются образностью, емкостью, яркой индивидуальностью.

Ибрай Алтынсарин внёс большой вклад в развитие культуры казахского народа, его труды и все его творчество вошло в золотой фонд нашей истории, оставив последующим поколениям неисчерпаемое богатое наследие.

Таким образом, содержание нравственного воспитания в наследии И.Алтынсарина представляет собой свод этических норм, которые являются моральным кодексом и своеобразной энциклопедией педагогических знаний.

Мектеп им Ы.Алтынсарина с.Аксу-Аюлы тарихы

Тамыры тереңде жатқан Шет ауданындағы байырғы оқу ордасы, білімнің қара шаңырағы Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясы базасындағы тірек мектебіне 90 жыл.

Тарих дегеніміз – мектебіміздің өткені, бүгінгі күні, болашағы. Олай болса, мектебіміздің іргетасы қаланған жылдардан бастап, мектеп тарихынан сыр шертейік.

1928 жылы жергілікті кеңес және партия ұйымының шешімі бойынша бұрынғы Құмжон ауылындағы Сәтбақов Баданның қоржын үйі бастауыш мектеп болған.

1928-1930 жылдары ең алғашқы ұстаз Дәлмағанбетов Тұңғышбек ауыл балаларына сабақ берді.

1931-1932 жылы жеті жылдық мектеп аудан орталығында ашылды. «Үлгілі қазақ мектебі» деп аталған білім ошағын басқару ең алғашқы мектеп меңгерушісі Ахмет Әбдірахимовтың пешенесіне бұйырды. Осы жылдары Хамза Малыбаев, Жүсіп Алтайбаев, Ахатай Қожабаев, Хасен Сәрінжіпов сынды мұғалімдер еңбек етіп, ауыл балаларын оқытты. Панасыз 30 балаға интернат үйі ашылды. Ауыл балаларын оқыту үшін мектеп мұғалімдерімен толыға бастады. Олар: Тұяқов Мұхамедия, Жексенбин Қожабек, Жүсіп Алтайбаев, Әкпар Сатбақов, Нұрбек Бөкеев, Александр Беккер, Смағұл, Мұқаев Мұса, Байыров Мұрат, Тоқтарбеков Айса, Әскенов Рымқұл сынды ұстаздар ауыл балаларына дәріс берді. Орталау мектепте алғашқы пионер ұйымы құрылып, Ильяс Нұрахметов оқи жүріп-ақ осы ұйымның пионер вожатыйы болған. Вожатыйлардың оқуын алғаш Хасен Есмағанбетов бітіріп шықты. Бұл мектепте атақты ұстаздар еңбек етті.

Ахмет Әбдірахимов 1916 жылы қазақты тылдағы жұмысқа алған кезде, Алаш орданың шешімімен, орысша тіл білмейтін қазақты қорлаудан шепке тартып

жіберу сияқты жауыздықтан қорғау үшін Гомельге аттандырылған қазақ жастарының ортасында болды.

1934-1935 жылдар аралығында Әкпар Сапақов мектеп меңгерушісі қызметін атқарды.

1935–1937 жылдар аралығында Сәрсен Түсіпбаев мектеп директоры болды.

1937 жылы Ахмет Әбдірахимов, Жексенбин Қожабек, Әскенов Рымқұл атты ұстаздар «Халық жауы» деген атақ жамылып, ұсталып кете барды.

1938–1940 жылдары мектеп директоры болып Хасен Сәрінжіпов тағайындалды.

1938 жылы қазақ даласына алғаш білім қоңырауын соққан ағартушы, дала жұлдызы, қазақ халқының данасы, дарабоз дара ұстазы- Ыбырай Алтынсариннің есімі беріліп, «Ыбырай Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебі» барлық қазақ балаларының білім ордасына айналды. Бұл мектепте білімді ұстаздар ауыл балаларын білім нәрімен сусындатты.

1940–1941 жылдары Мұса Рақымбеков мектепті басқарды.

1941-1943 жылдар аралығында Құтжанов Жұматай мектеп директоры болды. Ел басына күн туып, ат ауыздығымен су ішкен заманда ұстаздар қауымы да Отан қорғау міндетін арқалап, майданның қанды даласына аттанды. Олар: Рахымбеков, Рысбеков, Сүлейменов, Әукешев, Андиров Рахымберлі.

1943-1945 жылдары Жұматай ұстаз да Ұлы Отан соғысына қатысып, қан майданның ортасында болды.

1945-1952 жылдары Оқу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып, 1955-1957 жылдары қайтадан Ы.Алтынсарин атындағы мектептің директоры қызметін атқарды.

1958-1977 жылдары физика-математика пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеді. Ұлы Отан соғысының ардагері әрі ұстаз Жұматай



ақсақал «Богдан Хмельницкий» ордені, «Ұлы Отан соғысының I дәрежелі» ордені, Қазақстан «Халық ағарту» ісінің үздігі медалімен марапатталды. Бойындағы асыл мінез, парасаттылық, ізгілік, мейірімділік қасиеттерді өмір бойы қатар алып жүрген, ұстаздардың ұстазы атанған абыз ақсақал Жұматай Құтжанұлы 2017 жылы 99-ға қараған шағында дүниеден озды.

1945-1954 жылдар аралығында қара шаңырақта Мәбиев Нұрғали, Сәрсенбаев Рақымжан, Ахметжанова Сара, Амантурлин Шынберген сынды мектеп директорлары қызмет атқарды.

1946-1983 жылдар аралығында Жұқанов Шәукей осы мектепте бастауыш класс мұғалімі және оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарды. Оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беріп, өнегелі азамат болып қалыптасуына күш-жігерін аямай, қоғам жұмысына белсене қатысты.

1966 жылы Қазақ ССР-і мен КСРО-ның үздік мұғалімі атағын алды. Саналы ғұмырында бастауыш сынып балаларына дәріс беріп, құрметті зейнеткерлікке шыққан Шәукей мұғалімнің қызы Гүлшара ұстаз да әке жолын қуып, еңбек жолын осы мектептен бастап, ұзақ жылдар бойы шәкірт тәрбиелеп, бастауыш сынып мұғалімі қызметін атқарып, қазіргі таңда еңбек демалысындағы зейнеткер ұстаз.

Академик, ғалымдардың ұстазы, ұстаздардың ұстазы болған Шәукей Жұқанұлы 105 жасқа қараған шағында биылғы жылдың қараша айында дүниеден озды.

Осы білікті ұстаздардың алдынан талай академик, ғалымдар, жазушылар, ақындар, дәрігерлер, спортшылар түлеп ұшты. Олар: профессор, академик Жамбыл Ақылбаев, ҚР-ның еңбек сіңірген қоғам қайраткері Қасымбек Медиев, ҚР-ның еңбек сіңірген дәрігері Рақымбек Рысбеков, ғалым, физика-математика ғылымдарының докторы Зекен Смағұлов, академик, профессор Баян Рақышев, доцент, профессор Мәуен Хамзин, ҚР-ның жазушылар одағының басқарма мүшесі, ҚР-ның мәдениет қайраткері,

жазушы Кәмел Жүністегі, техника ғылымдарының докторы Кәрібек Тұрсынов, жазушы, публицист, Қазақстан журналистер сыйлығының иегері Рымқұл Сүлейменов, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, редактор Клара Хамзина, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, халықаралық дәрежедегі атақты шахматшы Пәну Әбдіқасова, Азия чемпионы, ҚР-ның спорт шебері Серік Демесінов, қазақ күресінен тұңғыш спорт шебері Тұрар Терлікбаев, техника ғылымының кандидаты, профессор Әйкен Құтжанова, филология ғылымдарының докторы, профессор Мұхаметқали Әбдуов. Тағы да ақын түлектеріміз Зейнолла Игіліков, Кәдірбек Халилин, Тезекбай Амандықов, сол кездегі «Заман» газетіндегі журналистер: Серғазы Қабылдаұлы, Болат Тойшыбек, Рымтай Зауытбаевтар ерен еңбектерімен көзге түсуде.

1960 жылдары ауыл адамдарын қуандырған жаңалық жаңа мектеп құрылысының басталуы еді. Сол кездегі мектебіміздің ұлағатты ұстаздары мектептің іргетасын қалаған Жұқанов Шәукей, Құтжанов Жұматай, Қосылбеков Мақсұт, Медиев Кәрсенбай, Ахметов Ерғали, Күлейменов Жұмабек, Әбілдин Көшкінбай, Төлеуқұлов Марс ағалардың мықты кәсіби біліктіліктері ерекше еді.

1965 жылы жаңа типтегі үш қабатты мектеп қаңтар айында пайдалануға берілді. Бұл күн ұстаздар мен оқушылар үшін ең бақытты күн болды. Мектеп 15 оқу кабинеті, 1 спортзал, 1 мұғалімдер бөлмесімен жабдықталған. Кеншоқы, Талды, Ақшоқы, Ақбауыр, Ақсу, Еңбекшіл, Қайрақты, Ақтөбе, Нұраталды елді мекендерінен келген оқушылар мектеп жанындағы интернатта жатып оқыды.

Осы жылдары, яғни 1962-1966 жылдары мектепті Төлеуқұлов Марс Төлеуқұлұлы басқарды. Оқушылардың саны артуымен қатар, мектепте білімді де білікті мамандар жұмыс істеді.

Олар: Жұқанов Шәукей, Құтжанов Жұматай, Тәженов Іскендір, Шарипова Рәш,

Қанапина Күлбибі, Илиясова Нұрлығайым, Құрманова Жібек, Қосылбеков Мақсұт, Абитаев Иген, Мақажанов Ибрагим, Нашарбекова Бағыш, Тәжібаева Үмия, Зейнешова Сәуле, Мұхамбетжанова Күләнда, т.б.

1966-1967 жылдар аралығында Мақажанов Ибрагим осы мектептің басшылығында болады. Бұл кез оқушылардың өзіндік басқару кеңесінің өріс алған кезі. Бұл кезде мектепте білім берген ұстаздар: Сембаева Рая, Біләлова Мағжан, Сатыбалдина Рақия, Құрманова Жібек, Түсіпбекова Шамшия, Мақажанова Сәбира, Нұртазина Рымкеш, т.б.

Оқушылардың өзіндік дайындықтағы оқу сапасын, бос уақытты дұрыс пайдалану, мемлекеттің мүлкін көздің қарашығындай сақтау мәселелерін көтеріп, өз беттерімен сынып сағаттарын да өткізіп отырған.

1967 – 1968 жылдар аралығында Сәрсенбеков Рақымжан мектеп директоры болды.

1968 – 1970 жылдар аралығында Акимов Қасымхан мектеп директорының қызметін атқарды.

1970 – 1980 жылдары мектеп директорының қызметін Күлейменов Жұмабек Күлейменұлы басқарады. Пайдалы қоғамдық еңбекке көп көңіл бөлудің нәтижесінде мектеп шеберханасы, тігін шеберханаларының жұмысы жанданды. Сол кезде мектепте білікті де, білімді ұстаздар қызмет жасады. Олар: Жотабаева Райза, Рашитов Елеу, Әбдрахманова Манап, Беркімбаева Гүлбарам, Анарбекова Мәкила, Смағұлов Ибрагим, Махмұтова Гүлзейнеп, Жүнісбекова Алтын, Мұқажанова Мәкен, Сәлменова Салима, Кемелбекова Бәтима, Аюпова Дәпуке, Рақымжанова Күлтай, Тұрмаханова Сырға, Мақажанова Сәбира, Дүйсенбаева Райхан, Қамытбаева Нәзила, Жолшоринова Тлеутай, Нұржаубаева Жайқоңыр, Есенова Қадияшармен қоса, мектепте бір топ жастар жұмыс істеді.

Олар: Бұрқанова Дәрия, Ғабдуллина Бақыт, Жұқанова Гүлшара, Құтжанова

Шолпан, Қасқатаева Банукеш, Оспанова Марзия, Кенжина Галя, Смагулова Сәуле, Тлекина Үмітжан, Смаилова Сәуле, Омарова Шолпан, Серікова Кларалар мектеп өміріне етене араласып, балаларды білім нәрімен сусындатты.

1980 – 1984 жылдары Абильдин Көшкінбай мектеп директоры болып қызмет атқарған. Өте принципшіл, білімді басшы жас мұғалімдердің кәсіби тұрғыда қалыптасуына көңіл бөліп, ағалық қамқорлық таныта білді. Оқу мен еңбекті негізге ала отырып, эстетикалық тәрбие беру мәселесін де назарында ерекше ұстаған.

Әбілдин Көшкінбайдың қол астында бір топ білікті ұстаз, елге танымал азаматтар қызмет атқарды: Жұматай Құтжанов, Шәукей Жұқанов, Зейнолла Игіліков, Төлен Мусин, Зәрубай Сүйіндіков, Мақсұт Қосылбеков, Сәулебай Жүнісов, Сәкен Шөменбаев, М.Алтынбеков т.б.

1984–1997 жылдары Жотабаева Райза Жотабайқызы мектеп басшылығын қолға алды. Райза Жотабайқызы Көшкінбай Абильдиннің ізін жалғастырушы болды.

1992 жылы мектепте Шет аудандық білім бөлімінің №62 бұйрығы бойынша алғаш гимназия сыныптары ашылды.

Оқу–тәрбие процесіне өзгерістер енді. Мектептің бір топ жас буын ұстаздары Алма Серикова, Қуанышкүл Сүлейменова, Зәмзәгүл Шәтекова, Гүлнар Әшкербекова, Гүлбақша Тәженова, Гүлшат Қызылова, Әбілдина Нұргүл, Ғабдолла Беспәев, Әбілқайыр Жакупов, Қайрат Тишмағанбетов, Есмағанбетов Дәулет, Телпекбаева Сандуғаш, Тілегенова Жанат жаңалыққа жандары құмар, жаңашыл, белсенді, алдыңғы қатарлы белсенді ұстаздары болды.

Осы жылдары Еңбекшіл, Ақсу, Ақтөбе, Қайрақты елді мекендерінен оқушылар автобуспен тасымалданды. Оқушылар екі ауысымда оқыды. Осы жылы мектеп тарихында тұңғыш рет тарих пәнінің мұғалімі Рашитов Елеу Қымызбайұлы мектеп мұражайын ашты.

Райза Жотабайқызы басшылық жасаған кезде білім ордасынан «Алтын



белгі» иегерлері шықты. Сонымен қатар, Мұстафин Бейбіт ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, ҚР көркемөнер академиясының корреспондент мүшесі, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Байтанасова Қарлығаш - филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Жакин Мәулен - тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Қызылов Мейірлан - ҚР-ның Заң ғылымының кандидаты, профессор, полиция генерал - майоры, Түсіпбекова Айгүл - химия ғылымдарының кандидаты, Жумкина Светлана - филология ғылымдарының кандидаты, Ресей-жаратылыстану академиясының профессоры.

1997 - 2006 жылы мектеп директоры болып Дайырова Райхан Ермекқызы бекітілді. Мектеп жанында 70 орындық интернат жұмыс істеді. Ауданның барлық бөлімшелерінен оқушылар келіп, интернатта жатып оқыды.

Мектеп директоры Дайырова Райхан Ермекқызы өзгеге де, өзіне де талап қоя білді, ұжымды басқару қабілеті жеткілікті, талап деңгейінде өркениетке ұмтылды.

Жалпы мектептің педагогикалық ұжымы жас ұрпаққа тұрақты білім берудің, оларды адамгершілік рухта тәрбиелеудің шығармашылық жолында жалықпай еңбек ете білді.

2005 жылы бұрынғы қазақ орта «Мектеп-гимназия» статусы мәртебесін алды. Гимназия мектебінің алдында білім мен тәрбие берудің мақсаты тұрды. Әрине, білім берудің жоғары сапасына жетсе ғана мектеп мәртебесі өседі. Гимназия - жай сауаттылықпен білімдарлықтан жоғары талап қоятын бастауыш сынып, орта буын және жоғары сынып білім негіздерін тереңдете жүзеге асыратын жалпы дамыту оқу орны.

Даирова Райхан Ермекқызының тұсында оқу-ісінің меңгерушілері Мұқажанова Мағира Көкенқызы, Құлжанбекова Сақан Құлжанбекқызы, Ахмет Сарқыт Нығатайқызы, Гүлнар Райымқұлқызы сынды ұстаздар өз ісінің білгір маманы болды.

2006 жылы мектеп директоры болып

Майгельдинов Шайхслам Шәріпбекұлы келді. Осы жылы құрамында үш магниттік мектебі бар ресурстық орталық құрылды. Мектепте 70 мұғалім қызмет етті, оның 14-і жоғары санатты, 34-і І санатты, 11 - ІІ санатты мұғалімдер болды.

2006-2007 жылдары аудандық, облыстық, республикалық олимпиадаларға, ғылыми жобаларға, түрлі байқауларға және спорттық жарыстарға оқушылар белсене қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Ұстаздардың үмітін үкілеген жетістіктерімен қуандырған шәкірттеріміз де аз емес. 2006-2007 оқу жылында Майгельдинов Нұрсұлтан, Мейрамбек Сәкен, Шәріпбеков Нұрсұлтан, Кәрібекова Шырақ, Кәмели Әмина, Бекетаева Аяулымдар «Алтын белгі» иегерлері атанды.

2007-2008 жылдары мектебіміз «Жаңашылдар шеберханасы» атанды. 2009 - 2010 жылы ҚР. Жазушылар одағының басқарма мүшесі, С.Сейфуллин атындағы сыйлықтың иегері Кәмел Жүністегі атындағы қазақ тілі мен әдебиеті дәрісханасы ашылды. Осы жылы мектеп «Сапалы білім ордасы» атағын иеленді.

2014 жылдан бастап шет ауданының әкімдігінің №29/09 26.09.2014 ж. Қаулысы бойынша Ы.Алтынсарин мектеп - гимназиясы базасындағы тірек мектебі (Ресурстық орталық) болып атауы өзгертілді. Шет ауданының білім бөлімінің №52 бұйрығына сәйкес Нұра жалпы орта білім беру мектебі, Шет жалпы орта білім беру мектебі, Қызылжой жалпы орта білім беру мектебі, Нұраталды жалпы орта білім беру мектебі, Талды жалпы орта білім беру мектебі, Ақсу негізгі орта мектептері, Акбауыр негізгі орта мектептері, Қызылтау негізгі орта мектептері бекітілді.

2017-2018 оқу жылдары білім ордасын басқару тізгіні Бакаев Дат Бақтығалиұлына бұйырды. «Жас келсе іске» демекші, білікті басшы ретінде мектебімізде 40 жылда астам ұстаздық қызмет атқарған ұстаздарға арнап, дәрісханалар ашты. Атап айтар болсақ, Құтжанов Жұматай Құтжанұлының атына математика дәрісханасы, Рашитов Елеу

Қымызбайұлының атына тарих дәрісханасы, Жотабаева Райза Жотабайқызының атына химия дәрісханасы заман талабына сай жабдықталып, қолданысқа берілді. Сонымен қатар, осы жылы оқушыларға арналған шағын жиын залы ашылды.

2019 жылдың ақпан айынан бастап мектеп директорлығының қызметінде осы мектептің түлегі, әрі білімді де білікті маманы, бүгінгі басшымыз Сыздықова Гүлнар Райымқұлқызы басшылық етіп келеді. Ол өз жұмысын кадрларды іріктеуден бастады. Бір ғана сөзі ұранға айналды. «Дарынды мектепке – дарынды ұстаз». Мұғалімдердің өз ісіне жауапкершілігін, оқытудың озық тәсілдерін шығармашылықпен қолдана

білуін, әрбір сабаққа мұқият дайындалуын, білімін тереңдетіп, байытып отыруын, ұстаздардан қатты талап етті.

Мектеп өміріне тың серпіліс енді. Оқушылардың облыстық, республикалық, халықаралық ғылыми жобаларға қатысуы жандана түсуде. 2018-2019 оқу жылының қорытындысы бойынша мектеп аудан бойынша «Табысты ұйым» номинациясына ие болды.

Жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруде уақыт талабына сай қызмет атқарып, ерен үлгі көрсеткен бұл тұлғалар есімі мектеп тарихынан ойып тұрып орын алады.

(Зейнеткер ұстаздардың естеліктері негізінде жазылды)



Дәлмағанбетов Тұңғышбек

1928 – 1930ж / Алғашқы ұстаз/

(1895-1972) Мойынты болыстығының 4-ші ауылында туған. Шет өңірінен шыққан алғашқы ұстаздардың бірі. Ақын (1920).

Шет ауданында ең бірінші Қызылтау болысынан «Бозшакөл» деген жерге ұйымдасқан Ленин атындағы қоғам болды. Алғаш болып мойынсерік мүшелігіне Кешубай, Ақыжан, Мақыжан Түйтебаевтар, Жолдас Омаров, Шаян Қойшыбаев, Айтбек Шілікбаев, Рақымбек Кәукенов, Сыздық Ақылбаев және т.б. кірді. 1925 жылы С.Өтеновтің ұйымдастыруымен алғашқы партия ұясы құрылады, хатшысы болып

ақын Тұңғышбек Дәлмағанбетов сайланады.

Әйеш Иманбаев, Алтыбай Нақыпов, Шаян Қойшыбаев, Қали Томпиевтер партия қатарына өтеді. Осы жерде тұңғыш рет кеңес мектебі ашылады. Оған педагогикалық білімі бар Т.Дәлмағанбетов мұғалім болады. «Бөзшакөл республикасы» болып алты жылға жуық өмір сүрген қоғам туралы Тұңғышбек ақын «Бозшакөл» атты дастан қалдырған. 1928 жылы Шет ауданы құрылуына байланысты, әкімшілік жағынан бөлуіне орай мойынсерікте тарайды.



Ахмет Әбдіраимов

1892 жылы туған. Әуелі Шаян медресесінде, онан кейін Бұхарда біраз оқыған. Оқуын «Ғалия» медресесінде жалғастырған. Т.Кәкішевтің «Садақ» кітабының 128 бетіндегі белгісіз делінген түрегеп тұрған төртінші адам осы Ахмет. Медресені 1915-1917 жылдары шамасында бітірген. 1916 жылы ол кісі Ахмет Байтұрсынұлы ауылында мұғалімдік еткен. Арқа елінің бұл өңіріне Ахмет, Айса мұғалім деп сол кезде аты шыққан. Алашорда көсемдерімен байланыста болған. Қарқаралы қаласында оқытушылық жұмыс атқарған. 1928 жылы Шет ауданы құрылған тұста осы ауданға келіп қызметін жалғастырған. 30 жылдардың басында аудан орталығындағы мектепте директор боп істеген.

1936-1937 жылдары Ағадыр стансасында мұғалім болған. Баласы Сухибектің айтуынша сол жылдары үйінде «Садақ» журналының 5-6 данасы сақталған екен.

Ахмет мұғалім 1937 жылы халық жауы ретінде ұсталып, көп қағаздарын ГПУ алған. Қалған көп суреттермен журнал т.б. белсенділерден қорыққан інісі Оспан өртеп жіберген. Ахмет мұғалім – репрессия құрбаны.

Ахмет мұғалім 1916 жылы қазақты тылдағы жұмысқа алған кезде, Алаш Орданың шешімімен, орысша тіл білмейтін қазақтарды қорлаудан, зорлаудан шепке тартып жіберу сияқты жауыздықтан қорғау үшін Гомельге аттандырылған қазақ жастарының ортасында болған.





Сəранжіпов Хасен
(1904-1980)

Шет өңірінде туған. Алғашқы мұғалімдердің бірі. Қарқаралы педагогикалық техникумының түлегі (1930), Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. Шет ауданында мектеп мұғалімі, директор болып істеді.

Партия кеңес қызметінде болды. Бірінші болып орта мектеп салдырды. 1949 жылы Қайрақты кентінде жаңа жетіжылдық мектеп ашылып, сол мектепке Хасен Сəранжіпов 1955 жылға дейін директор болды.



Құтжанов Жұматай Құтжанұлы
(1917-2016)

Соғыс және еңбек ардагері Қарағандының Молотов атындағы Мемлекеттік оқытушылар институтын бітірген. Бірнеше рет селолық Советтерде депутат болып сайланған. 1940-1977 жылдан бастап Ы.Алтынсарин мектебінде мұғалім болып жұмыс істеген. Оның ішінде 1941-1948 жылдары мектеп директоры болған. 1943-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында болды. 1945-1952 жылдары Оқу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған. 1956-1958 жылдары мектеп директоры. 1958-1977 жылдары физика, математика пәнінің

мұғалімі болып жұмыс істеген. Ұлы Отан соғысындағы наградалары: «Богдан Хмельницкий» ордені, «Ұлы Отан соғысының I дәрежелі» ордені. Еңбекте алған наградалары: «Знак почета» ордені. 1987 жылы Қарағанды облысы Шет ауданының Құрметті азаматы куәлік № 1. Қазақстан «Халық ағарту» ісінің үздігі. Бойындағы асыл мінез, парасаттылық, ізгілік, мейірімділік қасиеттерді өмір бойы қатар алып жүрген, ұстаздардың ұстазы атанған абыз ақсақал Жұматай Құтжанұлы 2017 жылы 99 -ға қараған шағында дүниеден озды.



Сүлейменов Мұхаметжан
(1913.03.09-1980.16.04)

1949 жылы Ақсу-Аюлы ауылындағы қазақ орта мектебінде директор, 1951 жылы қазақ орта мектебінің директорының оқу ісінің орынбасары, 1952 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Қазақ мектебінен кейін жеті жылдық Ақбауыр мектебінде директор, Нұраталды мектебінде директор,

партком секретары, үгіт насихатшы болды. Алыс шығыстағы ҰОС ардагері, 1941-1946 ж.ж. «Германиядағы жеңісі үшін», «Жапониядағы жеңісі үшін», ҰОС жеңіске 20, 30, 40 жыл толуына орай медальдар, «Тыңды игергені үшін» медальдарымен марапатталды.



Мақажанов Ибраһим Тотайұлы
(1927-1969)

1927 жылы Қарағанды облысы Шет ауданы Қызылтау ауылында дүниеге келген. Ибраһим Тотайұлы саналы ғұмырында халыққа білім беру саласында қызмет атқарып, ел – жұртының алғыс құрметіне бөленді. 1934 – 1942 жж. Мектеп қабырғасында оқыды. 1943 жылы Қарағанды Мемлекеттік машина жасау заводына құрастырушы болып жұмысқа орналасады. 1947 жылы Қарағанды Педагогикалық институтының тарих

факультетін бітіріп шығады. 1948-1952 жж. Алматы Мемлекеттік педагогикалық институтының тарих факультетін сырттай бітіреді. 1954-1965 жж. Аудандық партия комитетінің саяси бөлімінің парткабинет меңгерушісі қызметтерін атқарады. 1965-1968 жж. Ы.Алтынсарин атындағы мектеп директоры қызметін атқарады. Мақажанов Ибраһим Тотайұлы 42 жас қана өмір сүріп, 1969 жылы өмірден озды.



Күлейменов Жұмабек

(1930 – 1984) 1955 жылдан 1959 жыл арасында Шет аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары. 1959-1969 жыл арасында Шет, Ақшатау ауданында, аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі. 1969 жылдан 1972 жыл арасында Шет аудандық партия комитетінің

сектерары. 1971 жылдан өмірінің соңына дейін мектеп директоры, мұғалім болып Ы.Алтынсарин атындағы мектепте жұмыс істеді. 2010 жылы Ақсу – Аюлы селосында ұстаздың атында Күлейменов Жұмабек көшесі берілді.



Әбілдин Көшкінбай Әбілдаұлы
(1928-2003)

1928 жылы 15 желтоқсанда Ақтоғай өңірінде дүниеге келген. Төрт жасында әкесінен айырылған, ағасы Адамияның қамқорлығымен оқуға түсіп, оны үздік бітіреді (Қарқаралы педучилище 1946-1949; Алматы қаласындағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетті 1949-1954). Ленин сыйлығының лауреаты, жазушы, ғұлама ұстаз М.Әуезовтен дәріс алған.

Өз ісіне жоғары жауапкершілікпен қарайтын, өзіне де, басқаларға да талап қоя білетін азамат қатардағы мұғалім қызметінің жоғары партия қызметтеріне дейін көтеріледі. Он бес жыл бойы Шет ауданының оқу бөлімін абыроймен басқарады. Он бес жылдың ішінде аудандық білім беру саласының дамуына елеулі үлес қосады: республика бойынша қазақ мектептері жабылып жатқан кезде

отыздан аса қазақ мектептерін ашады. Өте принципшіл, білімді басшы жас мұғалімдердің кәсіби тұрғыда қалыптасуына көңіл бөліп, ағалық қамқорлық таныта білді. Әбілдин Көшкінбайдың қол астында бір топ білікті ұстаз, елге танымал азаматтар қызмет атқарды: З.Игіліков, Т.Мусин, З.Сүйіндіков, Ж.Құтжанов, Ш.Жұқанов, М.Қосылбеков, С.Жүнісов, С.Шөменбаев, М.Алтынбеков т.б.

Ы. Алтынсарин атындағы мектеп директоры, Түлкілі селолық Кеңесінің төрағасы қызметін атқарды. Қай салада еңбектенсе де өмірлік ұстанымынан тайған жоқ; ел мүддесін өзінің жеке мүддесінен әрқашан да жоғары қоя білді.

Зейнеткерлікке шыққан жылдары да ауданның қоғамдық өміріне белсене араласты: аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы болды. 2003 жылы 75 жасында өмірден озды.



Даирова Райхан Ермековна
(1949-2015)

1949 жылы 2 сәуірде Қарағанды облысы, Шет ауданы, Қайрақты поселкесінде дүниеге келді.

1966 жылы Қарағанды мемлекеттік институтының орыс тілі мен әдебиеті пәні факультетіне түсіп 1971 жылы бітіріп шықты.

Жезқазған қаласында, Ағадыр, Ақтоғай аудандарында орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып еңбек етті.

Жоғарғы Қайрақты мектебінде директор болып істеді. 1997–2006 жыл аралығында Ы.Алтынсарин мектеп – гимназиясы базасындағы мектептің директоры болып еңбек етті. Мектеп жанында 70 орындық интернат жұмыс істеді. Ауданның барлық бөлімшелерінен оқушылар келіп, интернатта жатып оқыды.

Мектеп директоры Даирова Райхан Ермеқызы өзгеге де, өзіне де талап қоя білді, ұжымды басқару қабілеті жеткілікті, талап деңгейінде өркениетке ұмтылды. Жалпы мектептің педагогикалық ұжымы жас ұрпаққа тұрақты білім берудің, оларды адамгершілік рухта тәрбиелеудің шығармашылық жолында жалықпай еңбек ете білді.

2005 жылы бұрынғы қазақ орта мектебі «Мектеп - гимназия» статусын алды. Мектеп-гимназия мектебінің алдында білім мен тәрбие берудің мақсаты тұрды. Әрине, білім берудің жоғары сапасына жетсе ғана мектеп мәртебесі өседі. Гимназия – жай сауаттылықпен білімдарлықтан жоғары талап қоятын бастауыш сынып, орта буын және жоғары сынып білім негіздерін тереңдете жүзеге асыратын жалпы дамыту оқу орны.

Даирова Райхан Ермеқызының тұсында оқу – ісінің меңгерушілері Мұқажанова Мағира Көкенқызы, Құлжанбекова Сақан Құлжанбекқызы, Ахмет Сарқыт Нығатайқызы, Гүлнар Райымқұлқызы сынды ұстаздар өз ісінің білгір маманы болды.

Еңбек жолында «Құрмет грамоталарымен» марапатталған.

Биылғы оқу жылында мектеп жанынан ашылған «Ардагерлер аллеясына» Райхан Ермековнаның немересі Мұханов Дияр 10 дана қарағайды сыйға тартты.




Тулеукулов Марс Еренбекович

Қараша 1961 жылы Ақсу-Аюлыдағы Шет орта мектебіне директор болып тағайындалып, 1966 жылға дейін жұмыс істедім. 1963 жылы қаңтарда Шет ауданы тарап, Ақтоғай ауданына қосылдық. Елден ел кетсе жұт деген ғой, аудандық барлық мекемелер тарап, Түлкілі селолық кеңесі, екі мектеп қалды. Селолық кеңестің төрағасы Исатай Омаровтан басқа басшы қалмады. Сол қиын кезеңде, 1962 жылы желтоқсанда Ақшатау кен-байыту комбинаты жанынан салынып жатқан мектеп үйін, көптеген жұмыстарының аяқталмағанына қарамастан, еріксіз, мектеп үйіне бізге қабылдатты. Жаңа жылдық демалыстан кейін жаңа мектеп ғимаратына көшіп кіріп, жаңа мектепте оқи бастадық. Менің өмірімде мұнда да көп қиындықтар кездесті. Мектептің от қазандығын үздіксіз жұмыс істету, оған от жағушы, слесарь, сантехник, электрик мамандарын табу оңай болған жоқ. Ауданда одан басқа котельный жоқ. Көмір жеткіліксіз. Ақшатаудан көмір тасимыз, кейде көмір кешігіп келеді, жол қатынасына байланысты, боран, жол жабық т.б. жағдайлар. Өзім бастап, ер мұғалімдер кезекшілікке тұрдық. Гайсин Гриша деген сантехник, өзі электрик – слесарь аянбай еңбек етті. Түнде кочегармен бірге күзеттік. Соның нәтижесінде сол мектеп, сол от қазандығы 50 жылдан асса да жұмыс істеп тұр. Кейін де әртүрлі жұмыстар жасалған шығар.

Мен жұмыс істеген жылдары оқу сапасы жоғары деңгейде болды. Мектепте оқушылар саны 970 оқушыға жетіп, 54 мұғалім жұмыс істеді. Мектеп жанында

интернат жұмыс істеді. 1962-1963 оқу жылында орта мектепті үш оқушы алтын медальмен бітіріп шықты. Олар Рысбеков Рақмет, Жүнісов Рашит, Смагулова Бақыт. Ол кезде алтын медальмен бітіру деген сирек құбылыс еді. Менің кезімде Ақтоғай аудандық оқу бөлімінен, облыстық оқу бөлімінен де инспекторлық тексерістер болды. Қорытындысы жаман болған жоқ. Өйткені мектепте Шәукей Жұқанов, Жұматай Құтжанов, Мақсұт Қосылбеков, Жақан Арыстанбеков, Ибрагим Махажанов, Кәрсембай Медиев, Капас Кәрібеков, Бағаш Нашарбекова (Бәкішева), Жібек Құрманова. Ескендір Тәженов сияқты ұлағатты ұстаздар сабақ берді. Менің кезімде бастауыш кластардың завучы деген штат берілді. Оны Шәукей Жұқанов деген ұлағатты ұстаз басқарды. Ақтоғай ауданында оқушылардың спортакиядасы болып, біздің мектеп спорттың барлық түрінен бірінші орын алып, аудан бойынша I-орынды жеңіп алды. Әсіресе, футбол, волейбол, жеңіл атлетика жарыстарында біздің балалар ешкімге дес бермеді. Волейбол, футбол ойындары кезінде, әсіресе, гол соққанда біздің мұғалім Ерғали Ахметов баянда ойнап, туш ойнаған кезде біздің балалардың рухы көтеріліп, үсті – үстіне голды соға берді. Ақтоғайлықтар қызғанып біздің балалар тас атқылаған жағдайлар да болды. Соған қарамастан біздің спортшы балаларымыз: Жанат Жұқанов, Қабидолла Әйешов, Қабыжан Самгулов т.б. аянбай еңбек етіп, біздің команда бас жүлдені жеңіп алды. Оны осы күнге дейін жыр қылып айтып жүреді.



Жотабаева Райза Жотабайқызы

Ы. Алтынсарин мектебі аудандағы білім саласының қара шаңырағы. Мектеп түлектері ата-аналарынан алған үлгілерін ұстаздар тарапынан берілген тәрбиемен ұштастырып, кісіліктен кішілікті, іріліктен ізгілікті, жоғары ұстаған, өз заманының талабына сай қызмет етіп, биігіне көтеріліп, шыңына шыққан тұлғалар десем, артық айтқаным емес. Жоғары оқу орындарының ректорлары болған ғылым докторлары, профессорлар Рақышев Баян, Ақылбаев Жамбыл, Қазақ ССР-на еңбек сіңірген дәрігер Рақымбек Ырысбеков, ғалымдар Жакин Мәулен, Хамзин М, Адуов М, Құтжанова Айкен, Түсіпбекова Айгүл осы мектептің түлектері. Мектептің 90-жылдығы мерекеленіп отырғандықтан мектебіміздің сол кездегі ұлағатты ұстаздары мектептің ірге тасын қалаған Жұқанов Шаукей, Құтжанов Жұматай, Канапина Күлбибі, Қосылбеков Мақсұт, Медиев Кәрсенбай, Ахметов Ерғали, Күлейменов Жұмабек, Әбілдин Көшкінбай, Төлеуқұлов Марс ағаларымыздың мықты кәсіби біліктіліктері ерекше еді. Шарипова Рәш, Құрманова Жібек, Жұмабекова Гүлсім, Бәкішева Бағаш, Ілясова Нұрлығайын апайларымыздың оқушыларға деген мерейлері, өз пәндерін жетік біліп, оқушыларға жеткізудегі ерекше әдістері 1962 жылы мектеп табалдырығын аттаған жас ұстаздарға үлгі еді. Сол жылғы жас ұстаздар аға-апайларының жолын жалғастырған Абдырахманова Манап, Құтжанова Шолпан, Жұқанова Гүлшара, Аюпова Дәпуке, Кемелбекова Бәтима, Махмутова Гүлзейнеп, Бұрханова Дәрия, Жүнісбекова Алтын, Рахымжанова

Ақыл, Ғабдуллина Бақыт, Тұрмаханова Сырға, Оспанова Мәрзия, Рашидов Елеу, Макажанов Ибрагим ұстаздар мектептің ары қарай дамуына өз үлестерін қосты. Сол жылғы ұстаздардың бірі мен, 1969 жылы мектеп директорының оқу – тәрбие жұмысының орынбасары болып 1981 жылға дейін қызмет атқардым. Мектеп барлық конкурстық сайыстарда жүлделі орындарды иемденді. Осындай үлкен тарихы бар мектепке 1986 жылы директор болып тағайындалдым. Зейнетке шығып кеткен мектептің қос бәйтерегі, ұстаздардың ұстазы Жұқанов Шаукей, Құтжанов Жұматай ағаларым бұл мектепке директор болып тағайындалған алғашқы әйел адам өзіңсің, саған сенім артамыз, лайықтысың деп есептейміз, еңбегіне табыс тілейміз деп тілектерін білдірді. Мектептегі алғашқы жұмысымды мектептің техникалық базасын арттыруға бағытталған жұмыстардан бастадым. Облыстық білім бөліміне қатынастар жазып, химия, физика кабинеттеріне лабораториялық жұмыстар атқаруға мүмкіндік беретін приборларды әр үстелге жететіндей етіп алғызып, әр оқушы пайдалануға мүмкіндік алатындай етіп үстелдерге орналастырдым. Биология кабинетіне оқушы санына сәйкес микроскоп қойылды. Әр кабинет меңгерушілеріне сабақ процессінде пайдалануға қажетті техникалық құралдар толық алынды. Мектепте лингофон кабинеті ашылды. Директор мектептің барлық жұмыстарының ұйымдастырушысы, ұжым жұмысына басшылық жасаушы, дұрыс талап қойып, өзі қойған талабына сай білімді, кез келген

пән мұғалімінің сабағына қатысып, толық әділ пікір айтып, кемшілігі болса түзетуге, жетістігін бағалай білуге тиіс. Мен өзімді осы деңгейде жұмыс істедім деп есептеймін. Мен басқарған 13 жыл бойы мектеп жаңа оқу жылына дайындық, пән олимпиадаларында, конкурстық сайыстарда І- орыннан түскен жоқ. Жоғарыда өзіммен қызмет еткен кәсіби білікті, қоғамдық жұмыстарда белсенділік көрсеткен, мәдениетті, парасаттылығымен ерекшеленген ұстаздарды атап өттім. Өзіміздің мектебіміздің түлектері жоғарғы оқу орнын бітіріп келгеннен кейін өзім қабылдаған Бесжанов Ғабдолла, Қаңтарбеков Қазыкен, Ырысбеков Ербол, Тишмағанбетов Қайрат, Асылбеков Ойрат, Садибекова Алтын, Таженова Гүлбақша, Қызылова Гүлшат, Сыздықова Гүлнар, Мықышева Жұмагүл сияқты ұстаздар есімін мақтанышпен атауға тиістімін деп есептеймін. 1990 жылы аудандық білім бөлімінің басшысы Рахима Табарикова келесі жылы гимназия сыныбын ашыңыз деп ұсыныс жасады. Мен келесі жылы дайындық жасап 1992 жылы ашамын деп уәде бердім. 1991 жылы дайындықты бастадық. Алғашқы тәжірибе жинақтауды Алматы қаласындағы №12, №137 мектептен бастадық. Ол мектептердегі сабақтарға қатысып, бағдарламалармен танысуға рұқсат алу үшін республикалық оқу министрілігіне барып, мектептің барлық жетістіктерімен оқу тәрбие жұмысының жақсы нәтижелі екені көрсетілген облыстық білім бөлімінің жазған сұраныс құжатын көрсетіп, Шет ауданына тексеріспен келіп мектепте болған Құдасов Құрманғали деген азаматтың қолдауымен рұқсат алдық. №12 мектепте қазан айының 12-нен 20-на дейін, №137 мектепте 21- қазаннан 27-қазанға дейін болып, бастауыш сыныптардың бағдарламаларымен танысып, сабақтарға қатысып, керектерін түгел жазып алып, методикалық бірлестіктерге қатысып, керекті нұсқаулықтарды алып, қажетті оқулықтарды «дүкендерді аралап» тауып алып, мол тәжірибемен оралдым. Бұл материалдарды

бастауыш сыныптың мұғалімдеріне беріп, материалдармен танысуды өздерінің дайындалуын тапсырдым. 3 айдан кейін мұғалімдерді жинап пікірлесіп, оларға аздаған тапсырмалар, сұрақтар беріп, пікірлесе отырып бір гимназия сыныбын ашуға келісіп, ол сыныпты қабылдауға Жұқанова Гүлшара лайықты деп бекітілді. Рахима Табарикованың көмегімен Балқаш қаласындағы гимназия мектебіне тәжірибеден өтуге рұқсат алдық. 1991 жылы ақпан, наурыз, сәуір айларында Жұқанова Гүлшара әр айда бір аптадан бірінші гимназия сыныбының сабағына қатысып толық дайындықтан өтіп бағдарламаларын алып, оны өзіміздің балалардың дайындығына сәйкес өзгертіп, бағдарлама жасап, оны облыстық білім бөліміне тапсырып, бекіттіріп алып, 1992 жылы гимназия сыныбын ашуға рұқсат алдық. Арнайы құрылған комиссия логикалық ойлауды қажет ететін, ойын түрінде құрылған сұрақтар арқылы гимназия сыныбына 21 оқушы іріктеліп, алғашқы гимназия сыныбы ашылды. Балқаш қаласындағы гимназия мектебімен байланысымызды үзбей жоғарғы сыныптардың пәндер бойынша бағдарламаларын, қажетті оқулықтарды жинақтап отырдық. Гимназия сыныбының алғашқы түлектері мектепті 2003 жылы аяқтады. Мектеп түлектері ҰБТ сұрақтарынан жоғары бал жинап, бәрі жоғары оқу орындарына түсті. Мен 1998 жылы зейнеткерлікке шықтым. Менен кейінгі мектеп басшылары да, ұстаздар ұжымы да мектептің ары қарай дамуына, сапалы білім, саналы тәрбие беруге аянбай еңбек етті. Соның нәтижесінде қазір Ы. Алтынсарин атындағы мектеп гимназия базасындағы тірек мектебі болды. Соңғы жылдарда да мектеп оқушыларының пән олимпиадаларында өздерінің шығармашылық жұмыстарында жақсы орындарға ие болып мектептің мақтанышы болғандарына мен де қуаныштымын.



Майгелдинов Шайхслам Шәріпбекұлы

Ы.Алтынсарин атындағы мектеп гимназияға 2006 жылдың 2 ақпанында басшы болып тағайындалдым. Өте бір қиын кезең еді. Мектептің екі от қазандығының біреуі жұмыс істемей, екіншісінен су ағып мектеп суық болып оқушылар мен мұғалімдер сырт киіммен жүрген уақыт болды. Бірден білім бөлімімен хабарласып, екі апта ішінде қалпына келтірдік. Терезелердің ішкі шынылары жоқ екен, мұғалімдермен бірлесе целлофанмен қаптадық. Содан кейін ғана мектеп жұмысын дұрыс жолға қоюға мүмкіндік туды. Мектепте зейнеткер ұстаздар көп болды. Екі – үш жылдың ішінде осы зейнеткер жасындағы ұстаздардың орнына жас мамандарды қабылдадық. Ағылшын тілі, дене шынықтыру, бастауыш сыныптар, тарих және басқа пәндерге жас мамандар қабылданды. Жастар келсе іске дегендей мектеп жұмысы жаңа деңгейге көтерілді. Ауданымызда мектептер ішінде ең бірінші болып ресурстық орталық құрдық. Алты мектепті білім бөлімі бекітіп берді. Мектепте бұрын болмаған интерактивті тақталар алынды, жаңадан информатика кабинеті ашылды. 2007 жылы мектептің от қазандығының орнына тоқ қазандығы орнатылды. 2008

жылы күрделі жөндеуден өткізілді. 2008 жылы мектебіміздің оқушысы ауданымызда тұңғыш «Алтын белгі» алды. Бұл кейінгі алтын белгілерге жол ашты. Халықаралық ғылыми жоба жарысында оқушыларымыз жүлдеге ие болды. Олар Ермек Гүлдана, Қапасов Арыстан, Жолдыбаев Азамат. ҰБТ қорытындысы бойынша бірнеше рет бірінші орынға шықты. Бұл мектеп мұғалімдерінің еңбегі. Орынбасарларым болған Сыздыкова Г.Р., Мұстафина Г.Ы., Садиебекова А.М., Ахмет С.Н., Мұқажанова М.К. Мектептің оқу – тәрбие жұмысын нығайтуға көп үлес қосты. Жаңадан гимназия сыныптары ашылып, ресурстық орталықтағы мектептер саны 16-ға дейін көтерілді. 2-рет мектебімізде облыс әкімдерін қарсы алдық. Өзім басшы болған 11 жыл ішінде атқарылған жұмыстар көп оның бәрін атап өту мүмкін емес, әрине, ұжым мүшелерінсіз тәжірибелі мұғалімдерсіз жетістіктерге жету мүмкін емес. Сол кездегі жетістіктер сол кездегі мұғалімдердің жетістігі. Ы.Алтынсарин мектебі ауданымыздағы іргелі, келешекте алар асулары көп, ұжым мүшелері қалыптасқан қара шаңырақ. Биітен көріне берулеріңізге тілектеспін.





Бакаев Дат Бактығалиевич

Мен осы оқу орнын 2017-2018 оқу жылдары аралығында басқардым. Мен еңбек еткен аз уақыт ішінде мектептің дамуына өз үлесімді аз да болса қостым деп ойлаймын. 2017-2018 оқу жылында мектепте 62 мұғалім жұмыс атқарса білім алушылар саны 389 оқушыны құрады. Осы аралықта мектептің оқушылары мен мұғалімдері айтарлықтай жетістіктерге жетті. Атап айтсақ, облыстық «Үздік ресурстық орталық» конкурсының ІІ-дәрежелі дипломын жеңіп алды.

1-7 сынып оқушыларының арасында өтетін зерттеушілік және шығармашылық жобалардың «Зерде» республикалық байқауының облыстық кезеңінде 3 оқушы жеңімпаз атанды. Жалпы білім беретін пәндерден 4 бағыт бойынша халықаралық ғылыми жобалар байқауының облыстық кезеңінде 1 оқушы жеңімпаз, облыстық «Clever» пәндік олимпиадасына 4-6 сынып оқушылары қатысып, 5 оқушы жеңімпаз; жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының аудандық олимпиадасына 23 оқушы қатысып, 18 оқушы жеңімпаз атанды. Облыстық кезеңде 1 оқушы жеңімпаз атанды. Тағыда бір атап айтатын шара ол алғаш рет Тұңғыш Елбасы күніне орай тірек мектебі мен магниттік мектеп оқушылары арасында І Ресурстық орталықтың 8-9 сыныптар арасында аудандық пәндік олимпиаданың ұйымдастырылуы болды.

IQ Center — Интеллектуалды білім порталының ұйымдастыруымен өткен Республика оқушылары арасында өткізілген «Ұстазым-ұлағатым», «Математикадан олимпиада есептерін шығару тәсілдері» республикалық семинары, «Сарыарқа дарыны» ғылыми-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өтетін «Зияткер» марафоны, облыстық «Балалар мен жеткіншектер» сарайының ұйымдастыруымен өтетін «Жасыл ел» халықаралық форумы, «Эрудит» олимпиадасы, «ZІAT» ғылыми-әдістемелік орталығының т.б. ұйымдастыруымен өткізілетін іс-шараларға тұрақты түрде қатысу және марапатталу үрдісі орын алды.

Мектепте ұзақ жылдар еңбек еткен ұстаздардың ұрпақтарының демеушілік жасап Құтжанов Жұматай Құтжанұлы-ның атына математика дәрісханасы, Жотабаева Райза Жотабайқызының атына химия дәрісханасы, Рашитов Елеу Қымызбайұлының атына тарих дәрісханасы ашылып, жаңартылған білім мазмұнына сай күрделі жөндеуден өткізіп, педагогикалық ұжым мен оқушылардың алғысына бөленді.

Аудан орталығының ордалы білім ортасына айналған қара шаңырақ Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназия ұжымын 90 жылдық мерей тойымен құттықтап, елдің ертеңіне жол ашатын тұлғаларды тәрбиелеу жолындағы еңбектеріңіз жана берсін деймін.



Сыздыкова Гульнар Райымкуловна

Кемел келешек, айқын мақсат, ортақ мүдде, тынымсыз еңбек. Бұл – бірлігі жарасқан тәуелсіз Қазақ елінің берік ұстанымдары. Ұстаздар қауымының жұмысындағы басымдықтардың бірі – Отанымыздағы білім саласына өзіміздің үлесімізді қосу, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ауданымыздың алғаш іргетасы қаланған уақыттан бастап, заманымен бірге жасасып келе жатқан байырғы білім ордасы, білімнің қарашаңырағы Ы. Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясы базасындағы тірек мектебі мерейлі мерекесін атағалы отыр.

90 жылдық тарихы бар білім ордасының бүгінгі мен өткеніне ой жүгіртсек.

Аудан құрылған 1928 жылы білім ошағы бастауыш мектеп негізінде құрылды. Мектеп Құмжондағы Сәтбақов Қожан деген кісінің қоржын үйіне орналастырылды. Мектептің алғашқы ұстазы Тұңғышбек Дәлмағанбетов есімді өз заманының білімді азаматы еді. Мектептің алғашқы мұғалімі 1928-1930 жылдар аралығында ауылдың балаларының сауатын ашып, дәріс береді.

1931-1932 оқу жылында мектеп жеті жылдық болып аудан орталығына ауыстырылды. «Үлгілі қазақ мектебі» деп аталған білім ошағының алғашқы мектеп меңгерушісі Ахмет Әбдірахимов болды. Осы жылдары Хамза Малыбаев, Жүсіп Алтайбаев, Ахатай Қожабаев, Хасен Сәрінжіпов сынды мұғалімдер еңбек етіп, ауыл балаларына негізгі пәндерден сабақ берді.

Сол бір дүрбелеңі ұлғайған алмағайып заманда ел ішінде жетім, панасыз балалар саны көбейген еді. Сол жылдары осындай панасыз 30 балаға мектеп жанынан

интернат үйі ашылды. Ауыл балаларын оқыту үшін мектеп жас толқын, арнайы білімдері бар мұғалімдермен толыға бастады. Олар: Тұяқов Мұхамедия, Жексенбин Қожабек, Жүсіп Алтайбаев, Әкпар Сатбақов, Нұрбек Бөкеев, Александр Беккер, Смағұл, Мұқаев Мұса, Байыров Мұрат, Тоқтарбеков Айса, Әскенов Рымқұл. Орталау мектепте алғашқы пионер ұйымы құрылып, Ильяс Нұрахметов оқи жүріп-ақ осы ұйымның пионер вожатыйы болған. Вожатыйлардың оқуын алғаш Хасен Есмағанбетов оқып, мектептің пионер вожатыйы атанады.

Әр жылдардағы мектеп меңгерушілері болып Әкпар Сапақов (1934-1935), Сәрсен Түсіпбаев (1935 – 1937) жұмыс істеді.

1937 жылы Ахмет Әбдірахимов, Жексенбин Қожабек, Әскенов Рымқұл атты ұстаздар «Халық жауы» атанып, ұсталып кете барады. 1938–1940 жылдары мектеп директоры болып Хасен Сәрінжіпов тағайындалды.

Араға он жыл салып мектепке 1938 жылы қазақ даласының данышпаны, дала жұлдызы, ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсариннің есімі беріліп, «Ыбырай Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебі» атанып, аудан балаларының білім ордасына айналды.

Уақыт өтіп жатты, сол алдыға жылжыған уақытпен бірге қазақ елі жаңарып, жаңашылдықтардың, бастамашылықтардың, жағымды өзгерістердің куәгері болды. Мектеп те заман ағысынан қалыспай шәкірттерді білім нәрімен сусындатып, өнегелі тәрбие, үлгілі тағылым берді. 90 жылдың ішінде білім ордасы көкжиегін

кеңейтіп, мәртебесін биіктете берді. Мектеп енді бұдан былай мектеп-гимназия базасындағы тірек мектебі- Ресурстық орталық деген статусқа ие болды. Тарихи деректерді зерделей отырып, мектептің даму жолына тоқталсақ:

- 1948 жылы- алғашқы орта мектеп түлектерін ұшырған.

- 1963 жылы - Жаңа типтегі мектеп салынды.

- 1980 жылы - Ауданның «Үздік мектебі» атағына ие болды.

- 1985 жылы – Аудандағы «Сенімді мектеп» дәрежесіне ие болды.

- 1992 жылы - Алғашқы гимназиялық сыныптар ашылды.

- 2000 жылы – МББМБА және ҚД базалық мектебі.

- 2002 жылы - Ы.Алтынсарин атындағы мектеп -эксперименттік алаңы.

- 2003 жылы - Гимназияның алғашқы түлектері ұшырылды.

- 2004 жылы – ҚР Білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы қазақ білім академиясының базалық мекемесі.

- 2005 жылы – «Мектеп – гимназия» статусы берілді.

- 2006 жылы - Құрамында 3 магниттік мектебі бар Ресурстық орталық болса, бүгінгі күнде 8 магниттік мектеп.

- 2007 жылдан бері осы уақытқа дейін ауданның оқу-тәрбие саласындағы мектептер рейтингінде «Жаңашылдар шеберханасы», «Сапалы білім ордасы» атанса, өткен оқу жылында бас жүлде, яғни, «Табысты ұйым» номинациясын иеленді.

2009–2010 жылы ҚР Жазушылар одағының басқарма мүшесі, С.Сейфуллин атындағы халықаралық сыйлықтың иегері Кәмел Жүністегі атындағы қазақ тілі мен әдебиеті дәрісханасы ашылды.

2017-2018 оқу жылында Жұматай Құтжанов атындағы математика, Райза Жотабаева атындағы химия, Елеу Рашитов атындағы тарих дәрісханалары ашылды.

Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – басшы. Басшы – ұжымға өмірлік азық боларлық пайдалы

білім мен жанына ізгіліктің нәрін себуші, жақсы мен жаманды үйретіп, адамгершілік қасиеттерді сіңіруші, ең жақын жанашыры әрі ақылшысы. Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі қоғамды ертең алға сүйрейтін озық ойлы адам және жаңашыл педагог мамандарды тәрбиелеуші. Осы уақытқа дейін мектеп директорларының әрқайсысы өз дәуірінің сұранысы мен талап деңгейінде ұжымды басқарып, өздерінің білімділіктері мен біліктіліктерімен замандастарының, әріптестерінің және шәкірттерінің есінде жатталып қалды.

Мектепті дамытудың 90 жылдығы – мектеп мұғалімдерінің білім беру тәжірибесінде жаңа жолдарды іздестіру, жаңарту, қарқындап алға жылжу тарихы. Бұл құнды тәжірибе, еңбекпен жинақталған бедел, сенімді серіктестер және көптеген іске асырылған жобалар. Осы жылдарда атқарылған жұмыстар, жеткен жетістіктер де аз емес. Олардың әрқайсысында өздерінің кәсіби біліктіліктерін, білімі мен дағдыларын жұмсай білген ұстаздар тұр. Мектептің алғашқы құрылғанынан бастап, тіпті бертін келе де мектеп ғимараты әр түрлі жағдайда болды. Сол заманның ұстаздары, біздің алдыңғы толқын аталарымыз бен апаларымыз ұстаздық қызметінде шәкірт алдына келіп дәріс берумен шектелмеді. Толарсақтан саз кешіп мектептің іргетасын өз қолдарымен қалады-кірпіш құйды, саз-балшық иледі, құрылыс жұмыстарының басы-қасында болды, уақытпен санаспады. Сол алдыңғы буын аталарымыздың бойындағы ерік-жігер, патриоттық сезім, туған жер мен Отанға деген сүйіспеншілік, өз мамандығына деген адалдық мектептің даму жолын айқындап берді. Зейнеткер ұстаздардың естеліктерінен айта кетсем: «1960 жылдары ауыл адамдарын қуандырған жаңалық жаңа мектеп құрылысының басталуы еді. Сол кездегі мектебіміздің ұлағатты ұстаздары мектептің іргетасын қалаған Жұқанов Шәукей, Құтжанов Жұматай, Қосылбеков Мақсұт, Медиев Кәрсенбай, Ахметов Ерғали, Күлейменов Жұмабек, Әбілдин Көшкінбай,



Тәженов Іскендір, Шарипова Рәш, Қанапина Күлбибі, Ілиясова Нұрлығайым, Құрманова Жібек, Абиатаев Іген, Мақажанов Ібрагим, Нашарбекова Бағыш, Тәжібаева Үмия, Зейнешова Сәуле, Мұхамбетжанова Күләнда, Сембаева Рая, Біләлова Мағжан, Сатыбалдина Рақия, Құрманова Жібек, Түсіпбекова Шамшия, Мақажанова Сәбира, Нұртазина Рымкеш, Жотабаева Райза, Рашитов Елеу, Әбдрахманова Манап, Беркімбаева Гүлбарам, Анарбекова Мәкила, Смағұлов Ібрагим, Махмұтова Гүлзейнеп, Жүнісбекова Алтын, Мұқажанова Мәкен, Сәлменова Салима, Кемелбекова Бәтима, Аюпова Дәпуке, Рақымжанова Күлтай, Тұрмаханова Сырға, Мақажанова Сәбира, Дүйсенбаева Райхан, Қамытбаева Нәзила, Жолшоринова Тлеутай, Нұржаубаева Жайқоңыр, Есенова Қәдишала. Уақыттың алға жылжуы заңды құбылыс десек, мектептің мұғалімдері де жылдар өткен сайын жаңа педагогикалық кадрлармен толығып отырды. Сол мұғалімдер қатарында Бұрқанова Дәрия, Ғабдуллина Бақыт, Жұқанова Гүлшара, Құтжанова Шолпан, Қасқатаева Банукеш, Оспанова Марзия, Кенжина Галя, Смагулова Сәуле, Тлекина Үмітжан, Смаилова Сәуле, Омарова Шолпан, Серікова Кларалар мектеп өміріне етене араласып, балаларды білім нәрімен сусындатты. 1980–1984 жылдары Зейнолла Игіліков, Төлен Мусин, Зәрубай Сүйіндіков, Сәулебай Жүнісов, Сәкен Шөменбаев, М.Алтынбеков мектепте мұғалім болды.

1990 жылдардағы жас толқын мұғалімдер қатарында Алма Серикова, Қуанышкүл Сүлейменова, Зәмзәгүл Шәтекова, Гүлнар Әшкербекова, Гүлбақша Тәженова, Гүлшат Қызылова, Әбілдина Нұргүл, Ғабдолла Беспәев, Әбілқайыр Жакупов, Қарибеков Аян, Қайрат Тишмағанбетов, Есмағанбетов Дәулет, Қарибекова Сауле, Телпекбаева Сандуғаш, Тілегенова Жанат сынды жаңалыққа жандары құмар, жаңашыл, белсенді, алдыңғы қатарлы белсенді ұстаздар болды».

«Ұстаздық-ұлық емес, ұлы қызмет» ұстанымына берік үлгілі өмірлері кейінгі ұрпаққа өнеге тұлғалардан бастау алған

мектеп әрқашан білім бұлағының басында тұрған ірі тұлғаларын дәріптейді, жас ұрпақ санасына сіңіреді, осы жолда жүйелі жұмыс жүргізеді. Ғасырдан артық ғұмыр кешкен Жұқанов Шәукей және Құтжанов Жұматай ұстаздардың ғибратты да өнегелі өмір жолдары ұмытылмайды.

Әр оқу жылында мектеп жас мамандармен толығып отырды. Бұл мақалада қазір еңбек етіп отырған мұғалімдерді атамаған себебім - олар бүгінгі күннің білім саласының басты кейіпкерлері, ата-ана, шәкірттерінің арасында, біздің ортамызда.

Мектеп ұясынан қанат қақтырған түлектерімен, тәлім мен тәрбие берген шәкіртімен мақтанады. Түлектеріміздің дарабоздары академик Ж.Ақылбаев, мемлекет және қоғам қайраткері К.Медиев үнемі мектепте өздерінің ұстаздарымен кездесу өткізіп, өздерінің алғыстары мен құрметтерін көрсетіп отыратын. Мектеп қана емес, ұлт мақтаныштарына айналған тұлға есімдері әрқашан жарқырап кейінгі ұрпаққа жарық сәуледей шуағын шаша береді.

Осы жылдар ішінде мектеп қабырғасынан қаншама шәкірт үлкен өмірге жолдама алып, қоғамнан өз орындарын тауып, еліміздің дамуы мен өркендеуі жолына өз үлестерін қосуда. Олардың ішінде барлық мамандық иелері бар десем қателеспеймін. Барлық шәкірт ұстаздарына ыстық, әрқайсының орны ерекше.

Олардың арасында ғалым, жазушы, заң қызметкері, сот, ақын, суретші, дәрігер, мемлекеттік қызметкер, әнші, жеке кәсіпкер, дәрігер, ауыл шаруашылығы маманы да бар. Көптеген түлектеріміз шетелден оқып келді, қазір де оқуда. Олардың бәрін жазу мүмкіндігі болмай отыр. Біз ғана емес Республика көлемінде танымал, мақтаулы тұлғалар да бар. Олардың есімдері, үлгілі жолдары жас ұрпақтың жадында сақталуын, солардан жақсылыққа үйрету мақсатында, Рухани жаңғыру барысында іс-шаралар жалғасын таба бермек.

Мереке шеңберінде әр жылғы түлектер

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТАРИХЫНАН

туралы ақпараттар жинақталуда. Түлектер туралы альбом жасалуда. Соған түлектер өздері, сыныптары туралы естелік қалдыруларына болады. Мерекелік сайт ашылды. Содан осы мақалада қамтылмаған біраз ақпараттарды ала аласыздар деген ойдамын.

Қадірлі ардагер, зейнеткер ұстаздар, мұғалімдер, мектеп түлектері, шәкірттер, баршаңызды мектебіміздің мерейлі мерекесімен құттықтаймын!

Күндер сырғып, жылдар жылжып өтіп жатқанмен, білім нәрімен сусындатып, адам жанын қайырымдылыққа тәрбиелейтін, өмірлік азық жинап-қуат алатын, болашаққа сеніммен қарауға үйретіп, қиын да қарбаласы мол дүниенің барлық қырсырын үйрететін қымбатты да, сүйікті Алтын Ұя мектеп әрбір азаматтың жадынан еш уақытта өшпейді! Руханият ошағы, білім бастауы, балалық шақтың бақыт мекені ғасырдан ғасырға жасай берсін!

***Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясы базасындағы тірек мектебінің
12.02.2019-30.08.2020 жылдар аралығындағы директоры Г.Р. Сыздыкова***





Сергеева Ирина Петровна

учитель русского языка и литературы
КГУ «Школа-лицей № 28»

Награды:

Медаль «Ы. Алтынсарин», 2020 г.
Нагрудный знак «Почетный педагог г. Нур-Султан», 2020 г.
«Лучший педагог -2020», 1-место
Благодарность МОН РК, 2020
Благодарность МОН РК, 2019
Благодарность Акима г.Нур-Султан, 2020
Благодарность ЦМО, 2021
Почетная грамота МОН РК, 2021

Мы живем в эпоху быстро развивающихся информационных технологий. И современному учителю выпадает роль навигатора, модератора, организатора информационного пространства урока новой формации. В педагогической копилке Сергеевой И.П. огромное количество методических приемов, стратегий, активных методов обучения.

Работа в парах, группах, инструменты взаимно и самооценивания, различные приемы работы на уроке, рефлексия, создание кластеров, ментальных карт помогают реализоваться ученикам, стать успешными. Большую помощь в достижении высоких результатов оказывают информационно коммуникативные технологии. Большой интерес у учащихся вызывает создание буктрейлеров к произведениям, проектов о жизни и творчестве писателей и поэтов. Это способствует повышению предметных знаний и развивает ИКТ навыки. Учитель, используя средства рисования, галерею и инструменты интерактивной доски, моделирует с учениками эскизы костюмов главных героев литературных произведений. Работая над произведением, учащиеся примеряют на себе роль режиссера, костюмера, декоратора, гримёра. Создав атмосферу и дух театральной обстановки, демонстрируют свои декорации к драматическому произведению.

При формировании групп учитель использует различные приёмы деления: пазлы, цветные ленточки, разрезные картинки, счёт и другое. Приемы работы учителя:

- вместе с учащимися составляются критерии к заданиям, при оценивании применяются цветные карточки и стикеры, веер успеха, волшебная линейка или линейка достижений, листы самооценивания и многое другое;

- организуются совместные внеклассные мероприятия с родителями и детьми, что помогает построить тесные доверительные отношения;

- развитие способности учащихся, формирование интереса к изучению русского языка и литературы, приобщение к культуре и искусству. Посещение театров, встречи с писателями и композиторами, участие в поэтических баттлах, поездки на международные конкурсы.

Каждый педагог должен постоянно совершенствовать свои профессиональные качества, развиваться и открывать в себе новые источники энергии, чтобы зажечь и заинтересовать учеников. Ни перемены, ни реформы, ни сложные ситуации в стране не смогут изменить отношение учителя к своей профессии. О Сергеевой И.П. можно сказать, что она не ошиблась в выборе профессии. Она – Педагог.



Нұрбаева Фанида Мұқатайқызы

Фанида Мұқатайқызы Нұрбаева Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің «Музыкалық педагогика» факультетінің түлегі. Оқу орынын қызыл дипломмен тамамдаған соң, алғашқы еңбек жолын Семей қаласында мектепте «Музыка» пәні мұғалімі болудан бастап, одан кейін Семей педагогикалық институтына қызметке келеді. Еңбек жолында «Музыкалық білім» кафедрасының меңгерушісі, одан ары факультет деканының орынбасары қызметтерін атқарған.

25 жылдан аса студенттерге музыкалық тәрбие беру әдістемесінен дәріс беріп, жүздеген «Музыка» пәні мұғалімдерін даярлауда үлкен үлесін қосқан ұлағатты ұстаз-доцент, көптеген ғылыми мақалалары газет-журнал беттерінен жарыққа шыққан. Институттың студенттерге арналған мерекелік және мәдени іс-шараларын ұйымдастыру бағытында да атқарған еңбегі зор.

Еңбек еткен жылдарында «Ы. Алтынсарин атындағы», «Ерен еңбегі үшін», ҚР тәуелсіздігінің 20 жылдық төсбелгілерімен марапатталған.

2014 жылы зейнетке шығып, Елордаға отбасы жағдайына байланысты қоныс аударған Фанида Мұқатайқызы еңбек жолының жаңа қырына қадам басады.

2017 жылдан бастап «Есіл толқындары» ардагерлер ансамблінің көркемдік жетекшісі, әрі хормейстері. Ансамбль репертуарына аса талғампаздықпен қазақтың халық әндері, классикалық әндер және қазақ операларынан ариялар кеңінен орын алған.

Бүгінде Фанида Мұқатайқызының ізденімпаздығының және кәсіби жоғары деңгейде дайындауының нәтижесінде «Есіл толқындары» ансамблі халықаралық, республикалық байқаулардың жеңімпазы. Ансамбль ұжымында зейнеткерлікке шығып, заман ағымынан қалыспай өнер жолында өздерін шыңдап келе жатқан ұстаздар қатары да баршылық.

«Есіл толқындарының» өнерпаздары Нұр-Сұлтан қаласындағы түрлі мәдени іс-шараларға белсене атсалысып, өнерге деген құштарлықтарын көпшілікке паш етіп келеді.



1	Жиентаева Б.Ж.	п.ғ.к., доцент Тұран-Астана университеті, Нұр-Сұлтан қ-сы
2	Иргебаева Н.М.	п.ғ.к., доцент Тұран-Астана университеті, Нұр-Сұлтан қ-сы
3	Мазбаев Орденбек Блесбекулы	Доктор географических наук, профессор кафедры физической и экономической географии ЕНУ имени Л.Н. Гумилева
4	Базарғалиева Жанна Шаймерденовна	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы №51 гимназия, қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
5	Шаханова Нұрбике Тұрғынбайқызы	Павлодар қаласы №19 жалпы орта білім беру мектебі Бастауыш сынып мұғалімі
6	Мұқашева Ғайша Әбдығалиқызы	Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
7	Ракижанова Айгуль Жакановна	Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
8	Аубакирова Алтынгүл Кенжеғарақызы	«Дарынды қыз балаларға арналған «Білшім-Инновация» лицей-интернаты» КММ, педагог-шебер, ғылым магистрі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
9	Багланова Роза	Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің магистранты, Алматы қаласы, Қазақстан
10	Сағалиева Жанар Каукербековна	Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Орта білім беру орталығының жетекші ғылыми қызметкері
11	Демеев Арман	Казахский национальный педагогический университет им. Абая.
12	Аукенова Гульбану Ибраимжановна	Алматы қаласы «Мүсілім Базарбаев атындағы №138 гимназия» КММ, география пәнінің мұғалімі
13	Бекмадиева Айша Айтжановна	Нұр-Сұлтан қаласы 72 мектеп-лицейі, география пәнінің мұғалімі
14	Сатпаева Венера Касымовна	заместитель директора базовой ШЛ №59 по реализации программы НДО г.Нур-Султан
15	Камзинова Г.О.	КГУ СШ имени М. Маметовой с ДМЦ, село Шымыр
16	Хуснудинова Наталья Владимировна	педагог дополнительного образования Дворца школьников имени Махамбета Утемисова города Нур-Султан
17	Резаева Ксения Александровна	Дворец школьников им. Махамбета Утемисова г. Нур-Султан
18	Зубкова Анна Петровна.	Дворец школьников им.М.Утемисова г.Нур-Султан
19	Баубекова Гульзамира Джураевна	профессор Университета «Туран-Астана», доктор педагогических наук
20	Елубаева Гульмира	магистрант университета «Туран-Астана»
21	Қайыпбаева Айгүл Тоқтарбайқызы	Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясының ғылыми қызметкер
22	Архыматаева Айнұр Жақсылыққызы	Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясының аға ғылыми қызметкері, философия докторы PhD

1. Материалдар электронды түрде жіберіледі: мәтін редакторы MS WORD, жол аралығы бір интервал, парақтың шеті: сол жағы - 30 мм., оң жағы – 15 мм., үсті және асты – 20 мм.

2. **Мақаланың көлемі** (кестелер, әдебиет тізімін, суреттерді, суреттердің жазбаларын қосқанда) 4 беттен кем болмауы және 10 беттен аспауы тиіс.

3. Суреттер көлемі мақаланың 1/4 көлемінен аспауы тиіс.

4. Мақала міндетті түрде келесі ережелерге сәйкес ресімделуі керек:

- әмбебап ондық жіктеме кестесі бойынша **ӘОЖ**;

- **мақала атауы** мақаланың мазмұнын нақты ашуы тиіс; техникалық параметрлері: кегль – 14-пункт, қаріп түрі – Times New Roman бас әріппен, қою шрифтмен, азат жол ортаға дәл келтіріледі;

- автор(лар)дың аты-жөн(дер)і, сондай-ақ мекемелердің толық атауы келесі техникалық параметрлерге сәйкес келуі керек: кегль – 14-пункт, қаріп түрі – Arial, азат жол ортаға дәл келтірілуі тиіс;

- **аңдатпа** кіріспе сөздерді қамтымай, тек мақаланың негізгі ақпаратын қамтиды, көлемі 15 қатардан аспауы керек, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде келесі параметрлерге сәйкес жазылады: кегль – 12-пункт, (қазақ тілі үшін) – KZ Times New Roman, (орыс, ағылшын тілдері үшін) – Times New Roman, оң жақ-сол жақ шеті – 1 см., жол аралығы – бір интервал;

- **түйін сөздер** (5 сөзден кем емес) қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде;

- мақала мәтіні: кегль – 14-пункт, қазақ тіліндегі мақалалар үшін – KZ Times New Roman, жол аралығы – бір жарым интервал;

- мақала кіріспеден басталады, онда тақырыптың өзектілігі қысқа, ықшам әрі нақты көрсетіледі, ғылымилығы (міндеттері) тұжырымдалады;

- мақала негізі ойды тұжырымдалап, онда кіріспеден қозғалған мәселеге нақты жауап берумен аяқталады;

- сілтемелер тік жақшамен беріледі; пайдаланылған әдебиеттер тізімінің болуы міндетті; жұмыстардың тізбесі оларды мәтінде көрсету тәртібімен ұсынылады;

- мәтіндегі кестелер сілтемелерден соң орналастырылады, мәтінде оларды ескеру тәртібімен нөмірленеді, әр кестенің өз тақырыбы, атауы болуы тиіс. Диаграммалар мен графиктер кестені қайталамауы тиіс. Кестелердегі материалдар мәтінге қосымша мәліметсіз түсінікті болуы тиіс, кестеде пайдаланған барлық қысқартулар кестенің астында орналастырылады.

- суреттер TIFF (*.TIF) немесе JPG форматында (Word-қа орналастырудың қажеті жоқ) жеке файлмен ұсынылады. Әр суреттің мәтінде бір сілтемесі болуы тиіс, суреттер реттік нөмірмен белгіленеді, суреттердің астындағы жазбалары толық ақпаратты қамтуы тиіс;

- қысқартулардың тек жалпы қабылданған нұсқаларына ғана рұқсат етіледі – өлшемдердің, физикалық, химиялық және математикалық шамалар мен терминдердің және т.б. атауларына рұқсат етіледі;

- математикалық формулалар Microsoft Equation ретінде терілуі тиіс (әр формула – бір объект).

5. Редакция мақалаға әдеби және стилистикалық өңдеу жүргізбейді. Қолжазба авторларға қайтарылмайды.

Талапқа сәйкес ресімделмеген мақалалар журнал бетіне жарияланбайды.

6. Мақала қолжазбасын және электронды нұсқасын келесі мекенжай бойынша жолдауларыңызға болады: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік ел к-сі, 8, «Алтын орда» БО, 15-қабат. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.

7. Байланыс

Тел: 8 (7172) 57-63-53

E-mail: nao12@list.ru // жазылу индексі 75382

8. Автор туралы мәліметтер бөлек бетте (қағазда және электронды нұсқада) жазылады:

- ТАӘ, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, жұмыс орны (журналдың «Біздің авторлар» бөлімінде жариялау үшін) толық берілуі тиіс;

- пошталық мекенжайы, қызметтік және үй телефондарының нөмірлері, E-mail (редакцияның авторлармен байланысуы үшін, электронды мекенжай журналға жарияланбайды) толық көрсетілуі керек;

- мақала атауы және автор(лар)дың аты-жөн(дер)і қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылуы тиіс («Мазмұны» үшін).

Реквизиттер: РНН 600900611860, ИИК KZ826010111000202462, БИН 080940006848, КБЕ 16, БИК HSBKKZKX,

КНП 859, «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ.

1. Материалы представляются в электронном виде: текстовый редактор MS WORD, с одинарным межстрочным интервалом, поля: левое – 30 мм, правое – 15 мм, верхнее – 20 мм, нижнее – 20 мм.

2. Объем рукописи (включая таблицы, список литературы, подписи к рисункам, рисунки) не менее 4 страниц, не больше 10 страниц.

3. Объем рисунков не должен превышать 1/4 объема статьи.

4. Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими правилами:

– УДК по таблицам универсальной десятичной классификации;

– заглавие статьи должно точно отражать ее содержание; технические параметры: кегль – 14 пунктов, гарнитура – Times New Roman, заглавные, жирные, абзац центrovанный; – инициалы и фамилия (-и) автора(-ов), а также полное название организации образования должны соответствовать следующим техническим параметрам: кегль – 14 пунктов, гарнитура – Arial, абзац центrovанный;

– аннотация должна быть лишена вводных фраз, содержать только главную информацию из статьи, объем не должен превышать 15 строк,

выполняться на казахском, русском и английском языках по следующим параметрам: кегль – 12 пунктов, гарнитура – Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка), курсив, отступ слева-справа – 1 см, межстрочный интервал – одинарный;

– ключевые слова (не менее 5 слов) на казахском, русском и английском языках;

– текст статьи: кегль – 14 пунктов, гарнитура – Times New Roman, межстрочный интервал – полуторный;

– статья начинается с введения, в котором очень кратко, лаконично отражается обоснование актуальности темы, формулировка научной проблемы (задачи);

– статья завершается формулировкой основного вывода, который должен содержать конкретный ответ на вопрос, поставленный во введении;

– сноски на литературу оформляются в квадратных скобках; наличие списка литературы обязательно; список работ представляется в порядке упоминания их в тексте;

– таблицы помещаются после ссылки в тексте, нумеруются в порядке упоминания их в тексте, каждая таблица имеет свой заголовок. Диаграммы и графики не должны дублировать таблицы. Материал таблиц должен быть понятен без дополнительного обращения к тексту. Все сокращения, использованные в таблице, должны быть пояснены в Примечании, расположенном под ней;

– рисунки (только черно-белые) представляются отдельными файлами с расширением TIFF (*.TIF) или JPG (не встраивать в Word). На каждый рисунок должна быть одна ссылка в тексте, нумерация у рисунков – сквозная, подписи к рисункам должны содержать достаточно полную информацию;

– сокращения разрешаются применять только общепринятые – названия мер, физических, химических и математических величин и терминов и т. п.;

– математические формулы должны быть набраны как Microsoft Equation (каждая формула – один объект).

5. Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Рукописи не возвращаются.

Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются.

6. Рукопись и электронный вариант с материалами следует направлять по адресу: 010000, Республика Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Мәңгілік ел, 8, БЦ «Алтын орда», 15-й этаж. Национальная академия образования им.

И. Алтынсарина.

7. Контакты:

Тел. (8 7172) 57-63-53

E-mail: nao12@list.ru // подписной индекс 75382

8. На отдельной странице (в бумажном и электронном варианте) приводятся сведения об авторе:

– Ф.И.О. полностью, ученая степень и ученое звание, место работы (для публикации в разделе «Наши авторы»);

– полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, E-mail (для связи редакции с авторами; не публикуются);

– название статьи и фамилия (-и) автора (-ов) на казахском, русском и английском языках (для включения в «Содержание»).

Реквизиты: РНН 600900611860, ИИК KZ826010111000202462, БИН 080940006848, КБЕ 16, БИК HSBKKZKX,

КНП 859, АО «Народный Банк Казахстана».

Журналдың құрылтайшысы:

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
«Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық
білім академиясы» РМҚК.
Журнал 2000 жылдың
мамырынан шыға бастады.
Басылым 3 айда бір рет шығады.
Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде есепке қойылды
(2009 жылғы 16 қаңтарда Бұқаралық
ақпарат құралын есепке қою туралы
№9839-ж куәлік).

**Құрметті оқырмандар
мен авторлар!**

Журналда жарияланған
материалдар редакцияның
көзқарасын білдірмейді.
Фактілер мен мәліметтердің
анықтығына, сондай-ақ
стилистикалық қателерге
авторлар жауапты.
Журналға шыққан материалдарды
редакцияның келісімінсіз
көшіріп басуға болмайды.

Мекенжайы:

010000, Нұр-Сұлтан қ.,
Мәңгілік Ел даңғ., 8
«Алтын Орда» БО, офис-1500.
тел.: 8 (7172) 72-58-79
E-mail: nao12@list.ru

Басуға 06.11.2021 ж. қол қойылды.
ш.б.т. - 5,6. RISO басылым.
Таралымы - 209 дана.
Ы. Алтынсарин атындағы
ҰБА-ның дизайн және
полиграфиялық қызмет бөлімінде
басылып шығарылды

Учредитель журнала:

РГКП «Национальная
академия образования
им. И. Алтынсарина»
Министерства образования и науки
Республики Казахстан.
Журнал издается с мая 2000 года. Перио-
дичность 1 раз в 3 месяца.
Журнал поставлен на учет
в Министерстве культуры и информа-
ции РК (свидетельство о постановке на
учет средства массовой информации №
9839-ж
от 16.01.2009 г.).

**Уважаемые читатели
и авторы!**

Опубликованные в журнале
материалы не отражают точку
зрения редакции.
Ответственность за достоверность
фактов и сведений в публикациях,
а также за стилистические ошибки
несут авторы.
Перепечатка материалов,
опубликованных в журнале,
допускается только с согласия
редакции.

Наш адрес:

010000, г. Нур-Султан,
пр. Мангилик Ел, 8,
БЦ «Алтын Орда», офис 1500.
тел.: 8 (7172) 72-58-79
E-mail: nao12@list.ru

Подписано в печать 06.11.2021 г.
усл.печ.л. - 5,6. Печать RISO.
Тираж - 209 экз.
Отпечатано
в отделе дизайна и
полиграфических услуг
НАО им. И. Алтынсарина